




TURAN
UNIVERSITY

Жазушы, журналист
Сара Мыңжасарова - 100

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ МАССМЕДИАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

атты республикалық ғылыми-
тәжірибелік дөңгелек үстел
МАТЕРИАЛДАРЫ

4 желтоқсан 2024 ж.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Тұран» университеті

Медиа және мәдениетаралық коммуникация жоғары мектебі

**Жазушы, журналист Сара Мыңжасарованың
100 жылдығына арналған**

**«БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ
ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ
МАССМЕДИАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**Республикалық ғылыми-тәжірибелік
дөңгелек үстел
МАТЕРИАЛДАРЫ**

4 желтоқсан, 2024 жыл

Алматы, 2024

ӘОК 37.0(069)
КБК 74.00
Ж 92

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Тұран» университеті Медиа және мәдениетаралық коммуникация
жоғары мектебі баспаға ұсынған

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

Бузелло Анна Сергеевна, «Медиа және мәдениетаралық коммуникация
жоғары мектебінің директоры, профессор.

Шиндалиева Менликул Бурханқызы, Медиа және мәдениетаралық
коммуникация жоғары мектебінің профессор-зерттеушісі.

Құрманбаева Алма Әлиқызы, Медиа және мәдениетаралық
коммуникация жоғары мектебі директорының орынбасары, қауымдастырылған
профессор.

Алдабергенқызы Ляйля, Медиа және мәдениетаралық коммуникация
жоғары мектебі директорының орынбасары, сениор-лектор.

Редакция алқасы:

*А.С.Бузелло, М.Б.Шиндалиева, А.Ә.Құрманбаева, Л.Алдабергенқызы
(Жауапты редакторлар),*

М.Б. Шиндалиева, А.А.Құрманбаева (Жауапты шығарушы, құрастырушы).

Ж 92 Жазушы, журналист Сара Мыңжасарованың 100 жылдығына
арналған «Білім және ғылымның ықпалдастығы және қазіргі массмедианың
өзекті мәселелері». Республикалық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел
материалдары. - Алматы: «Тұран» университеті, 2024. – 147 б.

ISBN 978-601-7838-28-7

Бұл жинақта 2024 жылдың 4 желтоқсанда Алматы қаласындағы «Тұран» университетінде өткен жазушы, журналист Сара Мыңжасарованың 100 жылдығына арналған «Білім және ғылымның ықпалдастығы және қазіргі массмедианың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел материалдары жарияланған. С.Мыңжасарованың 100 жылдығына орай жазылған бір топ мақалалар жинаққа қосылып отыр. Сондай-ақ қазіргі әдебиет, білім, ғылым ықпалдастығы мен қазіргі массмедианың өзекті мәселелері, қазақстандық медиа кеңістіктегі заманауи бағдарлар, қазіргі ғылымдағы жаңа үрдістер туралы тұшымды ақпараттар, соны ғылыми тұжырымдар жарық көрген.

Жинақ студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, журналист қауымына, жалпы көпшілік оқырманға арналған.

ӘОК 37.0(069)
КБК 74.00

ISBN 978-601-7838-28-7

©«Тұран» университеті, 2024

АЛҒЫ СӨЗ

**Разакова Дина Ибрагимқызы,
«Тұран» университетінің Стратегиялық даму,
ғылым және инновация проректоры**

**Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар,
әріптестер, білім алушылар!**

Ел Президенті Қ.К. Тоқаев: «Елдің бұл белесіне мерейтой емес, тарихи оқиға ретінде қарау керек. Тағылымдық мәні бар шараларға баса назар аударған жөн» дегенін жақсы білесіздер.

Осы орайда бүгінгі дөңгелек үстелдің жөні де, маңызы да бөлек.

Біз қарапайым журналистен ел билігі мен журналистік, жазушылық қызметтердің жауапты сатыларына дейінгі, соның ішінде Қазақ ССР-нің Байланыс министрлігінің бөлім меңгерушісі, «Қазақстанса правда» газетінің белді журналисі сынды асуларды бағындырған Сара Мыңжасарованың 100 жылдық мерейтой құрметіне арналған ғылыми іс-шараға қош келдіңіздер!

Ұлт зиялыларының ішінде алғаш роман жазған С.Мыңжасарова заманға қызмет етуге, қолынан келгенше жас мамандарды қолдау жағына барынша атсалысқан тұлға.

Біріншіден, Сара Мыңжасарова – журналист, публицист ретінде танылып, өзін шебер ұйымдастырушы ретінде танытқан қаламгер.

Екіншіден, Сара Рахманқызының аудармашылығы бір төбе.

Үшіншіден, Сара апамыздың шығармашылығында әйел тақырыбы бірінші орында тұрды және тапқырлық, шешендік ойлары жастар үшін аса қажет. Осы жиынға қатысушы қауым Сара Мыңжасарованың шығармашылығы мен қайраткерлігін толық қамтиды деп сенеміз.

Бүгінгі жазушы, журналист Сара Мыңжасарованың 100 жылдығына арналған «Білім және ғылымның ықпалдастығы және қазіргі массмедияның өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстелге қош келдіңіздер!

**Бузело Анна Сергеевна,
Директор Высшей школы
«Медиа и межкультурной
коммуникации», профессор**

Уважаемые коллеги, партнеры и гости!

Рады приветствовать всех присутствующих в стенах нашего университета! Сегодняшняя встреча посвящена знаменательной для отечественной журналистики дате – 100-летию выдающейся писательницы, журналиста и общественного деятеля Сары Мынжасаровой. И в этой связи у нас есть прекрасная возможность обсуждения двух актуальных для академической среды аспектов – взаимодействия науки и образования и современных вызовов в сфере коммуникаций.

Жизнь и творчество Сары Мынжасаровой — яркий пример того, как слово может не только просвещать, но и вдохновлять, помогая людям объединяться вокруг значимых идей. Ее вклад в развитие казахской культуры, литературного наследия и просвещения трудно переоценить. Она всегда подчеркивала значение знаний, научного прогресса и духовного развития как фундамента цивилизованного общества.

И сегодня, в эпоху цифровых технологий, перед нами встают новые вызовы:

- Как сохранить фундаментальные ценности в условиях потока информации, стремительных изменений и глобальных процессов?
- Каким образом медиа может стать связующим звеном между исследовательской деятельностью, образовательной средой и общественным мнением, сохраняя при этом доверие аудитории и следуя моральным принципам?

Мы собрались здесь, чтобы не только обсудить эти вопросы, но и почерпнуть вдохновение из наследия Сары Мынжасаровой. Ее жизненный путь доказывает, что знания и доступ к достоверной информации — мощные инструменты развития личности и общества.

Легендарное наследие Сары Мынжасаровой

Имя этой выдающейся женщины оставило неизгладимый след в культурном и журналистском пространстве Казахстана. Ее труды, наполненные духом гуманизма, стремлением к истине и жаждой знаний, остаются актуальными и в наши дни. Благодаря ее деятельности казахская литература обрела новые грани, а журналистика утвердилась как эффективный инструмент распространения просветительских идей, культуры и социальной ответственности.

Современные средства массовой информации, как и век назад, продолжают играть решающую роль в формировании общественного сознания. Однако в условиях цифровой эпохи и быстрого технологического прогресса перед ними встают новые задачи, ждущие своих эффективных решений.

Пусть наследие Сары Мынжасаровой станет примером и вдохновляет нас активно участвовать в построении устойчивого будущего, где знание, обучение и информационное пространство будут взаимодействовать в гармонии во благо общества.



**Сара Мыңжасарова - жазушы,
публицист**



С. МЫҢЖАСАРОВА ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Бауыржан Өміржанұлы Жақып,

Филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҰҒА академигі, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы,
Алматы, Қазақстан

Менликул Бурханқызы Шиндалиева,

«Тұран» университетінің профессор-зерттеушісі,
филология ғылымдарының докторы
Алматы, Қазақстан

Жазушы шеберлігінің көзі - халықта болса, публицист үшін шындықтың өлшемі - өмірлік тәжірибеде. Қаламгер халқының тыныс-тіршілігі туралы көркем полотно жасауы үшін оны өзі жетік те терең меңгерген, қуанышы мен қайғысына ортақтасқан болуы керек. Адам және қоғам тақырыбында оқырманды тебіренге отырып өзекті, тартымды дүниелер жазу үшін, автордың әуелі өз тағдыры, сол тағдыр арқылы қалыптасқан түйсігі болады.

Сара Мыңжасарова өзінің замандастарының басынан өткен қайғыны, ауыртпалықты, бәрін-бәрін тамаша түсініп, сезінген публицист. Себебі, өзі қиын күреске толы ғұмыр кешті. Қарымды журналист, Қазақстан және Орта Азия әйелдері арасынан шыққан тұңғыш романист-жазушы, публицист, аудармашы, Қазақ КСР Байланыс министрлігінің баспасөзді тарату басқармасының баспасөзге жаздырту бөлімінің бастығы қызметі барысында нәтижелі еңбек етіп, қазақ руханиятының жанашыры болған - Сара Рахманқызы жайлы ғаламторда, БАҚ беттерінде мардымды ақпарат жоқтың қасы. Заманында халқына адал еңбек еткен қаншама адамның есімі өмірден өткен соң ел есінен ұмытылып жататыны ащы шындық.

Сара Рахманқызы атақты болуға, еңбектерін кеңінен насихаттауға талпынбаған. Көптеген аудармалары, оның ішінде классикалық туындылардың аудармаларын жасаған және оларды басып шығарған. Бірақ, өзінің талантын мойындатуға көңіл бөлмеген адам. Үнемі Иосиф Бродский: «Алаңсыз өмір сүру үшін сенен де дарынды, сенен де әдемі, сенен де ақылды адамдар бар екенін түсінуің керек. Бұл адамды көреалмаушылық сияқты жаман мінезден сақтайды», - дейді. Сара Мыңжасарованың еңбекқолығы мен рухының мықтылығын, ұлтына деген жанашырлығын, парасаттылығын былай қойғанда, болмысының тағы бір ерекшелігі - мейірімділігі, бауырмалдығы болған дейді көзін көрген адамдар. Жолдасының бірінші жары 1942 жылы майданға жылы киім, азық-түлік

апара жатқанда, жаудың ұшақтары бомбаның астында қалып, ауыр жараланып елге оралған соң, көп ұзамай өлім құшқан, артында ұлы қалады. Сара Рахманқызы сол ұлына, тіпті сол ұлы мен немересін шететпей, туғанындай қарап, көңілі мен жылуын аямаған. Оған шөбересі Әрсен Шәкуовтің «Біз әжеммізді «Сара мама» деп атайтынбыз. Оның үйі біздің мектебіміздің іргесінде еді. Сабақ біте салысымен әжеміздің үйіне баратынбыз. Әжеміздің құймағының дәмі аузымыздан әлі кетпейді. Немере-шөберелерін қатты еркелететін. Өзі өте мейірімді жан еді», - деген сөздері дәлел.

1960 жылдың наурыз айында «Коммунизм таңы» газетінде, кейін «Замандастар», «Өмір көріністері» жинақтарында жарық көрген «Айдындағы атты әйел» очеркінің кейіпкері Әсем Бабыловаға тән өжеттілік, қажырлық, еңбекқорлық пен ер мінезді қасиет Сара Рахманқызына да тән. «Казахстанская правда» газетінің 1969 жылдың ақпан айында, кейін «Замандастар», «Өмір көріністері» жинақтарында жарық көрген «Үкімет мүшесі» немесе «Жетім қыз» очеркінің кейіпкері Зәбира Сумесінова сияқты шығыс әйелдеріне тән келетін көңгіштік қасиетінен алыс, өз пікірін еркін білдіріп, өз талабын қоя білетін мінез Сара Рахманқызында болған екен. 1961 жылдың 18 шілдесінде «Первая» кейін «Өмір тынысы» деген атаумен «Замандастар», «Өмір көріністері» жинақтарында толықтырылып жарияланған Ғазиза Жұбановаға, алғаш рет «Казахстанская правда» газетінің 1968 жылдың 8 наурызында «Дирижер» деген атаумен, кейін «Өн әміршісі» деген атаумен «Замандастар», «Өмір көріністері» жинақтарында жарыққа шыққан Гүлжазира Ахметоваға ұқсас жағдай мен қасиеттер Сара Рахманқызында да болған. Олар қазақтың сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу, шығармашылық жолын тандаған қыздары. Сол шығармашылықпен, іссапарлармен қатар бала тәрбиесінде қатар алып жүрген. «Семиреченская правда» газетінің 1957 жылдың маусым айында, кейін «Замандастар», «Өмір көріністері» жинақтарында жарық көрген «Ана жүрегінің ерлігі» очеркіндегі Ұлтай Оразбекованың басынан өткен ерте ерінен жесір қалу, балаларды аяққа тұрғызу, болашағынан үміт күттірген тұла бойы тұңғышынан есейген жасында айырылу, кейін Сара Мыңжасарованың да басынан өтті.

Қаламгердің сөз қолданысы дегеніміз - оның шеберлік мәнері, стильдік ерекшелігі, идеяны жеткізуі, көркемдіктің жаңа құралдарын жасай білуі. Адам тағдыры мен еңбегі, қоғамның кезек күттірмес мәселелеріне үн қосу, осы тақырыптарды терең жеткізу, кез-келген оқиға мен мәселені сюжетпен жеткізуі Сара Мыңжасарованың публицистік портреттерінен айқын көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, біз Сара Мыңжасарованың публицистикасының бейнелеуші-көркемдеуші құралдары мен түрлерінде:

жанрлық табиғатымен, сюжеттік құрылысымен, көркем-публицистикалық детальдарымен, кейіпкерлер диалогтарымен, авторлық баяндауларының түрлерімен ерекшеленеді.

Қаламгердің публицистикасының бір қыры - портреттік, әлеуметтік очерктері. Ол көптеген ірілі-ұсақты очерк жазған. Олардың кейіпкерлері түрлі салада адал еңбек ететін замандастары, өнер майталмандары, т.б. Басты кейіпкер - Адам.

Публицистің мақала, очерктері дәуір үніне сай қоғамдық, әлеуметтік мәселелерге қалам тербеген. Оған басты себеп - Сара Мыңжасарованың адам табиғатын танып, тағдырын түсініп, оны оқырманға жеткізе білуінде. Автордың публицистикасында жеке адам арқылы қоғамды сипаттап, көрсетеді. Жалпы публицистің очерктерін тақырыптық-типтік тұрғыдан қарастырғанда былайша жүйелеуге болады: оқиғалық-портреттік очерктері; қысқа очерктер - адамның жан дүниесіне үңілуден жаңа түрлерінен туындаған еңбектері; жолсапар очерктері, проблемалық очерктер.

Бүгінгі таңда баспасөзде қоғамда өмір сүріп жатқан адамның іс-әрекет иесі ретіндегі әлеуметтік ортамен тығыз байланысын бейнелейтін әлеуметтік очерктер жарияланып тұратыны белгілі. Жеке тұлғаның ой-толғанысы, жан сезімі, ой-арманы арқылы бүкіл қоғамға ортақ әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтере отырып, очеркист Сара Мыңжасарова суреттеп - баяндаудан, талдап-түйіндеуге, жай ғана құрғақ хабарлаудан, маңызды мәселелерді көтеруге талпыныс жасаған. Қоғам дамуындағы ең көкейтесті мәселелерін өзек ете отырып, заман тынысының ең басты айырмашылықтарын Адам образында бейнелейді. Қоғамды ілгерілетуші де, болашақ адамның қолында екеніне қаламгер очерктері арқылы көз жеткіземіз.

Жазушының «Замандастар» (1972) және «Өмір көріністері» (2002) очерктер жинағына талдау жасай келе, жазушының адам характерін ашу шеберлігін мынадай тақырыптар арқылы шартты түрде екі топқа: әлеуметтік-психологиялық, моральдық-этикалық деп бөліп қарастыруға болады.

Сара Мыңжасарова публицистикасының басты тақырыбы - адам және қоғам. Очерктеріндегі кейіпкер характерін ашуда өзіндік ерекшелігі - бас кейіпкердің азаматтық тұлғасы, халқының тағдырына деген жауапкершілігі, Отанына деген шексіз сүйіспеншілігі алынады. Сара Мыңжасарованың публицистикасының басты идеясы - еліне адал еңбегі сіңген кейіпкер оқиғасын баяндау және оқырманға әсер ету. Автор әр адам жеке тұлға деп есептегенін байқауға болады. Оның кейіпкерлері сан түрлі кәсіп иелері. Сара Мыңжасарованың оқырманға жеткізгісі келген идеясы - мейлі, шопан бол, мейлі, сауыншы бол, алайда өз ісінің маманы бол деген идеяға саяды.

ЕСІМІН ҰЛЫҚТАУ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Мағира Дәулетбекқызы Қожахмет,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, жазушы-публицист,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Алматы, Қазақстан

Қазақ әйелдерінің арасынан тұңғыш роман жазған Сара Мыңжасарованың туғанына 100 жыл толуына орай «Оқитын өлке» акциясы аясында Ақтөбе облысы оның шығармаларын таңдап алған еді. Содан бері апамыз туралы естеліктерімді бөлісуімді, фото, суреттерін жіберуімді сұраған жерлестерімен қуана байланысып, облыстық, қалалық, аудандық білім, мәдениет ошақтарында ұйымдастырылған салтанатты кештердің бәрін дерлік көріп, қатысушылармен бірге көл-көсір қуанышқа бөлендім.

Мерейтойды Шалқар аудандық орталық кітапханасының коворкинг залында «Өз дәуірінің тамыршысы» атты әдеби кешпен бастаған кітапханашы Динара Мақсатқызы «Ана тілі» газетіне шыққан материалды қуана көрсетті. Қаңтар айында Жылтыр ауылдық кітапханасы Сара Мыңжасарованың шығармашылығын насихаттау мақсатында «Халқының асыл перзенті» тақырыбында әдеби кеш өткізсе, Бозой ауылдық кітапханасы «Елге елеулі – Сара» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Осы өңірдің Тұмалы ауылдық кітапханасындағы «Тікелей танылған талант» әдеби кеші, «Көркем шығарманың көрікті қызы» тақырыбында Көпмола ауылдық кітапханасы өткізген «Ымырттағы кітапхана» іс-шаралары ақпан айында жалғасты. Жылан ауылдық кітапханасы ұйымдастырған «Замандастарының жан дүниесіне терең үнілген жан» атты кеште жазушы, журналист, аудармашы Сара Мыңжасарованың шығармашылық жолы туралы көптеген дерек айтылды. Ырғыз аудандық орталықтандырылған кітапхана директоры Марат Мырзалы «Қазақтың тұңғыш романист қызы» атанған Жазушының есімі ел жадында мәңгі сақталатынын мақтанышпен жеткізсе, Мұғалжар аудандық орталық кітапханасы Сара Рахманқызының өмібаянымен таныстыру және шығармаларын насихаттау мақсатында Қандыағаш 3-мектеп гимназиясының жоғары сынып оқушыларының арасында «Жарқын бейне жазушы» атты әдеби сағат өткізді. Оқушылар Орта Азия елдерінде тұңғыш роман жазған әйел қаламгер туралы республикалық газеттердегі сұқбаттармен, қызықты деректермен танысты. Іс-шара барысында жазушының авторлығымен дүниеге келген кітаптарына, ол туралы жазылған мақалаларға библиографиялық шолу жасалды. Қатысушылар «Оның есімін қалай ұлықтасақ та жарасады, есімін биіктерден көрсете алсақ, елдігіміздің белгісі» деген пікір білдірді.

Наурызда Ақтөбеде Сара Мыңжасарованың 100 жылдығына арналған «Әйел бақыты» атты әдеби кеш өтті. Соның алдында Сақтаған Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан Рысжан Болашқызы хабарласып, қатысуымды өтінген болатын. Іс-шараға ақын, Қазақстан Жазушылар одағы, Ақтөбе облыстық филиалының директоры Бауыржан Құрманқұлов, жазушы, сатирик Ардақ Қонақбаева мен туыстары Жаңылдық Көптілеуова, Райымбай Ақтаев қатысып, қаламгер туралы естеліктерін айтты. Мен де әдеби кеште оқырманға Алматы қаласынан ZOOM платформасы арқылы байланысып, шығармашылық жолда Сара Мыңжасаровамен қалай танысқаным, өмірінің соңғы күндеріне дейін жақын араласқаным туралы әңгімелеп бердім. Кітапхана қызметкері Гүлбан Какенова «Рухы мықты жазушы» кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасап, оқырманға сатирик-жазушы, Қазақстан Жазушылары одағының мүшесі Төрежан Мәндібайдың «Сара апаның соңғы сапары» бейнежазбасы «Тұран» университетінің профессоры, филология ғылымының кандидаты Мендігүл Шындалиеваның «Төзім шеңбері» зерттеуі туралы сұқбаты, қаламгердің өмірбаянына арналған «Кішіқұмның қаламгер қызы» фотошежіре-слайд ұсынылды. Кітапхана директоры Сұлушаш Хакимова іс-шараны қорытындылай келе, қаламгердің мерейтойына орай іс-шаралар жалғасын табатыны жөнінде айтты.

Қазақтың көрнекті ақыны Шөмішбай Сариевтің жары Жұмагүл Сариева «Ұмытпаймыз» түсірілімінің өзін алғаш қызметке қабылдаған қаламгерді есіне түсіріп, қатты толғандырғаны туралы естелік жазып, мына суретті тауып, жолдаған еді.

Филология ғылымының кандидаты Жазира Ағабекқызы: «Қазақстан ономастикасында орын алуға тиіс жандардың бірі – қазақ әдебиеті мен журналистикасының өркендеуіне өзіндік үлесін қосқан қаламгер, қарымды журналист, жазушы Сара Мыңжасарова. Еңбек өтілін оқу-ағарту саласында бастаған ол Шалқар аудандық комсомол комитетінің мектеп жұмысы жөніндегі хатшысы болып қызмет атқарып, ұзақ уақыт Талдықорған, Алматы облыстық және «Семиреченская правда» газеттерінің редакцияларында қызмет етеді. «Замандастар» очерктер жинағы, «Төзім шеңбері» романы, «Әйел бақыты» шығармаларының авторы Сара Рахманқызы жастайынан белсенділігі, әншілігі, алғырлығымен көзге түсіп, еңбекке ерте араласқан. Қоғам қайраткері, мемлекеттік биік лауазымдарды атқарған ерекше тұлға. Қазақ прозасына өз мүмкіндігінің аясында еңбек сіңіріп, еліне қызмет жасаған. Жазушының есімі де өз деңгейінде ұлықталуға тиіс», -дейді. Қаламгердің 100 жылдығына арналған іс-шаралар әлі де өтіп келеді.

САРА МЫҢЖАСАРОВАНЫҢ РОМАНДАРЫ ТУРАЛЫ

Гүлжаһан Жұмабердіқызы Орда,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Тәуелсіздік
дәуіріндегі әдебиет және көркем публицистика бөлімінің
меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор
Алматы, Қазақстан

Қазақ романдарына қарап отырсаңыздар, тарихи романдардың өзінде міндетті түрде махаббат линиясы қоса жүреді. Себебі, адам бар жерде махаббаттың бірге жүретіні белгілі. Махаббат – мәңгілік тақырып болғандықтан, қай кезең әдебиетін алып қарасаңыз да, махаббатқа соқпай кеткен ақын-жазушы жоқтың қасы. 1970-1980 жылдары қазақ жазушылары адамның жан дүниесіне үңілген бірталай лирикалық, психологиялық романдар жазды. І.Есенберлиннің «Ғашықтар», «Махаббат мейрамы», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдары», М.Мағауиннің «Көк мұнар», Ө.Қанахиннің «Күдірет», Б.Нұржекевтің «Ерлі-зайыптылар», «Бір өкініш, бір үміт», С.Мыңжасарованың «Әйел бақыты», «Қыр қыздары», «Төзім шеңбері», Ш.Құмарованың «Қазбауыр бұлттар» романдары осы тақырыптағы шығармалар легін толықтыра түсті.

Сара Мыңжасарованың «Қыр қыздары» (1970) атты романында ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ әйелдерінің тағдырын сөз етеді. Жазушының «Әйел бақыты» (1981) атты романы «Қыр қыздарының» өңделген, толықтырылған нұсқасы. Роман оқиғасы Жетісу өлкесіне келген алғашқы революция дабылын, байлардың есігінде жүрген жалшы-батырақтардың бас көтеріп, ауылда Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысуын көрсетуге арналған. Романның негізгі желісі Қазан төңкерісіне дейін теңдік ала алмаған, мал орнына сатылып келген қазақ қыздарының, әйелдердің қасіретті тағдырын, жарқын болашаққа ұмтылуын көрсетуге құрылған. Романның оқиға желісі Сарманның Қаншайым, Гауһар деген екі қызының төңірегінде өрбиді. Қаншайымды айттырған Досанның үлкен ұлы Асыл кенеттен қайтыс болып, кіші ұлы Қалдыбек он үшке толған бойда оған жесірін алып береді. Жазушы Қаншайымның Қалдыбектің ержетуін күтіп жүруі арқылы қазақ қыздарының тағдырына байланған күйі көркем бейнелеген.

Жаңа заманның тууына байланысты Гауһардың өмірге деген көзқарасы да өзгереді. Оны Жұманның алып қашуынан түк те шықпайды. Гауһардың неке суды төгіп тастауы – қазақ қыздарының жаңа заңға сүйеніп, бас бостандығы үшін күресе бастауының көрінісі.

Сұлусарыны делегат болдың, жаңа заңды қостадың деп күйеуі

Елпанның ұрып өлтіруі – XX ғасыр басындағы өмірдің бір қыртысы. Сұлусарыны арашалаймын деп Елпанның таяғына жығылған Қаншайымды жар ету Қалдыбектің ойында да жоқ. Себебі, ол – атам қазақтың әмеңгерлігінің жөнсіз екендігін түсінген жаңа заман жасы. Сондықтан, Қалдыбек Қаншайымның өз бақытын табуына тілектестік білдіреді. Жазушы ғасыр басындағы әйел теңсіздігін осындай нақты оқиғалармен аша білген. Романдағы Нұржан мен Ақтай, Кенжәлі мен Жапарқұл, Гауһар мен Балымай – жаңа заман жастары. Гауһарды оқтан аман алып қалу үшін өзін оққа тосқан Сарғасқа Елпанның оғынан қаза табады. Олар Қытай ауып бара жатқан Жұма мен Елпанды қуып жетіп, Сұлусары мен Сарғасқа үшін Елпанды оққа байлайды. Елпанға оқ атқан Балымай мен Гауһар – бас бостандығы, әйел бақыты үшін күресе білген қазақ қыздары.

Сараның «Төзім шеңбері» (1987) атты романы «Осылай ма едің, махаббат», «Ұждан», «Ой үстінде», «Кездесу», «Қанаттану», «Дүние кезек» деген бөлімдерден тұрады. Жазушы «Жаным, сені осылай өмір бойы көтеріп өтем» дейтін Сәлкеннің Мәскеуде он жыл оқыған соң, құдай қосқан жарынан безіне бастауының сырын ашуға тырысқан. Ғасырлар бойы қазақта әйелі мен баласын тірідей тастап кеткенін не естімеген, не көзімен көрмеген Күнсұлу Сәлкеннің қалаға барып оқыған соң өзгеріп шыға келетінінен хабарсыз еді. «Аға өлсе, іні мұра» деп жесірін далаға тастамаған қазақтың сүйегіне сіңбеген жаман әдеттің жаңа заманмен бірге пайда бола бастағанын жазушы шанайы бейнелеген. Күнсұлу туралы оқымаған, надан, көзқарасымыз сай келмейді деген Сәлкеннің сылтауын жазушы нақты мысалдармен жоққа шығарады.

Негізгі оқиға Күнсұлудың төңірегінде өрбиді. Он жыл бойы шаңырағын күзетіп, отын жағып, баласын бағып отырған Күнсұлуда артық ойдың болмағаны да жасырын емес. Күйеуі тастап кетіпті деген сияқты қазақ арасында болмаған оқиғаның Күнсұлудың басына түсуі – оны тірідей өлтіру еді. Өз-өзіне қол жұмсауға балапанын қимаған Күнсұлудың құр сұлдерін сүйретіп, өмірден баз кешуі де нанымды бейнеленген. Бірақ, Құдай алдында біреудің ала жібін аттамаған ары таза жанға абысын-ажынның жанашырлықпен қарауы оның бейнесін толықтырады. Олар Күнсұлудың тығырықтан шығуына, есін жиып, ел қатарына қосылуына көмектеседі. «Абысын тату болса – ас көп, ағайын тату болса – ат көп» деген Күнсұлуды қайтсе де тұнжыраған тұңғиықтан шығармақ болған Бәтима мен Ақлиманың: «– Неменеге қарайып жүрсің? Байсыз қаламын деп қорқасың ба? Тұғырдан түсіп отыр ма едің? Мына Бәтиманың баласы сол интернатта емес пе? Ауыл мектебін бітіргендердің бәрі-ақ ертең сол интернатқа барады. Іңкәрдің барып интернатқа кіргенінде не тұр? Сол кемшілік пе?», - деп ашу шақыра шаңқылдауы мен қайнағаларының

қамқорлығы демеу болады. Күйеуі тастап, қызы интернатқа кетіп қалған кездегі Күнсұлудың адам төзбес ауыр күйін жазушы шынайы бейнелеген. Ауыл әйелдері мен ақсақалдардың ақылымен өзі де білімін көтеріп, мектептің үш сыныбын бір жылда қосып оқиды да КомВУЗ-ға оқуға түседі. Білікті агроном болып Қазақстанның атынан Мәскеуге пленумға барады.

Жазушы үздік оқитын Іңкәрдің әке-шешесі ажырасқан соң өз мектебіне бармай, интернатқа кетіп қалуы арқылы ата-ананың теріс әрекеті бала психологиясына қатты әсер ететіндігін көрсетуге тырысқан. Әкесінің бұларды тастап кетіп, басқа әйелге үйленіп балалы болғанын естіген Іңкәрдің оған деген көңілі суып шыға келеді. Осы арқылы балаларды алдауға болмайтынын түсіндіреді. Іңкәрдің Андрейге бауыр басып, оның мамасына да ұнауын асыға күтуі олардың арасындағы сезімді шыңдай түседі. Осылайша жазушы бір дәуірде өмір сүрген түрлі жастағы әйел-аналардың тағдыры арқылы қазақ қыздарының әр дәуірдегі тағдыр тауқыметіне үңілген. Ерлі-зайыптылар арасындағы кикілжіңнің бала психологиясына кері әсер ететінін Іңкәрдің өмірінен көруге болады.

Қорыта айтқанда, бұл дәуірде қазақ жазушылары екі адам арасындағы махаббатты үлкен әлеуметтік мәселе ретінде көтере білді. Кейіпкерлер бойындағы сыршыл сезім кең құлашты романдарға арқау болды. Олар адам бойындағы сан-алуан сезім күйлеріне үңілу арқылы лиризм мен психологизмді дамытса, тоқсаныншы жылдары бұл қатар Б.Нұржекеевтің «Күтумен кешкен ғұмыр» (1982), «Әйел жолы жіңішке» (1998), Қ.Қамбаровтың «Махаббат тұрағы» (1994), Ш.Елеукеновтің «Өттең дүние» (2000), Ә.Ыдырысовтың «Таңшолпан» (2000) романдарымен толықты. Аталған туындыларда әйел-ана бейнесін жан-жақты ашуға тырысушылық байқалады. Олар әртүрлі уақыт пен ортадағы әйелдер бейнесі арқылы махаббаттың сан-сауалына жауап іздеді. «Әлемді сұлулық құтқарады» деген Ф.Достаевский сөзін мақұлдай отырып, қазақ жазушылары бұл тақырыпты әр қырынан ашуда мәселеге әртүрлі шешім ұсынуда Махаббат атты ұлы сезімді көркем бейнелеу жолында психологизмді терең игерді.

АЙЫ ТУҒАН ОҒЫНАН

Зейнолла Серікқалиұлы,
Әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш»
сыйлығының лауреаты
Алматы, Қазақстан

«Ақтөбеде туып-өскен бойжеткен, Талдықорған азаматының сүйген жары болып шаңырағын түзеген Сара ханым ана сүтімен дарыған ата дәстүр тағылымы, тәрбиесіне қоса, өзінің тиянақтылық бір көркін бәрінен бұрын орыс тілі арқылы әлем әдебиеті тұнбасынан тапқан. Нгуен Ван Вонгтың «Буйвол» повесі, И. Папаскиридің «Әйел намысы» романы, «Алтын Прага ертегілері» сияқты, вьетнам, абхаз, чех, украин, тәжік, орыс әдебиеті үлгілерінен көркем аудармалар жасауға құлшына кірісуі де тегіннен-тегін болмаса керек. Әдеби, саяси жан-жақты білімдарлық, оқыған, зердесіне тоқыған өмір кітабынан көңіліне түйген таным-сеніміне, өз пікіріне риясыз адалдық оны қай ортада, қандай зиялы қауым талқысында да тура жолынан, арман бағдарынан тайдырмас төрелік, тәкаппар тұғырына көтерген. Сәті туған шағында бойындағы табиғи дарын қауыз жарып, қазан-ошақ айналасында, күйкі тірлік көлеңкесінде мәңгі қалып қоймауына сеп болған да - осы парасаттылық бабы еді.

Есейе келе күллі тағдырын қолындағы қалам құдіретіне біржола тапсырып, ақ қағазға айқара әлемді сыйғызам деп, тірі пенденің бәріне ортақ өмір кітабынан өз кітаптарын даралап үлгерген Сара Мыңжасарованың шығармашылық ырысы - өзінше бір игілік. Журналистік беймаза, шоқ басқан тіршіліктің көкірегіңмен көк тіретер өзгеше азабы мен ләззатын былай қойғанда, ғұмырының ең мәнді де мағыналы ізі, нағыз жарқырап шалғайдан шалынатын шырағы бәлкім, осы әдеби, қаламгерлік ізденіс өңірінде жатқан шығар. Рухани қуат көзінің қос арнасынан уызына жарыған жазушының өнер ордасынан ойып тұрып орын алатын оймауыт ажары, замандастарымен келер буын жеткіншектерін табыстырар дәнекер-арқауы қашан да осы ойлы сөзі болар. Шағын жанр жемістерін айтпағанда, бұл жасына дейін тындырған еңбектерінің жоталы шоқтығы - екі бірдей роман екен. Ал үшіншісі ақырғы нүктесі қойылып, өзінің жарық көрер уақытын күтіп жатқандығынан біразымыз жақсы хабардармыз да.

Көздеген негізгі нысанасын осы үш роман төңірегіне жұптастыра білген қалам иесінің түбегейлі мұраты сонау алғашқы төңкеріс жылдарынан бері қарайғы халқымыз басынан кешірген шырғалаң шындықты, ең алдымен, әсіресе қазақ әйелдерінің біртұтас, бірегей бейнесін мүсіндеу деп жобалай алсақ, ол мақсатына белгілі бір дәрежеде

жеткен деуге болады. Оған куә - қазірге дейін жарық көрген романдарындағы әйел, ана бейнелері...

Жазушының әрқилы әңгімелері өз алдына, жұртшылыққа енді ұсынғалы отырған, уақыт жағынан тағдырлар талқысын бүгінгі күнге біртабан жақындата беретін кейінгі романы тоғыз жолдың торабында кездейсоқ сәтіне орай біз жүздесе, тілдесе алған кейуана өмірін арқау ете отырып, жаза баспас баяғы төл тақырыбы аясында әйел-ана бейнесін тағы бір қырынан барынша тереңдете түсетін ізденіс жемісі екендігін дәл қазіргідей күндері ескермей өтуге болмас.

Тұл қалған шаңырақ төріне мәңгілік шырағын жағып кеткендей, ізгілікті бір қарекетімен соңғы парызын қылаңсыз атқарып, темірқазықты бетке ала жеті түнге сіңіп бара жатқан аянышты тағдырдың заман ағымында бағы жанған, үйелмелі-сүйелмелі соқталдай азамат ұлдар өсірген, ел ырысына өз игілігін дарытқан бакуатты ғұмыры қаламгердің де шығармашылық мәйегімен, ұстанған ақ жол, адамгершілік нысанасымен мейілінше үндес шығуы тегін емес».

«ТӨЗІМ ШЕҢБЕРІ» РОМАНЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Менликул Бұрханқызы Шиндалиева,
«Тұран» университетінің профессор-зерттеушісі,
филология ғылымдарының докторы
Алматы, Қазақстан

Сара Рахманқызы Мыңжасарова 1924 жылы 29 қазанда Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Қара - Шоқат деген жерде туған. Ақтөбедегі мұғалімдер институтында оқыған. Одан кейін оқу-ағарту саласында жауапты қызметтер атқарған. 1954 жылдан бастап Талдықорған, Алматы облыстық газеттерінің редакцияларында қызмет істейді. 1971-1983 жылдары Байланыс министрлігінің мерзімді баспасөзді тарату басқармасының баспасөзге жазылу бөлімін басқарған. 1970 жылы «Қыр қыздары» романы, 1981 жылы «Әйел бақыты», 1984 жылы «Төзім шеңбері» романдары жарық көрген белгілі жазушы – публицист.

Жазушы Сара Мыңжасарованың бұл романы «Осылай ма едің, махаббат», «Ұждан», «Ой үстінде», «Кездесу», «Қанаттану», «Дүние кезек» деген алты бөлімнен тұрады. «Осылай ма едің, махаббат» бөлімінде Ауыл кеңсесіне Сәлкен мен Күнсұлудың ажырасуына қыздары Іңкәрді шақырып, ауыл кеңесі төрағасы Жарқын Рақымов әке -шешесінің ажырасатыны туралы айтады. Мектеп директоры Аржан баланы құшақтап арқасынан қағып, жұбатады.

Әкесі оқуын бітіргеннен кейін, үшеуіміз қалаға көшпейміз бе деп бала әлі де үміттенеді. Бірақ, әке-шешесі бала кімді қаласа сонымен қалады деп шешеді. Әкесі қалаға кетіп, Күнсұлу ауылда қалады. Бұл бөлімде Сәлкенді Күнсұлудың өзі Мәскеуге оқуға жіберіп, өзі малын бағып, шөбін шауып, отын жинау, мектепті сыпырып, тазалау, колхоз жұмысына көмектесумен жүргенде, бара-бара Сәлкен өз дәрежесіндегі адамды іздер деген қауіпті ойламағаны туралы айтылады. Күнсұлу нағашысының ауылына қыдырып барғанда Сәлкенді кездестіреді. Күнсұлуды он алты жасында алып, екі жылдан кейін Мәскеуге оқуға кетеді. Он жыл Мәскеуде оқып келген Сәлкен ажырасуды ұйғарған. Сәлкен ағасы Мықтығұлдан көлік сұрап алып, стансаға жеткізіп салуын өтінеді.

Он жыл бөлек тұрып, өскен орта, алған тәрбиедегі айырмашылықтар Сәлкенді ажырасуға бел буғызады. Ауыл адамдарының ой-өрісі, мәдениеті тұрғысынан Күнсұлу жақсы болғанымен, оған Сәлкеннің көңілі толмайды. Москвадағы ғылыми-зерттеу мекемесінде зерттеу жұмысымен айналысып, аяқтағаннан кейін Алматыға келетінін Мықтығұл ағасына айтады. Сәлкен

Инна сияқты білімді, көргені көп, әке-шешесінің көзі ашық адамды өзіне тең деп санайды.

Екінші курстан бастап Иннамен араласып, көңілі ауған Сәлкен соңғы курста әйелі бар екендігін айтып, Күнсұлудан айырылысып, Иннаға үйленетінін айтады. Осы кезде Сәлкенге Күнсұлудан Москваға келемін деген хат келеді. Осы жаңалықты Леван досынан естіген Инна шыдай алмай Валя құрбысын Сәлкеннің әйелін көріп кел деп жібереді.

«Ұждан» бөлімінде Іңкәр үйден қашып барып, интернатқа орналасады. Күнсұлу ауылда туып-өсіп, ауыл психологиясымен бойжеткен, өскен ортасы ауыл болғандықтан оза шабар, адаспай шығар ұрымтал объектісі де ауыл өмірі болады. С.Мыңжасарованың қаһарманы Күнсұлу үшін ашыну да, басылу да, тасыну да, тосылу да таңсық болмай қалды. Күйеуімен ажырасу Күнсұлудың рухани әлемінде бұрын болып көрмеген алай-дүлей боран әкеледі. Өзінің басынан кешкен күйреуге Күнсұлу жайбарақат қарап қала алмайды. Күнсұлу айғайлап ұрысып, жылап ашуын тарқатпайды, керісінше барлық ауыртпалықты еңбекпен үнсіз жеңеді. Құрбылары Ақлима мен Бәтима Күнсұлуға оқу керегін ұқтырады. Күнсұлу аудан орталығында ашылған агрономдық курсқа оқуға жіберіледі. Аудандағы шешесінің үйінде жатып оқып жүргенде, курстың оқытушысы Андрей Күнсұлуды ұнатып, көңіл білдіреді. Екеуі ауылға бірге барып та қайтады. Романда Андрей өз әкесі орыс болғанымен, орысша аз білетін, таза қазақша сөйлейтін, мәдениетті, кейіпкер ретінде суреттеледі.

Күнсұлу бес-алты ай оқып, курсты бітірді. Қазақстанға екі айға командировкаға келген Леван Күнсұлуды іздеп келіп, Сәлкеннің сәлемін жеткізеді. Іңкәрді демалыста Мәскеуге жіберуін сұрайды. Бірақ бала үйде жоқ болып шығады. Күнсұлу ауылына қайтатын уақыт жеткенде Андрейден маза кетіп, бір рет тілдесіп қалады. Бірақ Күнсұлу бір рет өмірлік жолдас болып көргенін, енді ондай қателікті қайталағысы келмейтінін айтады. «Ой үстінде» бөлімінде Инна мен Сәлкен арасындағы арақатынас әңгіме болады. Сәлкеннің қайнағасы Абрам Моисеевич қазақтардың әдет-ғұрып, салт-сана, әдебиет, мәдениетінің жәйін білуге бағдар қояды. Үш-төрт айға өндіріске барып келгеннен кейін, Сәлкен мен Инна үйленеді. Екеуі жатақханада тұрып, балалы болады. Өмірінде бала қарамаған Сәлкен үй шаруасына араласып, қаншалықты қиын екеніне көзі жетеді. Балаларына Ким деп ат қояды. Бұл – коммунистический интернационал молодежи деген сөз екен. Балаға ұйымның атын қойған жастарға Абрам Моисеевич ренішін білдіреді.

Әкесі үйінен кеткен соң Инна өзіне-өзі қарап, сырт бейнесін қалпына келтіруді ойлайды. Осы күндері Қазақстанның әдебиеті мен өнерінің он күндігіне Күнсұлу Москваға ән айтуға келіп жатады. Инна мен Сәлкен

«Кездесу» бөлімінде Күнсұлудың домбыраға қосып ән салғанын, залда Сәлкенді құшақтап тұрған жас әйелді көргендегі Күнсұлудың ішкі сезімі шебер берілген. «Жас әйел құшақтап тұрған Сәлкенді көргенде денесі тітіркеніп, бойында жүрген көмескі сезім сейіле бастады. Алғаш рет Сәлкенге деген жиреніш сезімі пайда болды. Бұрын оның үйленгенін білсе де, көзі көрмегенсіп біржола жирену, үзілді-кесілді жек көру ойын да, сезімін ойламаған да болатын. Оқта-текте өткенде есіне алып, аңсайтын да. Ал, қазір пір тұтқаны перідей аңсағаны албастыдай көрінеді» [1,171.] деген шешім Күнсұлудың болашақ әрекеттерін тұспалдауға мүмкіндік жасайды. Бұл өткір драматизмге құрылған эпизод. Күнсұлудың бойында өзіне бейтаныс бір реніш сезімі түңілумен астасып, қайрылмастай күйге түсуі ашық суреттелген. «Қанағаттану» бөлімінде аудандық партия комитеті хатшысы Асыл Дидаров, жаңадан келген екінші хатшы Шатқалбай Асаубаевтардың іс-әрекеттері әңгіме болады. Күнсұлу аудан жастары арасында Мәскеу сапары туралы есеп береді. Шатқалбайдың орнына Андрей екінші хатшы болып сайланады. Осы бөлімде Күнсұлудың інісі Ақан әскерге кетіп, шешесі Айбарша жалғыз қалады. «Дүние кезек» бөлімінде Инна мен Сәлкен ауылына келгенде Күнсұлу аудан орталығына көшкелі жатады. Соңғы рет Сәлкен клуб алдында Күнсұлуды Андреймен кетіп бара жатқанын көріп, іші удай ашиды. Осы тұста Инна өзінің ақылдылығын көрсетіп, Андрейге өмірлік сапарының сәтті болуын тілеп, Сәлкенді ырқына көндіріп алып кетеді. Сәлкен басына қонған бақытын өзі аялай білмегенін түсінеді.

Романның соңғы бөлімінде Күнсұлу мен Андрейдің бір-біріне деген іңкәр, ыстық, мөлдір махаббатты шығармаға романтикалық рух берген тұсы деуге болды. Өз бақыты үшін күрескен қазақ әйелінің аз өмір кезеңі алынса да, романда айналаны қоршаған ортаны, табиғат суреттерін кейіпкерлердің бітім-болмысымен, әрқилы жан толқынысымен қоса қабат суреттеген. «Түн. Ашық аспан. Шарасына толған ай, жеке дара жарық көрінетін жұлдыздар, қоңыр самал жел жазық даланы маужырата тербетеді. Жадыраған табиғат баланың ойын бірте-бірте сергіте бастады», әкешесінің ажырасатынын естіген Іңкәрдің алай-дүлей көңіл күйін табиғат ана өз бауырына басып алғанына куә боламыз. Бас қаһарман Күнсұлудың «Күнсұлу екі ұдай сезімде жігітке қарап біраз тұрды. Қараған сайын жүрегі шымырлайды, құшақтай алып, құшырлана сүйгісі, тіпті осы жігіттің махаббатына тұншыққысы келеді деген жолдардан Андрейге деген сезімі, тірліктің мәнінің қазығы өз бақытын табуда деген нақты қорытынды шығарады.

Жазушы Сара Мыңжасарованың бұл романында ауыл тіршілігі және ауыл адамдарының бір-біріне деген шынайы қарым-қатынасы, туыстық

сезімі біршама тәуір сипатталған. Күнсұлудың басына іс түсіп, қиыншылық көргенде құрбыларының көмекке келуі де нанымды берілген. «Күн батып кетті. Қырманда күзетшіден басқа ешкім жоқ. Күнсұлу әлі бидай суарып тұр. Бұл күндері Күнсұлу қорасында бір-екі ұсақ жандығына, жалғыз сиырына да қарауды қойған. Оларды іздемейді, сиырды саумайды. Көршілес, ағайындас әйелдер ертелі-кеш үнсіз келіп, малын жайғастырып, сүтін пісіріп кетеді»,- деп автор сол шақтағы Күнсұлу қайғы-қасіретіне ортақтасқан ауыл адамдарын мәні бар штрихтар беру арқылы көрсетеді.

Қиын қыстау шатқалаңда шыныға түскен Күнсұлу жарық күндерден үмітін үзбей, жігер мен күрес үстінде көрінеді. «Төзім шеңбері» романының қаһарманының алдағы тағдыры, кейінгі халін топшылауды автор оқырманның үлесіне қалдырады. Қорыта айтқанда, автор бұл романда қазақ әйелінің еңбекке араласып, өз бақытын тауып, қызғылықты өмір кешетініне оқырманның көзін жеткізе суреттеген.

САРА МЫҢЖАСАРОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ЖАЗУШЫ БОЛМЫСЫ

Қадыр Әбілжанұлы Ахметов,

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Астана, Қазақстан

Сара Мыңжасарованың әдеби мұрасы – тек бір дәуірдің бейнесі ғана емес, сонымен бірге қоғамның өзгеру үдерісін болжайтын туындылар қатарына жатады. Оның шығармалары әйел тағдырының көпқабатты әлемін ашады, мұнда жеке өмір мен қоғамдық үдеріс, дәстүр мен жаңашылдық күрделі, бірақ үйлесімді бірлік құрайды. Сара Мыңжасарова әйел бейнесін әдебиетте қалыптасқан стереотиптерден асырып, оны әлеуметтік өзгерістердің белсенді қатысушысы және құрастырушысы ретінде көрсетті.

Сара Мыңжасарованың кейіпкерлері жеке басының еркіндігі мен отбасылық және қоғамдық міндеттердің арасындағы шиеленісті бейнелейді. Оның алғашқы романы «Қыр қыздары» заман өзгерістерінің аясында өмір сүріп жатқан әйелдердің тағдырларын ашып көрсетеді. Жазушы дәстүр мен жаңашылдық арасындағы шиеленіс әйелдердің тағдырына қалай әсер ететінін шебер жеткізеді. Олардың түп тамырларын сақтап, өзгермелі әлемде өз орындарын іздеуі шығарманың негізгі тақырыбына айналған.

Сабырлылық – Сара Мыңжасарова кейіпкерлерінің басты қасиеті, оны автор енжар көнбістік емес, белсенді қарсылық түрінде көрсетеді. «Төзім шеңбері» романында сабырлылық тек мінездің ерекшелігі ғана емес, сонымен қатар әйел тағдырын философиялық тұрғыда түсіндіру. Кейіпкерлер заман сынақтарын қабылдап, қиындықтарды жеңе біледі. Сара Мыңжасарова сабырлық арқылы әйелдердің шектеулерден арылу жолын көрсетіп, оны азаттық пен өзгеріс құралына айналдырады.

Отбасы – Сара Мыңжасарованың шығармаларындағы орталық тақырыптардың бірі. Бұл – әртүрлі дәуірлер тоғысатын, әйел рөлі қайта қаралатын мәдени кеңістік. Романдарында үй тек паналайтын орын ғана емес, күрес алаңы ретінде де бейнеленген. С. Мыңжасарованың кейіпкерлері отбасындағы борыш пен жеке еркіндікке деген ұмтылысты теңестіру жолын іздейді. Олардың тағдырларында бақыт тек әйел өз рөлін өзі анықтағанда және өз жолын таңдағанда ғана мүмкін болатыны туралы маңызды идея көрініс табады.

Табиғат оның шығармаларында ерекше орын алады. С.Мыңжасарованың шығармаларындағы дала кейіпкерлердің ішкі жан дүниесінің айнасына айналады. Бұл еркіндік кеңістігі сынақ алаңы ретінде

де көрінеді. Қазақ даласының пейзаждары өздерінің асқақ сұлулығымен және қаталдығымен рух еркіндігі мен әлеуметтік шектеулер арасындағы қарама-қайшылықты көрсетеді. Автор табиғаттың бейнесін кейіпкерлерінің сезімдерімен үйлестіріп, олардың нәзік психологиялық күйін ашады.

Сара Мыңжасарова аудармашы ретінде де кең танымал. Бұл оның шығармаларына әмбебаптық сипат береді. Шетел әдебиетін аудару арқылы ол қазақ прозасын әлемдік әдебиет контекстіне қосты. Бұл жалпыадамзаттық тақырыптардың – еркіндік, теңдік пен жеке болмысты іздеудің – ұлттық баяндауда көрініс табатынын көрсетеді. Оның вьетнамдық және абхаздық әдебиеттерді қоса алғанда аудармалары әйел тәжірибесінің әмбебаптығын және әртүрлі мәдениеттердегі бірегейлігін танытты.

Сара Мыңжасарованың шығармалары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан жоқ, себебі оның көтерген тақырыптары әмбебап сипатқа ие. Оның әдеби мұрасы – бұл әйелдердің өз дауыстарын естірту, таңдау еркіндігі үшін күрес тарихы. Сара Мыңжасарова әйел дауысын мәдениет пен оның өзгерістері туралы әңгімеде маңызды элемент ретінде ұсына отырып, жаңа кеңістіктер ашады. Оның мұрасы – бұл тек мәтіндер ғана емес, сонымен қатар әдебиеттің әлеуметтік өзгерістер құралы бола алатынының айғағы.

Сара Рахманқызы жеке өмірінде де, қызметтің қай саласында болса да өз сөзі бар, өз пікірі бар тұлға еді. Сара Мыңжасарованың шығармашылық жолы, оның облыстық, республикалық баспасөз саласындағы журналистік, жазушылық, қоғамдық қызметінде өмірдің әртүрлі қиындықтарын жеңе білді.

Сара Мыңжасарованың болмысы өзінің кейіпкерлері сияқты батылдық пен өрліктің, қайсарлық пен күрескерліктің, нәзіктік пен сұлулықтың үйлесімділігі іспетті. Шығармашылық пен тұрмыс жүгін бірге арқалаған жазушы жауапкершілік, ар-ұят сынды адами қасиеттерді биік қоя білді. Қоғамдағы қарама-қайшылықтарға қарамастан әйел әлемінің әдемі қалпын сақтап, шынайы бақытқа қол созған қазақ қызының өмір жолы көпке үлгі екендігі айқын.

САРА АПАНЫҢ ШАРАПАТЫ

Жұмагүл Сариева,

Сара Мыңжасарованың қызметтес әріптесі

Алматы, Қазақстан

Биыл қазақ қыздарының ішінен ең бірінші болып роман жазған қаламгер Сара Мыңжасарованың туғанына 100 жыл толады. Осыған орай Сара апаның көзін көрген, жақсы істеріне куә болған жан ретінде мен ол кісі туралы бір ауыз естелігімді жерлестеріне жеткізгім келеді.

Сара Мыңжасарова - қаламгер ғана емес, қазақтың ең мықты қайраткер қыздарының қатарынан ойып тұрып орын алатын тұлға. Сол кісінің шарапатымен мен 21 жасымда байланыс саласына жұмысқа тұрып, осы салада жарты ғасырға жуық уақыт қызмет етіппін.

Бұл 1971 жыл еді. Ол кезде жас ақын, ҚазМУ-де оқып жүрген студент, кейіннен қазақтың көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шөмішбай Сариевпен бас қосқан кезіміз, яғни жас отбасы едік. Мен тұңғыш ұлымызбен үйде отырмын. Ал Шөмішбай 5-курста оқып жүріп «Қазақстан» баспасына жұмысқа тұрған. Сол жылдары баспаның директоры Абай Бейсенбаев есімді кісі еді. Бір күні Шөмішбай осы өзі жұмысқа орналасқан баспадан Сара апайдың «Замандастар» повесі басылып шыққалы жатқанын айтты. «Біздің баспадан Сара Мыңжасарова деген жазушы апайдың кітабы шыққалы жатыр. Ол кісі жақында Қазақ КСР Байланыс министрлігінің мерзімді баспасөзді тарату басқармасының баспасөзге жазылу бөліміне меңгеруші болып қызметке келіпті. Бұрын «Казахстанская правда» газетінде істеген екен. Өзі мінезі де қызық кісі секілді, министрлікте 4-5 ғана қазақ қызмет жасайды, қалғандарының бәрі басқа ұлт өкілдері, ал министрдің өзі қазақ болғанымен, бұл мәселеге көңіл бөлмепті деп ренішін білдіріпті. Баспаға келген кезінде біздің жігіттерге: «Мен өз бөліміме қазақтың қыз-келіншектерін жұмысқа аламын, маған келіншектерінді жіберіңдер» - депті», - деді. Содан екеуміз ақылдасып, мен де жұмыс мәселесімен барып көрмек болдым. Әрине, қолымызда жас бала бар, бірақ Шөкең өзі Сыр өңірінің азаматы, ата-анасы Қамбаш деген станцияда тұратын. «Бізде үлкен баланы әке-шешесіне беретін әдет бар, бір жасқа толғасынбіз де ұлымызды сол кісілерге береміз» - деп айта-айта мені көндіріп қойған. Өзім Қостанай өңіріненмін. Қостанайдағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жалғыз қазақ мектебін бітіріп, Алматыға келіп оқуға түскенмін. Ол уақытта республика астанасы болған Алматы - жан-жақтан келген қазақ жастары табысып, араласатын, достық бесігіне айналған қала. Мен де Шөмішбай ақынға тұрмысқа шығып, балалы болып, жоғарыда

айтқанымдай, өмір жолын енді бастаған кезіміз.

Сонымен, ойлана келе ертеңіне бұрынғы Коммунист және Киров көшелерінің қиылысындағы төбесінде үлкен сағаты бар мекеме - Қазақ КСР Байланыс министрлігіне келдім. Сара апай басшылық ететін мерзімдік газет-журналға жазылатын бөлімді тауып алдым. Іздеп келген адамым ер тұлғалы, сұсты кісі екен. Мені біраз сөзге тартты. Ұнатқан болса керек:

- Мен өз бөліміме жақында Сұлуқыз Басымбекова, Райхан Жақыпова деген келіншектерді алып қойып едім. Енді сені бөлшек-сауда бөлімінің бастығына жіберем,- деді.

Сөйтті де телефонмен бір орыс кісімен сөйлесіп, соған жіберді. Ол кісі де менен өзім туралы мәліметтер сұрап жатыр. Тұрмыста екенімді, кішкентай сәбиім барын білгеннен кейін: «Біз апталап, он күндеп облыстарға іссапарға шығамыз, соған келісіміңді берсең ғана жұмысқа қабылдаймын» - деді. Қапелімде сасып қалдым да, ондай жұмысқа тұра алмайтынымды айтып кетейін деп, Сара апайға қайта келдім. Ол кісі: «Сен «келісемін» деп, арызыңақол қоя бер. Заң бар, сені ешкім де жас баламен іссапарға жібере алмайды. Айтпақшы, кейін балаңды ата-енеңе апарып беретініңді айтпа» - деп, қайтадан жаңағы кісіге жіберді. Сонымен, нұсқаушы болып жұмысқа орналастым.

Ол жылдары орыстілді журналдарға жазылу өте қиын болатын. Шектеу қойылып, тіпті рұқсат қағазбен жазылатын. «Огонек» журналының қосымшасы ретінде орыс классиктерінің кітаптарына жазылу да сол бөлім арқылы жүргізілетін. Бұған да рұқсат қағазы керек. Күні кеше ғана секілді болғанымен, заманның тез өзгеретіні соншалық - қазір осының бәрі айтса нанғысыз жағдайға айналды.

Жұмысқа тұрғаннан кейін үлкен ұлымыз Бақытжанды Арал ауданының Қамбаш стансасында тұратын ата-әжесіне апарып бердік. Сегіз айлығынан бастап ата-әжесінің тәрбиесінде болған ұлымыз Алматыға тек жеті жасқа толғасын қайта оралды. Онда да мектепке баратын болған соң, ата-әжесі: «Біз дұрыстап оқыта алмаспыз, Алматыда білім алсын», - деген тілекпен жіберген еді.

Сара апаймен алғаш кездескен сәтім, бірге қызметтес болған күндер - бәрі де кешегідей көз алдымда. Ұжымда ол кісіге ешкім қарсы келмейтін. Түрі сұсты ғана емес, мінезі де бірбеткей, жігерлі, қайсар жан еді.

Сара Рахманқызы сөйлеген кезде бөлмеде тыныштық орнай қалатын. Орысшасы да мықты болатын. Жоғарыда аталған қызмет апайдың соңғы қызметі болды. Мен жұмысқа тұрған соң, үш жылдан кейін қызметтен кетіп, біржола шығармашылықпен айналысты. Бұрын «Қыр қыздары» романының авторы болса, ал «Әйел бақыты» және «Төзім шеңбері» атты романдарын осы шығармашылықпен айналысқан жылдарында жазды.

Әдебиет зерттеушілерінің айтуынша, ол - қазақ қана емес, Орталық Азия халықтарының арасынан шыққан тұңғыш роман жазған әйел адам.

Өзіме келсем, Сара Мыңжасарова апамыз жұмысқа орналастырған мекемеде 48 жыл қызмет атқардым. Кеңестік заманда бұл республиканың Байланыс министрлігіне қарасты мекеме еді. Тәуелсіздіктен кейін, нақты айтқанда, 1994 жылы аталған министрлік Көлік және коммуникация министрлігіне айналып, одан «Қазпошта» мен «Қазақтелеком» АҚ-лары бөлініп шықты. Мен «Қазақтелеком» мекемесінде қалып, сол жерден зейнетке шықтым. Зейнетке шыққаннан кейін де келісімшартпен он жыл қызмет атқарыппын. Сара апайымыздың жақсы ниетімен, қолдауымен орналасқан жұмысым ғұмырлық сүйікті кәсібіме айналды. Ол кісінің маған жасаған жақсылығын ешқашан ұмытқан емеспін.

С.МЫҢЖАСАРОВА ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

Алмагүл Әлиқызы Құрманбаева,
Филология ғылымдарының кандидаты,
«Тұран» университетінің доценті
Алматы, Қазақстан

Сара Мыңжасарова шығармаларының психологиялық қырына зер салғанда байқағанмыз, кейіпкердің жан дүниесіне үңілу, оны әр қырынан танытатын көркемдік құралдарды пайдалану қаламгердің шеберлігіне, талантына байланысты. Шығармашылықтың қазіргі кездегі даму жағдайына сәйкес уақыт талабы Н.Г. Чернышевский айтқандай, «адам жанының диалектикасын» ашу, бүгінгі қаһарманның рухани әлеміне психологиялық талдау жасау - жазушыдан көп ізденімпаздықты қажет етеді. Жазушы қарапайым жұмысшылар мен мәдениет адамдарының психологиясын зерттеді десек, демек ол жалпы әр салада қызмет ететін жандарға тән басты қасиеттерін, мінез-құлықтарын жеке адам арқылы сипаттады деп түсінген жөн.

Материалдың көркемдігін таныту үшін ең басты - психологизмнің болуы. Бұл жайлы белгілі ғалым Б. Майтанов: «Көркем шығармадағы өмір шындығының басты бір кепілі психологияда, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, творчестволық феномен – психологизм», - дейді. Сара Мыңжасарованың шығармашылығында психологиялық талдаумен қатар өзі өмір сүрген қоғамды көркем суреттеу бар.

Көркем шығармаларында жазушы кейіпкердің мінез-құлқын сипаттауда психологизмнің екі түрлі аспектісін алады. Бірі - жеке адамның мінез-құлқын оның ойы, эмоциясы арқылы сипаттаса, екіншісі - адам мінез-құлқын психологиялық суретсіз-ақ беруге болады. Мысалы, алғаш 1960 жылы Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінде жарияланған, кейін «Замандастар» очерктер жинағында жарыққа шыққан «Айдындағы аттылы әйел» очеркінде бас кейіпкер Әсем Бабылованың ішкі жан-дүниесін тікелей еш жерде суреттемейді, алайда, оның батыл характері мен еңбекқор қасиетін тек қана іс-қимылынан, әрекеттері мен әңгімесінен аңғарамыз. Жазушы шеберлігі оның психологиялық құбылыстарды психология ғылымына қайшы келмейтіндей етіп, ақиқат күйінде бейнелеуінде болса, қаламгер шеберлігі шығарманың басты идеясын көркем түрде жеткізе білуінде. Осы тұрғыдан алғанда, психологиялық суреттеу көркем шығармалармен қатар, публицистикада да зор маңызға ие.

Сара Мыңжасарова алғаш 1957 жылдың маусымында «Семиреченская правда» газетінде, кейін 1972 жылы «Замандастар» және 2002 жылы «Өмір көріністері» очерктер жинағында жарық көрген «Ана жүрегінің ерлігі», 1963 жылдың қазан айында «Казахстанская правда» газетінде, «Уақыт сыны» немесе «Жақын жандар» деген атаумен кейін 1972 жылы «Замандастар» және 2002 жылы «Өмір көріністері» очерктер жинағында жарияланған, 1969 жылдың ақпан айында «Казахстанская правда» газетінде, кейін 1972 жылы «Замандастар» және 2002 жылы «Өмір көріністері» очерктер жинағында жарық көрген «Жетім қыз» немесе «Үкімет мүшесі», 1972 жылы «Замандастар» очерктер жинағында жарияланған «Ақ ниетті адам» тәрізді очерктерінде адам сезіміне терең мән беріп, толық психологиялық портреттер жасап шыққан.

Сара Мыңжасарованың еңбектерінде кейіпкер психологиясын ашуда кешегі мен бүгінгі өмір, уақыт пен кеңістікті ұтымды пайдаланылады. Болған оқиғаларда өткен мен бүгінгі күннің сабақтас келуінің философиялық мәні зор. Жазушы шығармашылығындағы кейіпкердің тұрмыс-тіршілігі елдегі әлеуметтік психологиялық құбылыстармен тығыз байланыста бейнеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, көркем шығармалардағы психологизм мәселесін зерттеудің қажеттілігі неде деген сауал туары заңдылық. Жазушы психологияның ғылыми заңдылығына емес, оның әлеуметтік түп-тамырына назар аудартады. Адамның қоғамдағы орнына, содан туындайтын психологиялық құбылыстарға баға бере отырып, оның әлеуметтік маңызын ашуға талпыныс жасайды.

Сара Мыңжасарова шығармаларындағы психологиялық талдауға тән ерекшелік - автор даусы мен кейіпкер үні өзара үйлесімділік тауып жатады. Автор не кейіпкер монологы - оның дүниетанымын, көзқарасын, мінез қырларын ашып көрсететін психологиялық құрал ретінде оқырманның ойына ой қосады.

Автор шығармашылығына талдау жасағанда оның негізгі объектісі - адам мен қоғам екені айқындалды. Автордың көркем шығармаларында адамның сыртқы бейнесін суреттегенде портреттің басты ерекшеліктері қаламгердің тұжырымдарымен ұқсас келеді. Қаламгердің роман, әңгімелеріндегі психологиялық бейнелеуші, көркемдеуші құралдар болып табылатын монолог, диалог шығарма поэтикасының маңызды компоненттері екені аян.

Сара Мыңжасарова шығармашылығындағы негізгі объект, басты екпін қоғам көрінісін ашатын әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Жазушы-публицист шығармашылығындағы образдардың типтік айырмашылығына келер болсақ, олар шартты түрде жағымды кейіпкерлер. Оның әр жылдарда мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген көркем әңгімелері мен

очерктерін оқи отырып байқауға болады. Қаламгер еңбектерінде кейіпкер образын оқырманға жеткізуде оның адамдық қасиеттері мен болмыс-бітіміне, дара қасиеттеріне, еңбегіне баса назар аударған. Бұдан біз суреткерге тән шеберлікті танимыз.

Сара Мыңжасарова шығармашылығына тән ерекшелік - адам қабілеті, күдіреті, мүмкіндігі, еңбегі туралы жазғанда қоршаған ортамен тығыз қарым-қатынаста суреттеп, әлеуметтік-психологиялық дәйектермен дәлелдейді. Адамның динамикалық портретін таным, түйсік, сана, еңбегі ерекше көрініс табады. Қорыта айтқанда, Сара Мыңжасарова шығармашылығында адам және қоғам тақырыбына қатысты көрініс, сипаттар терең жазылады. Қаламгергер шығармаларына психологизм тән, адам тағдырының ерекшелігін көрсету, еңбекті насихаттау жағы басым.

ҚАЛАМҒЕР САРА МЫҢЖАСАРОВАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Мөлдір Аманғазықызы,
А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық
институтының доценті, PhD
Астана, Қазақстан

Қазақ елінің әдебиет тарихында ерекше орыны бар жазушы-публицист Сара Мыңжасарованың биыл 100 жылдық мерейтойы. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы жарық көрген зерттеулер мен телехабарлар оның жазушылық, аудармашылық және қоғамдық қызметі туралы біршама ақпарат береді.

Сара Рахманқызы Мыңжасарова 1924 жылы 29 қазанда Ақтөбе облысында дүниеге келген. Өмірін жазушылық пен журналистика саласына арнаған Сара Рахманқызы аудармашы ретінде де танымал. Оның шығармалары әйелдер тағдыры, олардың ішкі әлемі мен өмірлік күресі туралы сыр шертеді.

Ол туындыларында әйелдерге тән нәзіктік пен табандылықты шебер бейнелеп, оқырманға таныс тұрмыстық мәселелер мен ішкі жан дүниенің күрделі тұстарын көрсетеді. Қаламгердің алғашқы еңбек жолы журналистік бағытта басталып, жазушылыққа қарай ойысқан болатын. Алматы, Талдықорған қалаларындағы республикалық газеттерде жауапты хатшы, әдеби қызметкер, газет тілшісі, газет аудармашысы қызметтерін абыроймен атқарып, журналистік жолда шыңдалды. Жазушының өмір жолын хронологиялық сатымен бағамдасақ, оның 1949 жылы журналистік қызметін Талдықорған облыстық «Сталиншіл» газетінде бөлім меңгерушісі болып бастағанын және 1952-1960 жылдары сол газеттің жауапты хатшысы, кейін «Семиреченская правда» газетінің әдеби қызметкері болғанын көреміз. Журналист ретінде шыңдала түскен Сара Рахманқызы Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің, 1960-1971 жылдары «Казахстанская правда» газетінің тілшісі болып маңызды басылымдарда қызмет етті. Осы баспасөзге қызмет еткен жылдар оның жазушы ретінде қалыптасуына да өз әсерін тигізгенін білеміз.

Қоғамдық қызметтерді атқару барысында өзінің азаматтық ұстанымының мықтылығын және ұлттық сана-сезімінің жоғарылығын таныта білді, сол арқылы қазақ елінің болашағы үшін көптеген бастамалардың ұйытқысы бола білді. Мәселен, 1971-1973 жылдары Байланыс министрлігінің мерзімді баспасөзді тарату басқармасында басшылық қызмет еткен жылдары орыстілді басылымдар мен қазақтілді

газеттердің таралымы арасындағы алшақтықты жойып, қазақ тіліндегі баспа өнімдерінің таралымын сан жағынан арттыруға зор үлес қосты. Газет беттеріндегі публицистикалық мақалаларында да Сара Мыңжасарованың үнемі қазақ елінің ертеңіне қызмет ететін тың да, маңызды пікір айтып, халықтың рухани дүниетанымының ұлттық топырақтан үзіліп қалмауына өзіндік байламды ой қосып отырғаны белгілі.

Сара Мыңжасарованың алғашқы романын оқыған Ахмет Жұбановтың оң пікір беріп, рухани қолдау жасағаны туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Мағира Қожахметованың естеліктерінен жақсы білеміз. Ол кісінің «Қазақтың тұңғыш романист қызы», «Сара апаны сағыну» сияқты мақалалары бар. С.Мыңжасарованың алғашқы романдарының бірі – «Қыр қыздары» (1970), бұл шығармада ауыл әйелдерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі, олардың еңбекке араласуы және қоғамдағы рөлі суреттеледі. «Әйел бақыты» (1981) және «Төзім шеңбері» (1984) романдарында да қазақ қоғамындағы әйелдер бейнесін көркем түрде беріп, қазақ әйелдерінің тағдырына терең үңілгенін байқауға болады. Жазушының романдарының тақырыптарынан да олардың әйел тағдырына арналғанын байқауға болады. «Қыр қыздары» романында бейнеленетін қазақ қыз-келіншектерінің іс-әрекеттері мен қоғамдық ортада өздерін ұстауы және қоғамдағы «қазақ қызы» деген пікірді қалыптастыруға әсер етуі де ерекше сипатталады. «Әйел бақыты» мен «Төзім шеңбері» романдарында сол қазақ қыздарының өсу жолын, қоғамда қалыптасу жолын көруге болады. Сара Рахманқызының өз әкесінің анасымен ерте ажырасып кетіп, оны жалғыз анасының бағып-қағып өсіруі, білім беруі бұл романдардың сюжетіне әсер еткен сыңайлы. Жазушы романдарында бейнелеген әйелдердің қаһармандық, батырлық, жанкештілік қырларымен бірге олардың жан дүниесінің аса нәзіктігі де қатар өріліп отырады. Өз анасының басынан кешкен тірі жесірлік пен жалғыздық болашақ жазушының санасында жастайынан қатталғанын да байқамау мүмкін емес.

Аудармашы ретінде вьетнам жазушысы Нгумен Ванның «Буйвол» повесін, абхаз жазушысы Иван Папаскиридің «Әйел намысы» романын және басқа да көптеген шығармаларды қазақ тіліне аударған. Сонымен бірге, шетел әдебиетінің ертегілері мен балаларға арналған шығармаларын қазақша сөйлетіп, жас жеткіншектерге шетелдік туындыларды таныстырғанын да ерекше атап өтуге болады.

Белгілі сыншы Әлия Бөпежанова бүгінгі әйелдер прозасы туралы мынадай пікір білдіреді: «Бейсаналы түрде авто-фикшн жанрында жазатын бұл топта қыз-келіншектер көптеу және танымалдау. Өйткені олар бүгінгі өмірдің өзекті мәселелерін, тақырыптарын тап басады. Бүгінгі әдеби

кеңістік кең, әр жазушы өз әлемін жазып шығатындықтан бұлардың бірі артық, бірі кем дей алмайсыз, әр оқырман өзіне керегін оқиды», – дейді.

Сара Мыңжасарова өзінің алғашқы романы «Қыр қыздарында» қазақ әйеліне тән ерекше мінезді, атап айтсақ төзімділік пен көнбістікті, қайраттылық пен нәзіктікті қатар алып, жалпы қазақ әйелінің адамдық тұлғасын жасайды.

Жазушының «Өмір тынысы» повесі Ғазиза Ахметқызы Жұбановаға арналған. Повесте Ғазиза Ахметқызының шығармашылыққа басқан алғашқы қадамын бейнелей отырып, өмірдің мәні туралы өз ойын қосады: «Өмір. Бұл өмірдің жолы да, асуы ақырет құзды шыңы да, қиялы шыңырауы да, шалқары да мол. Шығатын шыңын, өтетін қиясын, еркін жүзетін шалқарын білетін өмірге талант келсе, табиғат тамыры толысып, өмір жүрегінің соғысы сарынын күшейте түспей ме. Ал талант ше? Талантқа аялайтын тәрбие, оны ербіте, өркендете білетін еңбек керек. Онсыз талант құрдымға шыққан гүл сияқты солып қалады, талант пен еңбек – егіз. Өмірге талант келгенін алғаш байқайтын да, оны баулып, бағыттайтын да аңғарымды ата-ана. Бұл жолдар тек Ғазизаның өмірі ғана емес, көптеген қазақ қызының да өмірі туралы толғаныс деуге болады.

«Әйел бақыты» романы «Қыр қыздарының» жалғасы сияқты болып шыққан. Онда «Қыр қыздары» романының қысқартылған тараулары қосылып, толық нұсқасы берілген. Романның негізгі желісі 1917 жылға дейін теңдік ала алмаған қазақ әйелдерінің қиын тағдыры және өмірдегі қиындықтарды жеңудегі олардың батылдығы мен әділдікке деген сенімдерін ашып көрсетуге құрылған.

Классикалық әйелдер прозасының ерекше құрамдас бөліктері туралы айтатын болсақ, оның мынадай ерекшеліктерін атап өтуге болады: дүниені қабылдауда жоғары психологиялық сезімталдық, әсіресе, адами қарым-қатынастар суреттелгенде, осы қабылдауда ерекше контрасттың болуы. Қиын жағдайларда ерекше батыллықтың үйлесімі, яғни әйел бола тұра өз бойында әйелдік пен еркектік бастамаларды біріктіруге ұмтылыс. Ерлердің кейбір қатыгез «біржақтылығынан» айырмашылығы да осындай сипатында деуге болады. Зерттеушілер әйелдер прозасында өмірлік жағдайларды шешуде көбінесе интуитивті жол іздейтінін, ал ерлер прозасында логикалық жолға жүгінетінін атап өтеді. Әйелдер көбінесе шешім қабылдауда кеңес алуға бейім, бұл әйелдер прозасындағы кейіпкерлердің әрекеттерінде көрініс табады. Әйелдер прозасы көбінесе оқиғалардың парадоксты шешімдеріне жүгінеді, күтпеген аяқталуға апарады, бірақ қағілез оқырман бұл шешімдерде ерекше логиканы байқайды.

Жазушының «Төзім шеңбері» романында әйел тағдыры мен оның өмірлік күресінің көрінісі жақсы бейнеленген. Романның басты кейіпкері

Күнсұлудың өз өміріндегі әртүрлі кезеңдер мен ауыртпалықтарды шешу жолындағы әрекеті нәзік жанды адамнан гөрі қайратты жанның әрекетіне келеді. Оның алғашқы жары Сәлкенмен қарым-қатынасы, Мәскеуде білім алу кезіндегі екеуінің айырылысуы, ауылдағы өмірі, өз махаббатын іздеу жолындағы күресі романның негізгі арқауы. Сәлкеннің Мәскеуде оқып келгеннен кейін қатты өзгергені, өз әйелі Күнсұлуды менсінбей, өзінен төмен санауы, сол себепті ажырасуы баяндалады. Сәлкеннің ішкі толғаныстары мен тебіренген сәттері де әсерлі шыққан. Оның алған тәрбиесі мен қаладағы өмірдің әсері Күнсұлуға деген сезімдерін өзгертіп, олардың отбасылық қатынастарына нүкте қойғызуға әкелгенін жазушы шебер бейнелеген. Күнсұлу басына түскен қиындықтарға төзіп, барлық ерік-жігерін жиып өмірін жалғастырады. Ол өзінің рухани күйреуін жеңу үшін еңбекке араласады. Кейін өмірінде Андрейді кездестіріп, онымен бірге бақытты болуы да, өмірдің қиындығына сынбай, шындалған қазақ әйелінің бақытты сәттері деуге негіз бар.

Романда Күнсұлудың тұрмыс-тіршілігі мен оның жан дүниесінің күресі біртұтас бейнеленіп, оқырманға күш-жігер, үміт сыйлайды. С. Мыңжасарова қазақ әдебиетінде әйелдің рөлі мен орны туралы тақырыптарды қозғай отырып, олардың ішкі әлеміне шынайы көзқарас қалыптастырды. Білім алып, оқыған қазақ жігіттерінің XX ғасыр басындағы тіршілігін ұлы жазушы М.Әуезовтің «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану» деген әңгімелерінде көрсеткенін білеміз. Сәлкеннің де бейнесі сондай тұрақсыз, жеке басының ғана бақытын ойлаған еркектің образы болып шыққан. Мәскеуге оқуға жіберіп, үйдегі бар тіршілікке ие болып қалған әйелін бағаламаған еркектің болашағы туралы жазушы қазбаламай жайына қалдырады. Оны оқырмандарының еншісіне беріп, ары қарай Күнсұлудың қиындықтан шыққан жолын бейнелейді. Бұл да жазушының өзіндік шешімі деуге болады.

Сара Мыңжасарованың шығармаларындағы әйелдің өзін-өзі табуы, қоғамдағы рөлін түсінуі және өмірлік күрестерден тайсалмай өтуі оның Жорж Санд, Шарлотта Бронте, Джейн Остин сияқты шетелдік жазушылардың шығармаларымен үндестігін көрсетеді. Яғни әрбір кейіпкердің өмірлік тәжірибесі арқылы әйелдің өзін-өзі ашу процесі айқындалады.

Әйелдер прозасы деген ұғым бұрыннан бар, бірақ ресми түрде әлемде XX ғасырдың 80-жылдарының соңында әйелдер прозасының тұтас жинақтары пайда бола бастады, бұл маңызды әдеби жетістік болды. Егер біз терминнің нақты анықтамасын мәдениеттану дереккөздерінен іздесек, әйелдер прозасы дәстүрлі түрде «әйелдердің қоғамдық кеңістікті игеру процесінде пайда болатын және әйелдер әлемін, олардың әлеуметтік

тәжірибесі мен практикаларын әйелдердің көзқарасымен сипаттайтын әдеби мәтіндердің пайда болуы» ретінде қарастырылған.

Қалай болғанда да, әйелдер прозасы қазіргі уақытта өзекті екенін дәлелдеп қана қоймай, сонымен бірге әлемдік және отандық әдебиетті жарқын авторлармен, айқын лирикалық қаһармандардың бейнелерімен байытып, өзіндік оқырмандар аудиториясын жинақтады.

Әйелдер прозасының негізгі тақырыбы – отбасының қиындықтары, балалық шақ пен ересек өмірдің қарама-қайшылығы, өмірдің мәнін іздеу, тұлға мен қоғамның байланысы, әйел жан дүниесінің мәселесі. Қай кезең, қай дәуірді алсақ та, әйелдер жазған шығарманың түп мазмұны мен негізгі идеясы отбасылық бақыт мәселесін көтеретіні шындық. Әйелдің жан дүниесіндегі басты мәселе де отбасы, ошақ қасындағы балалары мен жарының бақыты туралы ғана болады. Ал қазақ әйелдерінің ішкі танымы мен әлемге деген көзқарасы тек отбасы призмасынан десек артық айтпаспыз. Жазушының «Төзім шеңбері» романында бейнелеген әйел образы тағдырдың қиын сәттерінде иілсе де сынбай өз бақыты үшін күрескен қаһарман деңгейіне көтерілген.

Зерттеушілер арасында әйелдер прозасы деген не, ол қандай болу керек сұрақтар да туындаған. Кейбір зерттеушілер әйелдер прозасына әйелдер жазған барлық кітаптарды жатқызса, басқалары бұл ұғымға феминизм немесе патриархалдық тәртіп мәселелерін қозғайтын мәтіндерді қосады. Бірақ, әртүрлі көзқарасқа қарамастан, әйелдер прозасы өмір мен өнердің толық көрінісі деп сенімді түрде айтуға болады. Оған эксперименттер мен жаңашылдық, идеалды іздеу және әртүрлі жанрлар мен бағыттардың ерекшеліктерін синтездеу тән. Бұл әйелдер әлемін әйелдердің көзімен сипаттау арқылы әйелдердің жеке тұлғалық ерекшеліктерін қосу арқылы әдебиеттің кеңеюі деп бағалауға болатын құбылыс деуге де болады.

Объективті түрде бағалағанда, отандық әйелдер прозасы мен шетелдік прозаның айырмашылығы онша үлкен емес. Біріншісі – бастапқыда еркіндік сүйгіш, тәуелсіз қазақ дүниетанымының әйел бейнесіндегі ерекше өмір сүруін атап көрсетуге тырысса, екіншісі – әйелдің өзін-өзі ашу және жеке тұлға ретінде өзін жүзеге асыру ұмтылысын көрсетеді.

Қазақ әдебиетіндегі әйелдер прозасы, соның ішінде Сара Мыңжасарованың шығармашылығы, әйелдерге тән өмірлік күрестерді, олардың ішкі әлемін терең суреттейтін айрықша бағыт. Әйелдер прозасы әлі де заманауи әдебиетте өзекті және маңыздылығын сақтап келеді. Сара Мыңжасарова өз шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде әйелдер бейнесін жаңа қырынан танытып, әйел тағдыры мен әлемін шеберлікпен суреттеген қаламгер ретінде есте қалады.

СОҢҒЫ САПАР

Динара Мақсатқызы,
Ақтөбе облысы, Шалқар аудандық
орталық кітапхананың кітапханашысы
Ақтөбе, Қазақстан

Сара Мыңжасарова – Орта Азия елдерінде тұңғыш роман жазған әйел қаламгер. Мен онымен шығармашылық жолда танысып, өмірінің соңғы күндеріне дейін жақын араластым. Ол туралы республикалық газеттерге жариялаған «Қазақтың тұңғыш романист қызы», «Сара апаны сағыну» сынды мақалаларым да бар. Сара Рахманқызы – қалам жүгімен қатар, талайына жазылған тағдыр жүгінде қоса арқалай алған рухы мықты жан. Сүйікті жары Мұқыш ағамыз тым ерте көз жұмды, жалғыз ұлы Оспанынан айрылды. Осыдан кейін ұзақ уақыт қалам ұстай алмай, шығармашылықтан алшақтаған да кездері болды. Бар мейірімін төккен жалғыз қызы Қарлығашы бүгінде Москвада тұрады. Сара Рахманқызының профессор немересі Салтанат Канадада қызмет істейді. Артында осындай із қалғанына тәубе дейміз. Сара Мыңжасарова көзі тірісінде Ғабит Мүсірепов, Зейнолла Серікқалиев, Сейфолла Оспанов сынды белгілі тұлғалармен жақын араласты. Сара Мыңжасарованың есімін қалай ұлықтасақ та жарасады, есімін биіктерден көрсете алсақ, елдігіміздің белгісі, – деген-ді Мағира Дәулетбекқызы.

Білетіндерден осылай естеліктер жиыстыруымыз – биыл есімі ғасыр биігіне жеткен жазушының шығармаларын насихаттаудың қанатқақты қадамы еді.

Сара Рахманқызының туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай жақында Шалқар аудандық орталық кітапхананың коворкинг залында «Өз дәуірінің тамыршысы» атты әдеби кеш өтті. Осы шараға жазушының туған жері Кішіқұм ауылдық округінен арнайы келіп қатысқан, ардагер-ұстаз, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері Аққайыр Оразбаев бөліскен естеліктер оқырман қауымның көңілінен шықты. Ардагер-ұстаз айтқан әңгіменің өзегі мынада болды.

1994 жылдың 7-10 желтоқсан күндері аралығында Сара Мыңжасарованың мерейлі 70 жасқа толуына орай туған өлкесі – Кішіқұм ауылдық округінің орталығындағы Тоғыз орта мектебінде үлкен шара ұйымдастырылады. Аққайыр ағамыз ол кезде аталған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары екен. Сара Рахманқызы туған жеріне өзімен бірге қызы Қарлығашты, Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі екінші хатшысы Бейбіт Қойшыбаевты, танымал ақын Сейфолла

Оспановты ертіп келеді. Келелі кездесуге жергілікті жерден Шалқар ауданының сол кездегі әкімі Кеңес Абдуллин, орынбасары Құдаш Бекбергенов, Тоғыз селолық округінің әкімі Алтынбай Орынбаев, жерлес сатирик-жазушы Төрежан Мәндібай, аудандық «Шалқар» газетінің редакторы Мұқамбетәли Есмағанбетов, жергілікті әкімшіліктің тіл бөлімінің меңгерушісі Жанғабыл Қабақбаев және ауыл тұрғындары қатысты.

– Мен ол кезде 40 жаста едім. Сол кездесуде мектебіміздің оқушылары «Төзім шеңбері» романынан монологтар оқыды, біз мұғалімдер болып көрініс қойдық, – дейді Аққайыр ағай.

Жазушы сол келгенінде теміржол бойындағы №30 орта мектепте де кездесу өткізіп, өзінің балалық шағы өткен Қарашоқат стансасының шетінде орналасқан ата-анасының зиратына барып, тағзым етеді. Қаламгер өзі тұрған үйді көрсетуді өтінгенде ауылының жасы үлкен ақсақалы Зейнолла Ташкенин: «Міне, мына үйде сіздер тұрғансыздар, анаң Лайық 1936 жылдары елді бірыңғай сауаттандыру ісіне, сайлау жұмыстарына белсене араласты. Қазақ-орыс деп аталып, Орынбор қаласына қараған осы ауылдағы мектепте анаң бастауыш сыныптан сабақ берген алғашқы ұстаздардың бірі болды», – деп жауап берген екен.

Сара Мыңжасарова сол сапарында кіндік қаны тамған Кішікұм өлкесін үш күн бойы армансыз аралап, жерлестерінің дария көңіл сый-құрметіне ризашылығын білдіріп, Алматысына аттанады. Бұл оның туған жеріне соңғы табан тіреуі екен.

Жазушының 100 жылдығына арналған әдеби кеш барысында оқырманға Сара Мыңжасарова туралы «Qazaqstan» Ұлттық арнасынан 2015 жылы берілген деректі фильмнің үзіндісі көрсетілді. Оқырман қауым бейнероликтен жазушының тағдырлы өмір жолын естіп, қайсарлығына тәнті болды.

Қаламгердің Шалқар қаласында қазір Жаңылдық Көптілеуова есімді немере сіңлісі тұрады. Денсаулық сақтау саласынан зейнеткерлікке шыққан ол студенттік шағында Сара Рахманқызынан көбірек қамқорлық көріпті. Аудан орталығындағы «Анаға тағзым» ғимаратының кең залына ілінген шалқарлық құрметті аналардың суреттері қатарында Сара Мыңжасарованың да бейнесі бар. Аналар кеңесінің мүшелері жиі бас қосатын бұл орында «Қыр қыздары», «Әйел бақыты», «Төзім шеңбері» сынды романдарды өмірге әкелген жерлесіміздің табандылығы талай мәрте тақырыпқа арқау болары талассыз.

Осындай әдеби-танымдық шаралар ұйымдастыру барысында туған жерінде де жазушы туралы нақ білетін, көз көргендердің қатары сирегенін аңғардық. Алайда көкірегі ояу, қара орман оқырман барда қазақтың қайсар

қаламгер қызы Сара Мыңжасарованың есімі ұмытылмақ емес.

ИЗВЕСТНАЯ РОМАНИСТКА

Айгуль Турысбекова,
«Казахстанская Правда» газетінің
Алматы бөлімінің тілшісі
Алматы, Қазақстан

На железнодорожной станции Кара - Шокат Шалкарского района Актюбинской области в 1924 году в семье железнодорожника и учительницы родилась девочка Сара, которой судьба уготовила право войти в историю как первой женщине-романистке не только Казахстана, но и всей Центральной Азии. Любознательная и наблюдательная девочка хорошо училась в школе, вела записи в своем дневнике. Успешно окончив школу, поступила в Актюбинский педагогический институт. Завершив обучение, стала работать в школе.

Целеустремленную деловитую девушку замечают: Сару Мынжасарову избирают первым секретарем Шалкарского районного комитета комсомола. В 1952-м она окончила двухгодичную партийную школу по специальности «переводчик». В дальнейшем посвятила себя журналистике: работала в газетах «Семиреченская правда», «Сталиншіл», «Коммунизм таңы» и была первой казашкой, которая трудилась в редакции газеты «Казахстанская правда». В 1971–1973 годах Сара Мынжасарова работает руководителем отдела подписки управления по распространению печати Министерства связи Казахской ССР.

И все эти годы Сара не оставляет творчество. В 1972-м выходит ее сборник очерков «Современники», героями которого стали композитор Газиза Жубанова, хирург и ученый Раушан Сатпаева, дирижер Гульжазира Ахметова (Молодова), а также простые труженики из разных регионов республики. Сара Рахмановна одинаково хорошо владела как казахским, так и русским языками и потому ей удавалось расположить к себе как светил науки, так и передовиков производства – работников фабрик, заводов, комбайнеров, агрономов, чабанов и доярок.

Ее переводческая деятельность началась с перевода на казахский язык методического пособия «Пионервожатый». Она очень удивилась, когда ей заплатили за это гонорар, ведь Сара всегда откликалась на любую просьбу, не требуя ничего взамен. Позже она перевела с русского на казахский язык роман вьетнамского писателя Нгуена Ван Бонга «Буйвол», роман «Женское

достоинство» абхазского писателя Ивана Папаскири, книгу «Сказки золотой Праги» и множество других произведений.

Первый ее роман «Қыр қыздары» был написан в 60-х годах, но издан лишь в 1970-м. Роман долго не печатали, но однажды рукопись попала к Ахмету Жубанову, который за ночь прочел ее, восхитившись как содержанием, так и слогом начинающего прозаика. Роман, изданный небольшим тиражом, вызвал большой интерес читателей – книгу передавали из рук в руки. «Қыр қыздары» получил признание критиков и наряду с «Аққан жұлдыз» Сабита Муканова и «Кровью и потом» Абдижамила Нурпеисова был назван среди лучших произведений года.

В 1981-м создан второй роман «Әйел бақыты» – «Женское счастье», который был переведен на русский язык и увидел свет в 1984 году. Его переводчиками стали Наталья Новикова и Владимир Краснопольский.

Сокращенный вариант третьего романа «Төзім шеңбері» сначала был напечатан в журнале «Жұлдыз» (1983 г.). Однако республиканские издательства не спешили его выпускать. В 1987 году роман издали в том же сокращенном варианте, и только в 1996-м он был напечатан в полном объеме.

В своих произведениях Сара Мынжасарова затрагивала социальные изменения, которые происходили в обществе: коллективизацию, смену традиционного уклада жизни. Она писала о том, как эти перемены влияют на судьбы людей, говорила с читателями о взаимоотношениях между поколениями, роли женщин в обществе, влиянии современных изменений на традиционные ценности казахок.

Как отмечают почитатели ее творчества, произведения Сары Мынжасаровой содержат философские размышления о жизни, времени и человеческом предназначении, взаимоотношениях между людьми.

К сожалению, сегодня осталось мало тех, кто лично знал Сару Мынжасарову. Одна из них – журналист и писатель Магира Кожахметова. Их знакомство состоялось в середине 80-х годов, когда Сара Мынжасарова уже была на заслуженном отдыхе, а наша собеседница тогда работала в журнале «Қазақстан әйелдері». Их встреча произошла в гостях у народного писателя и поэтессы Мариям Хакимжановой.

На вопрос о том, какой Сара Мынжасарова осталась в ее памяти, Магира Даулетбековна отмечает, что она была незаурядной женщиной, всесторонне образованной, с широким кругозором.

– Она могла говорить на самые разные темы, хорошо разбиралась в международной политике, была в курсе событий. Общаться с ней было всегда интересно, – рассказывает Магира Даулетбековна. – Сара Мынжасарова была самодостаточной и независимой личностью. Такими в

своих произведениях она стремилась изобразить и казахских женщин – с чувством собственного достоинства и внутренней свободы.

Большую роль в становлении личности Сары сыграла ее мать Ылайык, которая была учительницей в сельской школе.

– Ее интеллектуальный багаж сформировался в детстве благодаря среде, в которой она росла. Сара Рахмановна вспоминала, что ее мать дружила с ссыльным учителем из Москвы, который часто бывал у них дома. Он заставлял своих учеников читать наизусть стихи Пушкина и Лермонтова, приобщал к произведениям других классиков русской литературы, – продолжает Магира Кожаметова. – К сожалению, ее здоровье подкосила смерть единственного сына Оспана, который скончался в 20 лет. До этого, в 37 лет, она потеряла супруга. Но, несмотря на жизненные потрясения, она продолжала творить. Выйдя на заслуженный отдых, Сара Рахмановна полностью посвятила себя литературному труду. Помню, как однажды после посиделок у Мариям Хакимжановой мы с ней провожали домой Амину Маметову – маму легендарной Маншук. Тогда она мне призналась, что мечтает написать книгу об Амине Маметовой.

Магира Кожаметова не оставляла без внимания свою старшую подругу – помогала ей печатать рукописи и распространять их по редакциям. Сара Рахмановна, по ее словам, была гостеприимной и хлебосольной хозяйкой. В ее доме часто бывали известные деятели казахской литературы – Габит Мусрепов, Фариза Онгарсынова, Сейфолла Оспанов, Калихан Исаков, Зейнолла Сериккалиев, Мереке Кулкенов и другие.

– Однажды я оказалась у нее дома, когда к ней в гости пришли переводчик ее романа Владимир Краснопольский и известный советский киноактер Леонид Куравлев. Это был дружеский вечер, мы наслаждались общением. Помню, с каким аппетитом гости из Москвы вкушали национальные блюда. Жаль, что у меня не было под рукой фотоаппарата, чтобы запечатлеть это застолье, – вспоминает Магира Кожаметова.

Сара Мынжасарова – в ряду той плеяды талантливых писателей, которые смело и ярко отобразили в своем творчестве культуру, традиции и менталитет казахского народа. Как сообщил «КП» председатель правления Союза писателей РК Мереке Кулкенов, к 100-летию Сары Мынжасаровой были переизданы две ее книги – «Әйел бақыты» и «Өмір көріністері».

Судя по малочисленным сведениям о творчестве первой женщины-романиста Центральной Азии в открытом доступе на русском языке, оно до сих пор не получило широкого анализа в Казахстане. Надеемся, что со временем интерес к ее наследию будет только возрастать.

ӘЙЕЛ ТЕҢДІГІН ЖЫРЛАҒАН

Алмагүл Әлиқызы Құрманбаева,
Филология ғылымдарының кандидаты,
«Тұран» университетінің доценті
Алматы, Қазақстан

Қазақтың алғашқы жазушы қыздарының бірі, қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасымен дараланған қаламгер Сара Мыңжасарова Рахманқызының еңбегі қазақ халқы үшін орасан зор. Сонау қазақтың классик ақын-жазушыларының алтын бесігі болған Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Қара Шоқат ауылында 1924 жылы дүниеге келген Сара Рахманқызы қаршадайынан әдебиетке жақын болып өседі. Жазушының әдебиетке құштарлығы бала кезінен өзі өскен ортаның арқасында қалыптасты. Анасы Мәскеуден келген парасатты мұғаліммен жиі араласады. Орыс әдебиетінің ірі классиктерінің шығармаларымен таныстырады.

Еңбекқорлығымен, асқан жауапкершілігімен, әдебиетке, білімге деген құлшынысымен болашаққа ұмтылған қаршадай қыз Ақтөбедегі мұғалімдер институтына түсіп, оқуға ден қояды. Оқуын тамамдаған соң, ағарту саласында жауапты қызмет атқарады. 1954 жылдан бастап Талдықорған, Алматы облыстық газеттерінің редакцияларында қызмет істеп, журналистика саласына сүбелі еңбек сіңіреді. Тіпті 1971-1983 жылдары Байланыс министрлігінің мерзімді баспасөзді тарату басқармасының баспасөзге жазылу бөлімін басқарып, еңбек жолында да абыройлы қызметтер атқарады.

Жазушы Сара Рахманқызының шығармашылық өмірі ерекше құбылыстарға толы болды. Үнемі ізденумен, қазақтың, тіпті әлемнің классик жазушыларының шығармашылығына сусындап, аударма саласында тыңнан түрен салады. Вьетнам көркем әдебиетінің алғашқы прозалық шығармасы Нгумен Ванның «Буйвол» повесін, Абхазия кеңес әдебиетінің классигі Иван Папаскиридің «Женская честь» романын, «Алтын Прага ертегілерін», «Солдат хаттары» суреттемелер жинағын, балаларға арналған шығармаларды қазақ тіліне тәржімалап, әлемнің озық үлгілі төл туындыларын қазақ тілінде сөйлетеді. Сара Мыңжасарова, әсіресе қазақ әйелінің тағдырына ерекше тоқталады. Сара Рахманқызы өзі қандай ержүректі, батыл, өр мінезді, қайратты болса, шығармаларындағы кейіпкерлері де сондай өр рухты, мелжемді болып келеді.

Иә, жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетіне көз жүгіртсек, сол кездегі туындылардың көбісі әйел тақырыбына арналған. Алайда қазақ әйелдерінің сана арпалысы мен жан толғанысын Сара Мыңжасарова мүлде

басқа бағытта соны тәсілмен береді. Шым-шытырық оқиғаға құрылған туындылардағы кейіпкерлердің өмірі сол кездегі заманның шынайы бейнесін көрсетеді. Жазушы еш тартынбайды. Қаламын кеңге сермеп, қиялын қиянға шарықтатып, шексіз де шетсіз әлемнің бір ұшқынын шығармада асқан шеберлікпен ұсынады. Қаламгердің «Қыр қыздары» романы, 1981 жылы «Әйел бақыты», 1984 жылы «Төзім шеңбері» атты романдары жарық көреді. Сара Мыңжасарованың романдарындағы басты кейіпкерлерінде өмірге деген құштарлық, еңбекке деген құлшыныс, қиындыққа қасқайып қарсы тұратын табандылық, махаббат, нәзіктік, жүрек толғанысы мен жан арпалысы қылаң беріп тұрады.

Әлем тарихында әдебиет саласында тыңнан түрен салған әйел жазушыларының шығармалары сарқылмас қазынаға айналды. Мәселен, ең алғашқы романист-жазушы Вирджиния Вулф – ағылшынның кәнігі жазушысы, әдебиет сыншысы. Ол XX ғасырдың бірінші жартысындағы модернистік әдебиеттің жетекші қайраткері атанады. 1915 жылы алғашқы романы «Теңізден әрі» атты туындысын жариялайды. Бұл туынды ағылшын әдебиетінің құнды қазынасына айналады. Вирджиния Эвер Вулф Оның ең танымал шығармаларына «Даллоуэй ханым» (1925), «Маякқа» (1927) және «Орландо» (1928) романдары кіреді.

Сол іспетті Сара Мыңжасарова – өз шығармашылығында қазақ халқының мәдениетін, дәстүр-салты мен менталитетін батыл әрі айқын көрсеткен талантты жазушылардың бірегейі. Сара Мыңжасарованың 100 жылдығына орай оның «Әйел бақыты» кітабы қайта басылып шыққанының өзі жазушының абыройын көрсетеді.

Сара Рахманқызының алғашқы романы «Қыр қыздары» атты туындысы шоқтығы биік туындыға айналды. Бұл романда жазушы қазақ қыздарының басынан өткен ауыр жайттарды жазады. Романның негізгі идеясы 1917 жылға дейін қазақ әйелінің теңсіздікке ұшырап, мұң-мехнатқа толы ғұмырын арқалап, қиындыққа мойымай, қасқайып қарсы тұруы. Жазушының «Төзім шеңбері» атты романы да ерекше құбылыс. Оқиға кейіпкері Күнсұлу тағдырдың теперішін көп көреді. Күйеуі Сәлкен Мәскеуге оқуға түсіп, сол жақтан оқып келгеннен кейін әйелі Күнсұлуды менсінбеуі, өмірін көмірге айналдырғаны, Күнсұлудың рухын сөндірмей, нендей сергелдең болса да, оны еңсерудегі табандылық пен батылдыққа сүйенуі – шығарма желісінің шытырман оқиғалардан құралған, берері мол құнды туынды екенінің айқын көрінісі.

Әлем тарихында әйел теңсіздігі туралы еш қаймықпай шығарма жазған әйел жазушылары саусақпен санарлықтай. Солардың бірегейі француздың атақты жазушысы Симон де Бовуар. Симон де Бовуар философиясының негізінде әйелдің екі негізгі бейнесі жатыр: дәстүрлі

мағынадағы әйел және өзін-өзі көрсету мен жалпы өмір сүрудің абсолютті еркіндігіне ұмтылатын әйел. Осылайша, экзистенциализмге сүйене отырып, әйелдік - адамның өмірлік тәжірибесі арқылы пайда болатын мәңгілік қалыптасу. Сол теория бойынша де Бовуар әйел еркек қоғамын құратын бейнеде бола отырып, ер адамның «басқаша» болатынын айтады. Симон де Бовуар «Екінші өріс» атты еңбегінде тарихқа терең үңіліп, әйелдің рөлі туралы нанымды қалыптастырған әртүрлі халықтың мифін талдайды, сонымен қатар маңызды айырмашылық қайдан шыққанын түсінуге тырысады. Симон де Бовуар шығармаларындағы басты идея – әйелді тәуелсіз субъект ретінде босату және жандандыру. Ол әйелдің құқын шектейтін және оларға таңдау еркіндігін қалдырмайтын адамзат тарихында қалыптасқан нормалар мен құндылықтарды қайта қарау қажет екеніне сенімді.

Симон де Бовуардың пікірінше, әйелдің өзін-өзі моральдық субъект ретінде жүзеге асыруы қарым-қатынастың үш формасы арқылы мүмкін болады: эмоциялық қатынастар, құқықтық қатынастар және әйелді әлеуметтік маңызды субъект ретінде тануға байланысты қатынастар. Барлық үш салада босату үшін зияткерлік салада жеке тұлғаны жүзеге асыруға көмектесетін және өзінің жеке басын қалыптастыруға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегі маңызды рөл атқарады.

Симон де Бовуар француз әйелінің құқығын қорғап, қолдап, шығармашылығында француз әйелінің жан дауысын тілге тиек етсе, қазақ жазушысы Сара Рахманқызы қазақ әйелдерінің жанайқай үнін, жүрек түкпіріндегі сырлы сезімін туындыларына арқау етеді.

Сара Рахманқызы Мыңжасарованың шығармашылығы жіті сараптап, талдауды қажет етеді. Жазушының асқақ шеберлікпен жазылған төл туындылары кең тынысты, арнасы кең, толғауы терең. Өйткені қазақ әдебиетіндегі ең алғашқы әйел романист-жазушы Сара Мыңжасарованың есімі өскелең ұрпақтың жадында мәңгілік қалары талассыз.



**БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ
ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ МАССМЕДИАНЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ТЕҢСІЗДІГІ МӘСЕЛЕСІ

Айжан Саханқызы Шыныбекова,
Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Ақжүніс Маратқызы Ауғанова
Филология ББ 4 курс білімгері
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдерінің бірі де бірегейі - Бейімбет Майлин. Ол поэзия, проза, драматургия жанрларында өнімді еңбек етіп, өз дәуірінің шындығын, қазақ елінің, әсіресе ауыл адамының санасындағы өзгерулер мен жаңаруларды, халықтың бастан кешірген күрделі оқиғаларын, әлеуметтік өмірдің шытырман қайшылықтарын көрсетті. Кеңестік заманның алғашқы жиырма жыл ішіндегі қоғамдық құбылыстардың еңбекші адамға тигізген әсерін, қазақ халқының ғасырлар бойында қалыптасқан тұрмыстық, салттық болмысының, шаруашылық, кәсіптік негізінің жойылып, оның орнына жаңа құрылымдардың табиғи орын теуіп болмаған кезеңінің сыры мен мұңын шебер суреттеді. Жазушы өзінің шығармаларында қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының тұрмыс-тіршілігін, оларды қоршаған әділетсіздіктерді ашып көрсеткен. Оның туындыларының ішінде әйелдер тақырыбы айрықша орын алады, және бұл тақырып Майлин шығармашылығының басты ерекшеліктерінің біріне айналған. Сондай шығармаларының бірі – «Шұғаның белгісі». Повесттегі ең өткір мәселе – әйел теңсіздігі сөз болған. Шығармада бірін бірі сүйген екі жастың – Шұға мен Әбдірахманның арманына жете алмаған трагедиялық хәлі айтылады.

Шұғаның әкесі Есімбек бай қызын кедей жігіті Әбдірахманға бергісі келмей, жастардың кездесуіне тыйым салады. Бұдан кейін түрлі жаланы сылтау етіп, Әбдірахманды жер аудартады. Осындай қатыгез зорлыққа душар болған Шұға қайғыдан, күйіктен қайтыс болады. Повестьтің мақсаты - жастардың бас бостандығына ерік бермей, қасіретке ұшыратқан ескі дәстүрлерді сынау деп ойлаймын. Жастардың бас азаттығын көксеу, бұған кедергі келтіретін әдеттерді батыл таңбалау - XX ғасыр басындағы демократиялық қазақ әдебиетіндегі басты сарындардың бірі еді. «Шұғаның белгісі» повесінде оқиғалық өрілімдер, кейіпкерлердің мінездемелері, диалогтер, сезім, көңіл күйлері Қасым деген адамның әңгімесі болып

беріледі. Шұғаның да, Әбдірахманның өздеріне тән және дара сипаттары танылады.

Өңгімеде келтірілгендей Шұға образы былайша суреттелді: «Ажары қандай болса, ақылы да сондай. Жеңілдік дегеннің не екенін білген бала емес. Сөйлеген сөзі, жүрген жүрісі қандай, біртүрлі паң еді-ау, шіркін... Бұл күнде ондай қыз қайда? Ажары тәуірлеу біреу болса, соны көтере алмайды ма, білмейсің?! Ешкіге құсап шошаңдап жүргені. Заман бұзылған ғой. Ия... Осы күнгілердің бір тапқаны, қызды оқыту керек дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқандай, Құдай сана берсін десейші...»

Майлин шығармасының ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін суреттеу арқылы, жазушы қазақ қоғамындағы әйелдерге деген қатыгездік пен қоғамның әйелдерге қатысты әділетсіз көзқарасын ашып көрсетеді. Автор әйелдің шынайы қалаулары мен арман-мақсаттары қоғамдық құрылымның тегеурінді талаптарына қарсы тұра алмайды деп дәлелдейді.

Шығармада әйелдің қоғамдағы теңсіз жағдайы ашық көрсетілген. Шұғаның басты трагедиясы оның жеке бостандығы мен құқығының шектелуінде жатыр. Әлеуметтік өмірде әйелдердің өз тағдырын шешуге құқығы жоқ, олар ерлердің еркінде. Бұл жағдай қазақ қоғамында кеңінен таралған стереотиптер мен дәстүрлердің әсерінен туындаған. Шұғаның өміріндегі қайғылы жағдайлар, оның өз тандауын жасауға деген әрекеттері, бірақ оған ештеңе істей алмауы - сол дәуірдегі қазақ әйелінің қоғамдық жүйедегі орны мен оның өз еркіндігі үшін күресу мүмкіндігінің шектелгенін көрсетеді. Шұғаның бақытсыздығы мен күйеуінің қатыгездігі оның қоғам мен отбасының шектеулеріне қарсы тұра алмауының салдары болып табылады.

Майлин шығармасында қоғамның әйелге қойған талаптары мен оның ішкі дүниесіне деген құрметтің жоқтығын аша отырып, қазақ қоғамындағы әйелдер мәселесіне терең үңіледі. Әйелдер көбінесе тек тұрмыстық міндеттерді орындаушы ретінде көрінеді, ал олардың жеке басының құндылығы мен тағдыры ескерілмейді.

Шұға - жазушының шығармасындағы басты кейіпкер ғана емес, сондай-ақ оның әлеуметтік теңсіздік пен әйелдердің құқығын қорғау үшін күрестегі символы болып табылады. Шұға, басқа да қазақ әйелдері сияқты, қоғамның қойып отырған талаптарына қарсы келе алмайды. Оның еркіндігі мен армандары тұйықталып, ақырында оған бақытсыздық әкеледі. Әйел ретінде Шұға қоғамның талаптарына құрбан болып, өзін-өзі іске асыру жолында кедергілерге тап болады. Бұл кейіпкер арқылы Майлин әйелдердің өз тандауын жасай алмайтын, өз болмысын толыққанды жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған жағдайын бейнелейді.

Алайда, Шұғаның бейнесі тек тағдырының құрбаны ғана емес, оның ішкі рухани дүниесінің байлығы мен өзін-өзі іздеу үдерісінің символы ретінде де қарастырылуы мүмкін. Ол өзінің махаббаты мен бақытын іздейді, бірақ оны жүзеге асыра алмайды. Оның еркіндікке ұмтылуы қоғам мен дәстүрдің қарсыласуымен соқтығысады.

Майлин шығармасының басты ерекшелігі - ол әйел теңсіздігіне қатысты әлеуметтік сындарды әшкерелеуі. Жазушы қазақ қоғамындағы әйелдің көрген қиындықтары мен әділетсіздікке ұшырауын шынайы түрде суреттейді. Шығармада әйелдердің ішкі әлемі, сезімдері мен армандары қоғамның қысымымен бұғатталғанын көруге болады.

Майлин өз шығармасында әйелді тек үй шаруасына, еркектердің қызметшісіне айналдырған қоғамды сынайды. Әйелдердің жеке өмірі, таңдауы мен өз бостандығы шектелген сәттерді бейнелей отырып, жазушы бұл жағдайларды өзгерту керектігін көрсетеді. Ол әйелдердің өз құқықтарын қорғауы, қоғамдағы өз орнын табуы үшін күресу қажеттігін айтады.

Шұға бейнесі арқылы жазушы қазақ қоғамындағы әйелдердің бостандығының шектелуін, олардың ішкі дүниесі мен сезімдерінің қоғамның ескі дәстүрлеріне қайшы келмеуі үшін қалай құрбан болғанын суреттейді. Майлин бұл туындысы арқылы әйелдердің қоғамдағы теңдігі мен құқығын қорғау қажеттігін атап көрсетеді. Шығарма бүгінгі күнде де өзектілігін жоймай, әйелдер мәселесін терең түсінуге, қоғамдағы әйелдерге деген көзқарасты қайта қарауға шақырады.

Белгілі ғалым, қытайтанушы ақын Дүкен Мәсімханұлының сөзімен айтқанда қазақтың көркем прозасы әлі қалыптасып үлгермеген уақытта, жаңа, еуропалық үлгідегі проза жанрын салған жерден мұндай үлкен көркемдік деңгейде көрсету тек Бейімбет сынды хас таланттың ғана қолынан келеді. Мұнда кейіпкер образдары біртіндеп, оқиға желісі бойынша, басынан өткен істердің арқасында анықталып, көрініп отырады. Махаббатқа деген адалдық, ақылдылық, сезімнің нәзік тұстары қазақ жастарына тән әдеп пен иба салт-дәстүрге сіңіріле отырып баяндалған. Жазушы Шұғаның ажарлығымен қоса мінезінің салмақты, ұстамды, ақылды екенін көрсетеді. Өз заманының қыздарымен салыстыру арқылы Шұғаны биікке көтереді. Әрине, бұл көпке күйе жағу емес. Ал «Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді» деу арқылы Шұғаның зеректігінен, білімпаздығынан хабар береді.

Мен әйел теңсіздігіне ойымды жеткізер болсам, XX ғасырдағы «Қыз баланың бесікте жатқан шағында-ақ біреуге әйелдікке сатып қояды. Соңғы уақытта екі жас біріне-бірі тең бола ма, болмай ма? Оған қарамайды. Тек

тұз-дәмі жарасса жақсы, жараспаса, қыз баланың бүкіл ғұмыры жәбір-жапада өтеді, тимесе дау-жанжал шығуға себеп болып кетеді. 13-14-тегі қыздарыңызды көз жасына қарамай, малға қызығып елу-алпыстағы шалдарға шырылдатып, қолынан ұстап береді. Осылары жөн бе? Алпыстағы шал 13-14-тегі қызға тең бола ма? Тең болатұғын болса, 13-14-тегі ер балаларыңызға 50-60-тағы кемпірлерді неге алып бермейді?».

Менің ойымша әйел теңсіздігіне байланысты бұрынғы кезде жазушыларымыздың өзі көптеген әдебиеттер жазды. Соның бірі осы «Шұғаның белгісі» атты әдебиет емес пе?! Қос ғашық бір-бірін жақсы көріп, ессіз сүйе тұра бірге бола алмауы. Әлбетте, ол уақытта үлкен кісілердің ойлауы мүлде басқаша. Қыз балаға өте жеңіл қарады десем, артық айтпайтын секілдімін. Өзіміз де білеміз әрине, сол кездегі аналарымыздың өзіне қыз дүниеге әкелген болса, жақтырмаушылық көзқараспен қарағаны анық. Сол уақыттағы Шұғаның сипаты мүлде бөлек, кез-келген қыз сәйкес келмейтіні анық емес пе?

Сол заман қыздары өз ойларын жеткізе алмағаны айдан анық. Себебі, жоғары да айтып кеткендей соншалықты қыздарын сүйгендеріне тұрмысқа шығуына еркіндік бермеуі. Қыздың өзі емес, отбасы шешім қабылдауы басты мәселе дейміз. Сондай мәселелерді қарастыра отыра, қазіргі заманмен мүлде сәйкес келмейтініне көзіміз жетеді. Ол анық факт десек те болады, себебі қазіргі заманда әйел адамға үлкен құрметпен қарайды, тіпті кей жерлерді оқысақ, әйел мен ер адам тең дәрежеде деп айтып жатады. Оған әрине, әркім әртүрлі пікір білдіреді. Егде жастағы үлкендеріміз көбінесе қарсы шықса, жастарымыз толықтай келісім береді.

Қазіргі таңда Қазақстанда ерлер тарапынан әйелдерге күш көрсетуді болдырмау сынды жағдайлар жасалып келеді. Сонау бір ғасыр бұрынғы әйел теңсіздігі мен қазіргі тәуелсіз қоғам әйелдері арасында өсу, прогрес бар. Бірақ XX ғасырдағы әйел теңсіздігінің салқын ізі әлі де болса толық жойыла қоймаған сыңайлы. Шағын елді мекендерде қызды қалың мал беріп, сатып алу дәстүрі әлі де бар көрінеді. Жалпы дәстүр болғанда қалың мал қазақтың бұрыннан келе жатқан салты.

Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы - бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Өскелең ұрпақтың рухани жан дүниесін білім нәрімен сусындатып, халқының ерте заманнан жинақталған асыл мұрасымен байытып, ұлттық дәстүрлердің озық үлгілерін санасына сіңіріп, Абай Құнанбайұлынша сөйлесек, «көкірек көзін оята тәрбиелеу» – бүкіл қоғам болып атсалысатын жауапты міндеттердің ең бастысы. Бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат мұраларын студенттердің санасына сіңіре білу қажет. Осы орайда тәлім-тәрбиемен қатар, болашақ ұрпақтың бойына өз тілін құрметтеу және оны ғасырлар бойы сақтау қажеттілігін де ұғындырған абзал.

Адам баласы ұлтына, жеріне, тарихи дамуына, қауымдасуына, діліне қарай дербес мемлекеттер болып өмір сүріп жатқанда тіл мәселесінің мазмұны да, мәні де артатындығы белгілі. Бұл арада қазақ халқының саяси тәуелсіздік алып, өз алдына жеке ел болуы – оның тілінің де еркіндік алуымен, кедергісіз өрістеуімен тікелей сабақтасып жатуы керек. Қандай халықтың болсын егемендікке қол жеткізуі – өзінің байырғы ұлттық құндылықтарына оралуын білдіреді. Өйткені тәуелсіздігіміздің мәні қандай болса, тіліміз де соншалықты маңызды. «Мемлекеттік тіл – Қазақстан халқын біріктіруші аса маңызды факторы» яғни, Ана тіліміздің қоғамдағы орнын айқын. Осы орайда, мынадай терең мағыналы сөздер ойымызға оралып отыр: «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде не бар екен! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған - оның ғажайып тілі». «Адам ұрпағымен мың жасайды» - деген Лұқпан хакім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазіргі қазақ әдеби тілі: Бүгіні және болашағы. Ғылыми-теориялық конференция материалы. - Алматы: Ап. ҰПУ, 1998. - 420 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 373б.
3. Нұрғалиев Р. Дән – Алматы: Жалын 1977. - 248б.
4. Нұршайықов Ә. Деректі кітап дидары // Қазақ әдебиеті. 31.03.1978.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ СИМУЛЯЦИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Кульджатаев Мухтар Маулетказиевич,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу
университетінің оқытушы-ассистенті
Талдықорған, Қазақстан

Қазіргі әлем төтенше жағдайлардың саны мен қарқындылығының артуымен бетпе-бет келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша, су тасқыны, жер сілкінісі және дауыл сияқты табиғи апаттар соңғы онжылдықтарда климаттың өзгеруіне байланысты өсті. Сонымен қатар, индустрияландыру және қалалардың кеңеюі техногендік апаттардың, соның ішінде өндірістік апаттар мен көлік оқиғаларының өсуіне әкелді. Университеттер білім беру және ғылыми орталықтар ретінде осындай оқиғалардың салдарын болдырмауға, бағалауға және тиімді басқаруға қабілетті мамандарды даярлауда шешуші рөл атқарады.

Төтенше жағдайларды басқару бойынша практикалық оқытуға бағытталған бағдарламалар студенттерге командалық жұмыс, стресске төзімділік, белгісіздік жағдайында шешім қабылдау және дағдарысты басқарудың жедел аспектілерін түсіну сияқты маңызды дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ студенттерді өзгермелі жағдайларға тез бейімделуді, айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және эвакуациялық немесе құтқару шараларын ұйымдастыруды қажет ететін кәсіби қызметке дайындайды.

Мұндай бағдарламаларды енгізу қажеттілігінің негізгі себептерінің бірі жекелеген кәсіптік салалар үшін ғана емес, бүкіл әлеуметтік жүйе үшін ықтимал төтенше жағдайларға дайындықтың маңыздылығы болып табылады. Төтенше жағдайлар кезінде көптеген адамдардың денсаулығы мен өмірі әртүрлі ұйымдардың қызметкерлерінің сауатты және жылдам әрекеттеріне байланысты болуы мүмкін. Болашақ мамандардың дағдарыстық жағдайларға кәсіби дайындығы қоғамның апаттарға жалпы тұрақтылығын арттырады және олардан болатын зиянды азайтады.

Сонымен қатар, мұндай бағдарламалар студенттерге азаматтық жауапкершілік пен әлеуметтік қорғауға деген адалдық сезімін тәрбиелеуге көмектеседі. Тренингтерді, модельдеуді және модельдеуді оқу жоспарларына жүйелі түрде енгізу студенттердің белсенді қатысуын ынталандырады және оларда өзін-өзі тәрбиелеу мен бастамашылықтың жоғары дәрежесін қалыптастырады. Студенттер дағдарысты басқарудың

теориялық аспектілерін үйреніп қана қоймай, қауіпсіз білім беру ортасындағы нақты жағдайларды модельдеу арқылы білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асырудың негізгі тәсілдері симуляциялық тренингтерді, пәнаралық жобаларды және оқытудың интерактивті әдістерін қоса алғанда, заманауи әдіснамалық тәсілдерді кешенді түсінуді талап етеді.

Симуляциялық тренингтер. Білім беру практикасында симуляциялық тренингтерді қолдану барған сайын маңызды бола түсуде. Оқытудың бұл әдісі студенттерге шындыққа мүмкіндігінше жақын жағдайда кәсіби қызметке қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, модельдеу клиникалық немесе өндірістік жағдайларды модельдеуге көмектеседі, бұл процестерді терең түсінуге ықпал етеді және теориялық білімді практикада қолдану кезінде студенттердің сенімділігін арттырады [1,45-6]. Сонымен қатар, зерттеулер модельдеу сыни ойлау мен шешім қабылдау дағдыларын тиімді дамытатынын көрсетеді, бұл әсіресе медициналық және инженерлік мамандықтарда маңызды [2,112-6].

Симуляциялық тренингтердің тиімділігі осындай әдістердің оқу нәтижелеріне оң әсерін көрсететін зерттеулермен расталады. Атап айтқанда, Денсаулық сақтау саласында [3, 78 б] модельдеу процедуралардың дәлдігі мен тиімділігін арттыра алады, бұл нақты әлемдегі қателіктердің ықтималдығын азайтады. Виртуалды және кеңейтілген шындық [4,89-6] сияқты инновациялық технологиялар модельдеуді одан да шынайы етеді, осылайша білім беру әсерін күшейтеді.

Пәнаралық жобалар. Пәнаралық жобаларды оқу бағдарламаларына қосу күрделі мәселелерді тереңірек түсінуге және қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие дағдыларды дамытуға ықпал етеді. Мұндай жобалар студенттерден әртүрлі пәндерден білімді біріктіруді талап етеді, бұл олардың күрделі мәселелерді шешу қабілетін дамытады. Зерттеулер көрсеткендей, пәнаралық тәсіл оқу үлгерімін жақсартады және коммуникативті және командалық дағдыларды дамытады [5,134-6]. Мұндай жобаларға қатысатын студенттер теориялар мен нақты жағдайлар арасындағы байланысты көруді үйренеді, бұл олардың аналитикалық ойлауын және проблемаларды шешу қабілетін арттырады [6,47-6].

Пәнаралық жобаларды табысты іске асыру әртүрлі мамандықтардың оқытушылары арасындағы тығыз ынтымақтастықты және студенттердің белсенді қатысуын талап етеді. Оқытушылар бірлескен шығармашылық үшін жағдай жасап, идеяларды сыни тұрғыдан талқылауды [7,55-6] ынталандыруы керек. Сонымен қатар, мұндай жобалардағы рефлексияның маңыздылығын бірқатар зерттеушілер атап көрсетеді, өйткені бұл

студенттерге олардың жетістіктері мен қателіктерін талдауға көмектеседі, бұл олардың одан әрі дамуына ықпал етеді [8, 103-б].

Оқытудың интерактивті әдістері. Интерактивті оқыту әдістері, соның ішінде пікірталастар, іскерлік ойындар және миға шабуыл студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етеді. Оқытудың белсенді тәсілдері дәстүрлі дәрістермен салыстырғанда материалды игерудің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді [9,76-б]. Мысалы, іскерлік ойындарды қолдану студенттердің стратегиялық ойлау дағдыларын және белгісіздік жағдайында шешім қабылдау қабілетін дамытады.


Интерактивті оқытудың бір түрі – студенттер үйде жаңа материалды үйренетін және сыныпта практикалық тапсырмалармен жұмыс жасайтын төңкерілген сынып әдісі. Бұл материалды тереңірек түсінуге және өзін-өзі оқыту дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Онлайн платформалар мен интерактивті тақталар сияқты цифрлық технологияларды қолдану динамикалық оқу ортасын құруға ықпал ететін интерактивті әдістердің әсерін күшейтеді.

Осылайша, симуляциялық тренингтерді, пәнаралық жобаларды және интерактивті оқыту әдістерін қамтитын білім беру бағдарламаларын әзірлеу студенттердің қажеттіліктерін мұқият жоспарлауды және ескеруді қажет етеді. Бұл тәсілдер оқытудың тиімділігін арттырады, сыни тұрғыдан ойлау мен проблемаларды шешу дағдыларын дамытады, бұл әсіресе қазіргі әлемде өзекті болып табылады.

Зерттеу барысында тәжірибеге бағытталған әдістердің тиімділігін анықтау негізінде студенттер арасында теориялық және практикалық дағдыларды араластыра отырып, тәжірибе жүргізілді. Тәжірибеге 2-ші және 3-ші курс студенттерінен 23 студент қатысты. Зерттеу барысында төмендегі критерийлер есепке алынды:

1. Сыни ойлау
2. Шешім қабылдау
3. Іс-әрекетке дайындық
4. Өз-өзіне сенімділік
5. Теорияны түсіну
6. Командамен жұмыс

Зерттеу нәтижелері төмендегідей болды:



Сурет 1. Тәжірибеге негізделген оқытудың тиімділігін талдау

1-суретте көрсетілгендей, көрсеткіштердің айырмашылығы (дәстүрлі оқыту үшін 56% және тәжірибеге бағытталған оқыту үшін 82%) тәжірибе арқылы оқуда студенттер сыни және аналитикалық ойлауды әлдеқайда белсенді дамытатынын растайды. Бұл әсіресе төтенше жағдайларға дайындалу үшін өте маңызды, мұнда жағдайды тез талдау, шешімдер әзірлеу және мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдерін табу қажет.

Дәстүрлі оқыту (60%) және практикалық (88%) шешім қабылдауда тәжірибенің айқын артықшылығын көрсетеді. Дағдарыс жағдайында тез және тиімді шешім қабылдау мүмкіндігі шешуші болуы мүмкін. Төтенше жағдайларды модельдейтін практикалық оқыту студенттерге бұл қабілетті нақты жағдайда жаттықтыруға мүмкіндік береді, бұл олардың іс-әрекеттеріне деген сенімділікті айтарлықтай арттырады.

Тәжірибеге бағытталған оқытудың айқын артықшылығы (практикалық оқыту 93%, дәстүрлі оқыту 42%) мұндай бағдарламалардағы студенттердің жедел жауап беруді қажет ететін міндеттерге тікелей тап болуымен түсіндіріледі. Бұл оларды іс-әрекетке ынталандырады, тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар нақты төтенше жағдайларда қолдануға болатын практикалық дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Тәжірибе арқылы оқу кезінде өзіне деген сенімділіктің артуын атап өту маңызды (дәстүрлі 46%, практикалық түрде оқыту 83% дейін). Бұл көрсеткіш практикалық жұмысқа бағытталған оқыту студенттерге өз қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға көмектесетінін растайды, бұл

дағдарыстық мәселелерді шешуге дайындық кезінде өте маңызды. Практикалық тренингтер барысында табысты іс-қимыл тәжірибесі студенттердің өзін-өзі бағалауын нығайтуға ықпал етеді.

Басқа аспектілерде практикалық оқытудың айқын артықшылығына қарамастан, дәстүрлі оқытудағы теорияны түсіну (70%) тәжірибе арқылы оқытумен салыстырғанда (80%) әлі де өз деңгейінде. Бұл дәстүрлі оқыту теориялық дайындыққа көбірек көңіл бөлетінін көрсетеді, бұл барлық төтенше жағдайлардың негізінде жатқан негіздер мен принциптерді тұжырымдау үшін маңызды. Алайда, практикалық оқыту бұл білімді нақты жағдайлардың контекстіне толығымен біріктіруге көмектеседі.

Тәжірибелік оқыту топтық жұмыстың дамуына айтарлықтай әсер етеді. Төтенше жағдайларда командада жұмыс істеу сәттіліктің негізгі факторы болып табылады. Тәжірибеге бағытталған бағдарламалар студенттерге қарым-қатынас, үйлестіру және бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді, бұл олардың экстремалды жағдайларда ұжымдық іс-әрекетке дайындығын айтарлықтай арттырады.

Осылайша, деректер студенттерді төтенше жағдайларға дайындауда тәжірибеге бағытталған бағдарламалардың жоғары тиімділігін растайды. Нақты немесе имитацияланған дағдарыстық жағдайларға негізделген оқыту сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, өзіне деген сенімділік және іс-әрекетке дайын болу дағдыларын айтарлықтай жақсартады, бұл осындай жағдайларда тиімді жұмыс істеу үшін өте маңызды.

Қорытындылай келе, университеттерде төтенше жағдайларды оқыту бойынша тәжірибеге бағытталған бағдарламаларды енгізу табиғи және техногендік апаттармен байланысты тәуекелдердің артуы жағдайында қажеттілік болып табылады. Мұндай бағдарламалардың өзектілігі айқын, өйткені олар студенттердің теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар төтенше жағдайларда тиімді әрекет ету үшін қажет практикалық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Симуляциялық тренингтер мен пәнаралық жобалар сияқты заманауи оқыту әдістерін қолдану дағдарыстық жағдайлардағы іс-әрекеттер туралы нақты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді және студенттердің белгісіздік жағдайында негізделген шешімдер қабылдауға дайындығын арттырады. Бұл тәсілдің тиімділігі студенттердің дайындық деңгейі мен сенімділігінің жақсаруымен расталады, бұл қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі және төтенше жағдайлардың салдарын азайтудағы маңызды қадам.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Smith J., Johnson R. Simulation-Based Training in Professional Education // *Journal of Applied Training Techniques*, 2018. – P. 36-54.
2. Brown L., Williams K. Critical Thinking and Decision-Making Skills in Simulated Environments // *Simulation-Based Learning Journal*, 2020. – P. 98-124.
3. Taylor P., Harris T. Impact of Simulations on Procedure Accuracy in Healthcare Training // *Medical Education Advances*, 2019. – P. 69-83.
4. Clark M., Miller J. Virtual and Augmented Reality in Simulation-Based Learning // *Tech-Enhanced Pedagogy*, 2021. – P. 83-95.
5. Green D., White A. Benefits of Interdisciplinary Projects in Higher Education // *Interdisciplinary Education Review*, 2017. – P. 127-139.
6. Thompson R., Allen P. Enhancing Analytical Thinking through Interdisciplinary Learning // *Collaborative Learning Studies*, 2018. – P. 41-53.
7. Walker L., Scott G. Strategies for Effective Interdisciplinary Collaboration in Education // *Education Methods Journal*, 2020. – P. 45-61.
8. Mitchell C., Roberts E. The Role of Reflection in Interdisciplinary Projects // *Reflective Practices in Education*, 2019. – P. 97-112.
9. Adams J., Carter S. The Effectiveness of Active Learning Approaches in Higher Education // *Active Learning Innovations*, 2020. – P. 71-88.

ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ МАМАНДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ МЕҢГЕРТУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жібек Абдыбековна Ноғайбаева,

Каспий қоғамдық университетінің оқытушысы

Гүлдария Даулетказиевна Рыскелдиева,

Каспий қоғамдық университетінің оқытушысы

Шолпан Кадировна Акимкожаева,

Каспий қоғамдық университетінің оқытушысы

Кәсіби білікті мамандарды мемлекеттік тілде дайындаудың алғышарты – техникалық оқу орнында оқып жүрген студенттер өз мамандықтары саласындағы ғылыми терминологияны толық игеру тиіс. Егерде студент техникалық жоғары оқу орнында мамандық негіздерін ғылыми тұрғыда меңгермесе, онда нағыз біліктілік деңгейіне жете алмайды. Бұл – қазіргі тұрмыс шындығы.

Тіл үйрету кешені маманның кәсіби – дүниетанымдық бағыт-бағдарымен табиғи түрде үйлесу үшін мемлекеттік тілді кәсіби бағдарлы үйретудің мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын айқындайтын факторларды, оның құрылымы мен жүйесін, оқыту технологиялары мен үйренушінің тілдік біліктілігіне қойылатын талаптарды анықтаудың жаңа заманға сай стратегиясы мен тактикасын ұстану қажет. Осы орайда тіл үйренуші студенттің немесе маманның өздігінен жұмыс жасауына, ізденушілік әрекетінің белсенді дамуына бағытталған оқыту технологиялары мен жүйелерін пайдалану тиімді. Атап айтқанда, мемлекеттік тілді үйретудің нәтижеге бағдарлануын, яғни кәсіби техника тілін үйрету сапасының деңгейін көтеруге қатысты алғышарттарды қамтамасыз ететін оқыту технологиясын қолдануға аса мән берілуі қажет [1].

Бағдарламаның негізінде оқулықты жазатын автор біздің ойымызша, біріншіден, сол мамандықты жан-жақты ғылыми негізде игерген, мамандығының тарихын, қазіргі өмірдегі орнын, келешектегі рөлін толық жетік білгендігімен ерекшеленеді. өз ғылымының саласын теориялық және практикалық тұрғыда жетік білетін білікті автор ғана дайындаған еңбегі арқылы нағыз ұлттық мамандарға пайдасын тигізетін құрал жаза алады.

Ұлттық мамандықтарды дайындаудың жаңа бетбұрысы – оларды мемлекеттік тілде жазуға және сөйлеуге қалыптастыру. Ол үшін ұлттық мамандықтарды дайындауға арналған, ғылыми-техникалық жетістіктерге негізделген оқулықтар жазылуы тиіс. Сол бағдарламаны эксперименттік

сынаулардан өткізу - қазіргі уақытымыздың өзекті мәселесі. Әрине, осындай бағдарламаларға негізделген оқулықтар жазылуы тиіс, олай жасалмаса мемлекеттік тілде жазатын, сөйлейтін мамандарды дайындау мүмкін емес.

Келешектегі ұлт маманының тек мемлекеттік тілді ғана жетік игеріп қоймай, қосымша бірнеше тілдерді игеру – қазіргі өмір талабы. Бірнеше тілдерді толық игерген ғана жас маман, біріншіден, күнкөрісіне қажетті еңбекке орналаса алады, екіншіден өз мамандығы бойынша кәсіби толысуға, кемелденуге мүмкіндік алады. Яғни, бірнеше тілді игерген маман өмір бойы кәсіби қалыптасуын жетілдіреді, дамытады, тереңдетеді. Техникалық жоғары оқу орындарындағы мамандықтар бойынша оқитын студенттер үшін кәсіби – ғылыми терминдер жүйесі ұсынылады. Осыдан келіп мемлекеттік тілдің негізінде мамандықтарды дайындайтын ғылыми тіл қалыптасады. Кәсіби терминологиялық жүйені игерудің өзіндік ерекшеліктері бар екенін ұмытпаған жөн, себебі сол ерекшеліктерді толық түсінбеген жағдайда оны толық игеру мүмкін емес, оған осы салада ғылыми ізденіс жасап жүрген ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары толық дәлел бола алады. Кәсіби терминологиялық жүйедегі ғылыми тілді игеру сатылары мынадай ерекшеліктерден құралады:

- ғылыми сөз тіркестерінен ғылыми терминдерді айыра білу;
- ғылыми терминдердің жасалу жолдары мен тәсілдерін игеру;
- ғылыми терминнің негізгі мағынасының, жаңа терең мағынаға айналатынына көз жеткізу;
- ғылыми тілдің тілдік жүйесін игеру;
- ғылыми тілдегі термин баламасының төл-тума терминге айналуы – мемлекеттік тілдің жоғары ғылыми сатыға көтерілгенінің дәлелі [2].

Жаратылыстану, техникалық ғылымдар саласындағы ғылыми тіл стилистикасын игеруде терминдердің көп мағыналығын түсінуге үлкен мән берілуі тиіс. Терминдік синонимдерді түсініп, орынды қолдана білу ғылыми тілде шыңдалудың негізі саласы болып табылады.

Кәсіби тілді меңгерудің ең жоғары сатысы – ғылыми әдебиеттің синтаксисін әдебиет тілінің синтаксисінен ажырата білу, оның ерекшелігін түсініп, ғылыми ойды ғылыми тілдің синтаксисіне негіздей білуді талап етеді. Ғылыми ойлау – ғылыми тіл жүйесіндегі терминдерді керек етеді.

Сондықтан ғылыми тілді игерудің шығар биігі – ғылыми ойлауды дамыту. Бұны ескермеген адамның сөйлеу тілі шолақ, түсініксіз, сөйлемдері шұбалыңқы, тұжырымдары күңгірт келетіні ақиқат.

Студенттердің терминдерді қолдануды игеру үшін, оларға арналған ғылыми-тәжірибелік конференциялар мемлекеттік тілде ұйымдастырылып, баяндама- хабарламаларын ана тілінде жасап үйренуге жағдай жасалуы

тиіс.

Әр студент әр семестрде мемлекеттік тілде екі жазба жұмысын орындауы керек: біріншісі – келешек мамандығы бойынша ғылыми хабарлама, екіншісі - өзінің келешектегі мамандығы бойынша ана тілінде жазылған оқулықтарға талдау жасау. Мұндай жазба жұмыстары студенттердің келешектегі диплом жұмысын, техникалық жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін ғылыми жұмысты мемлекеттік тілде жазуына негіз бола алады.

Ғылыми тілді жан-жақты игерген, оның сан-салалы ерекшеліктерін меңгерген адам қазақи ғылыми сананы қалыптастыруға, ғылыми тілдің ана тіліміздің төрінен лайықты өз орнын алуға үлесін қоса алатынына күмән келтірмейміз. Ғылыми тілді үйрену – ғылыми ойды дамыту, ғылыми ойды ана тілінде қалыптастыру деп ойлаймыз.

Техникалық жоғары оқу орындарындағы орыс тілді оқу топтарында оқитын мемлекеттік тілді үйрету сабақтарының негізгі мақсаты – тіл дамыту, себебі тіл дамыту жұмыстары бір жүйеге келмей, қазақша сөйлеп, жазып үйренулері мүмкін емес екендігін қазіргі тәжірибе дәлелдеп отыр.

Тіл дамыту – тек қазақша сөз байыту емес, сонымен қоса сол сөз қорын белсенді түрде (активті түрде) пайдаланып, бір-бірімен қарым-қатынаста болу.

Мемлекеттік тілде кеңінен сөйлесе білуді дамыту мынадай жүйеде болуы керектігі байқалады [3]:

- тілді практикалық түрде үйрену үшін, мемлекеттік тілді оқытудың өзіндік жүйесін құру;
- тілді практикалық түрде қолдана білу үшін, керекті оқу материалдарын іріктеп, тіл дамытуға ыңғайландыру, сәйкестендіру;
- жұмысына іріктеп алынған оқу материалдары тиімді және ең жаңа әдістемелерге негізделуі тиіс.

Тіл дамыту жұмысының негізгі бағыты – ауызекі сөйлеу болса, ал практикалық қолданыста болуы үшін, соған керекті жағдай туғызылуы керек. Тілдің іс жүзіндегі қолданысы – диалог. Ал, диалог белгілі бір жағдайға (ситуация) құрылады, онсыз тілдік қарым-қатынас жасау, сөйлесу, пікірлесу, ой алмасу мүмкін емес.

Диалогтық сабақтардың ұтымдылығы оның сұрақтарының түсініктілігінде, себебі қойылған сұрақта 60-70 пайызы дайын жауап болуы керек, сондықтан сұрақ қоюға үйретуде оның құрылымына, түсініктілігіне, дұрыстығына, сарынына-үніне (интонациясына) көңіл аудару қажет.

Тіл дамыту сабақтарында әңгімелесу әдісі - өте ұтымды әдіс, ол үшін:

- әңгіменің тақырыбын дұрыс таңдау керек;
- әңгімелесетін оқу материалдары студенттерге жақсы таныс және

олар білетін болғаны дұрыс.

Әңгіменің тақырыбы алдын ала келісілген жағдайда, студенттер сабаққа белсенді қатысады да, әңгіме нәтижелі болып шығады.

Белгілі тақырып бойынша әңгіме сабағын өткізгенде, студенттерге сол тақырып бойынша өте жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерін тақтаға немесе олардың дәптерлеріне жазған дұрыс. Бірінші сөйлемді оқытушының өзі не оқытушының басқаруымен студенттер бастайды. Мұндай әдіс студенттердің жұмысын тездетуге мүмкіндік береді. Қиналған жағдайда, екінші сөйлемде де бірігіп құрастырған көп жағдайда ұтымды, нәтижелі болып келеді. Негізгі мақсат – студенттерді ойландыру, әңгімелесуге белсенді түрде қалыптастыру.

Тіл дамыту сабақтарында түрлі жаттығуларды ауызша және жазбаша орындау студенттердің қазақша үйренулеріне тікелей көмек тигізеді. Жаттығулардың түрлері [4]:

- өткен грамматикалық ережелерді тиянақтап, дағдыландыру үшін, сол ережелер жиі кездесетін мәтінді пайдалану, яғни грамматикаландырылған мәтін болуы керек;
- студенттердің белсенді сөз қорын (активті) қолдануға арналған жаттығуларды түрлі сипаттарда шығармашылық-әдістемелік тұрғыда қолдану;
- жүйесі бұзылған мәтінді қалыпты, тиянақты жүйеге келтірілген жаттығулар, яғни логикалық жаттығулар;
- хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдыру жаттығулары;
- синоним, антоним, омоним сөздерін ауызша, жазбаша қолдану жаттығулары, т.с.с.

Тіл дамыту сабақтарында, әсіресе ауызекі сөйлеуде зат пен көрнекілікті пайдалану өте ұтымды әдіс, сондықтан да студенттердің сөз қорын байытуға, өздерінің сөз тіркестерінен сөйлем құрастыруға көп жеңілдік жасайды. Түрлі картиналардың көшірмесін (репродукциясын) пайдалану көп тараған дидактикалық оқу-әдістемелік құралдың бірі екендігі мәлім.

Тіл дамыту үшін университеттің кітапханасындағы диафильмдерді, студенттердің негізгі кәсіби мамандықтарына арналған оқу фильмдерін пайдалану, солардың нәтижесінде қорытынды сабақ өткізу өте тиімді әдіс екендігін біздің тәжірибеміз дәлелдеп келеді. Кәсіби қазақ тілі сабақтарын студенттердің оқып жатқан қазіргі мамандықтарымен байланыстыру, біріншіден, оларды қызықтырса, екіншіден, өздеріне жақын, түсінікті тақырыпта сөйлеу – олардың белсенділігін арттырады. Студенттердің өзара пікір алмасуға сөздік қоры, сөйлеу мәдениеті дағдылары жеткілікті болса кәсіби мамандықтары бойынша жоғары білім иесі ретінде болашақта да

әлеуметтік ортада ой бөлісуге, пікір таластыруға мүмкіндіктерінің мол болары анық.

Қорыта айтқанда, тәуелсіздік Қазақстан Республикасының өндірісі, өнеркәсібі, ғылыми-зерттеу мекемелері салаларында еңбек ететін жоғары білімді мамандарды ұлттық, мемлекеттік тіл ықпалымен дайындау үздіксіз шығармашылық ізденістерімізбен дамытыла береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдің қатынас теориясы және әдістемесі. - Алматы: РБК. 2000.
2. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері, - Алматы: 2000, 167 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Кен ісі және металлургия. 5000-ға жуық термин. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссия бекіткен. Рауан, 2000.

ІСКЕРИ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ СҰХБАТ ЖАНРЫНЫҢ ОРНЫ

Кулайхан Рахмет,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің докторанты
Астана, Қазақстан

Журналистикадағы «жанр» ұғымы публицистикадағы материалды беру пішіні. Оның құрылымдық және семантикалық ерекшелігі бар. Журналист мәтін жазбай тұрып өз материалының жанрын анықтап алуы керек. Өзі таңдаған тақырыпты ашу үшін қандай жанр сәйкес келетінін алдын ала ойластырады. Журналистика теоретиктері жанрды классикалық жүйелеу әдісімен ақпараттық, сараптамалық, көркем-публицистикалық деп бөлгені белгілі [1,5-6]. Жанрлардың ішінде кей жанрлар ақпараттыққа және сараптамалық түрге де жатады. Негізінен іскерлік журналистикада көбіне ақпараттық және сараптамалық санаттағы материалдар көп жазылады. Жедел ақпараттық сарындағы материалдар іскерлік БАҚ-та көп кездеседі және бұл басылым форматына да байланысты. Әсіресе баспасөздің ішінде ақпараттық жанрлар журналдан гөрі газеттерге тән. Сонымен қатар ақпараттық та сараптамалық та жанрларға жататын сұхбат іскерлік бұқаралық коммуникацияда ең көп кездесетін түр. Бұл бизнес саласындағы танымалдылыққа әсер ететін жанр десек те болады. Іскерлік журналистикада сұхбат жанрының алатын орны ерекше.

Зерттеуші ғалымдар сұхбатқа анықтама бергенде ақпарат алудың ең тиімді тәсілі осы жанрда екенін, жаңа ақпаратта таратуда маңызды қызмет атқаратынын, өзекті тақырыпты қозғауда таптырмайтын пішін деп бағалайды. Сұхбат журналист пен сұхбат беруші адам арасындағы қарым-қатынас қана емес, ашық, өзекті тақырыпты қозғайтын шылшыл әңгіме деуге болады. Сұхбаттағы басты элемент автор мен кейіпкер коммуникацияның негізі және бұқараның сол тақырыпқа деген қызығушылығын туғызатын, оның талаптары мен қызығушылықтарын қанағаттандыратындай болуы тиіс. Сұхбат туралы ғалым С.Н.Ильченко: «Сұхбат екі адамның қарым-қатынас актісі, жұртшылықты өздерін мазалаған сауалдарға жауап бере алатындай ақпарат, пайымдаулар мен пікірлер бере алғанда ғана толыққанды сұхбат болып шығады»[2,90-6],- дейді. Расында сұхбат екі немесе одан да көп адамдар тобы қатысатын, арнайы сұхбаттың жүргізуші бар, өзекті тақырыптарды көтеретін, аудиторияның сұранысына ие жанр болып саналады. Іскерлік БАҚ-тағы сұхбаттың ерекшелігі: бұқаралық коммуникация арқылы таратуға бағытталған, болатын әңгіменің қоғамдық сипаты болуы, сұхбаттасушы

іскерлік саладан хабары мол болуы, әңгімелесушілер арасында тікелей байланыс болуы, сұрақ пен жауап кешені маңызды, өзекті мәселеге арналуы шарт.

Сұхбат ішінде ең көп кездесетін түрі *ақпараттық сұхбат*. Жаңалықтарды хабарлайтын қысқа сұхбаттың түрі. Мұндай сұхбаттың мақсаты бұқараны кейбір жаңа құбылыстармен таныстыра отырып, қысқа да нұсқа сұрақ беріліп, жауап алынады (Не? Қашан? Қайда?). Бұл сұхбатқа әдетте қоғамдық өмірдің бір саласында белгілі және көпшілік қызығушылығын тудыра алатын тұлға болуы мүмкін. «Экономика» газетінде 2016 жылғы 27 сәуірдегі санында «Туризм - көп қырлы сала» атты ақпараттық сұхбат жарияланған. Бұл сұхбатты бернуші С.Р. Ердәулетов туризм географиясы докторы, профессор. Үш қана сұрақтан құралған материалда журналист Айман Жакупова туризмнің көп қырлы аспектілерін ашып, туризм географиясы ұғымына түсінік береді. «Туризмнің географиялық ортамен, қоғаммен, оның қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық географияның салалық пәні болып табылатын туризм географиясы зерттейді» [3], - дей келе, әлемдегі туризмді зерттейтін ғылым болуы тиістігі, туризмнің көпқырлылығына молынан түсінік беріледі.

Портреттік сұхбат мақсаты әңгімеге келген адамның эмоционалдық портретін жасау мен сол адам туралы мәліметтерді молынан беріп, кейіпкердің мінезін ашуға бағытталады. Мысалы, «Деловой» журналының 2008 жылғы 6 (8) санында «Элитная профессия - аудитор» атты портреттік сұхбат жарияланған. Онда ЖШС «Сапа - Аудит» мекемесінің басшысы Кульбаршын Базарбековадан сұхбат алынған. Қазіргі нарықтағы аудит мәселесінің өзектілігі, осы компанияның өсу жолдары, кездескен қиыншылықтар мен бүгінгі күнгі жетістіктері жан-жақты сөз болған. 11 жыл бойғы нарықтағы қызметтің жетістері берден келмегені, үш адамнан бастап, қазір компанияда 35 қызметкер жұмыс істеп жатқаны, алғашқы жылдары тек салық есептерін ғана тексеріп, келе-келе консалтинг қызметін қоса атқарып, бухгалтерлер мен аудиторлардың білімін жетілдіру курстарын ашумен шектелмей, экономикаға қажетті нормативтік құжаттарды жасауға әлеуеттері жетіп отырғанын кейіпкер мақтанышпен айтады [4]. Журналист Ақбота Байменова қойған сұрақтар кейіпкер көкейінен шығып, нақты әрі толыққанды ақпарат беріп, өз компаниясының қызметі туралы жан-жақты деректер мен цифрларды сөйлету арқылы жасырын жарнама беріп отырған сияқты әсер қалдырады. Компания басшысы өз білімі арқасында аудит стандарттарының автоматтандырылған компьютерлік бағдарламасын халықаралық стандарттарға сай жасап шыққанын мақтанышпен айтады. Портреттік сұхбат өз межесіне жеткен және автор өзі таңдаған кейіпкер Кульбаршын Базарбекованың бейнесін

толық ашқан деуге болады.

«Экономика» газетінің бірінші бетінде «Біздің сұхбат» айдары бар. Осы салада мол табыстарға жеткен немесе экономика саласының өзекті мәселелеріне арнап алынатын бұл айдардың маңызы зор. «Ең үлкен байлық - халықтың құрметі» деп аталатын сұхбат кейіпкері еліміздің экономикасын нығайтып, өркендетуге үлес қосқан ардагер Сұлтан Жиенбаев. Сұхбат автор Ботагөз Әбдірейқызы. Ұлы Отан соғысына қатысқан кейіпкер соғыста үш мәрте жараланғаны, 1944 жылы елге оралып, Түркістан-Сібір темір жолында жұмыс істеп, басшылық қызметтерде болғаны толыққанды баяндалған. Кейіннен Сауда министрі қызметінде атқарған кейіпкер Қазақстандағы сауданың материалдық базасын нығайтуға көп үлес қосқанын әңгімелеп береді. Портреттік сұхбат көлемді және журналист қойған сұрақтардың бәріне жақ-жақты, толық жауап ала алған. «Меніңше жастарды қызметтік баспалдақпен өсіруде асығыстық жасауға болмайды. Бұрын біздің министрлер өз орнында көп жыл отыратын. Республика үлкен ғой, барлығын біліп, танып, түсініп, мәселені шешу үшін уақыт керек. Сонда ғана жұмыс кәсіби жүреді. Егер бүгін келіп, ертең кетіп жатса, ондай қызметте қандай жауапкершілік болады?» [5]. Кадр мәселесіне көп көңіл бөлініп, мемлекеттік қызметтің белеін көтеру жолдарын көрсеткен кейіпкер өз өмір жолындағы тәжірибелерін қызықты баяндайды.

Сарапшы сұхбатында іскерлік салада қызмет ететін тұлғаның оқиғаға, дерекке, мәселеге егжей-тегжейлі түсініктемесі беріледі.

«Деловой взгляд» журналының 2015 жылғы ақпандағы санында сарапшылар сұхбаты «Есть опасно» атты материалда жарияланған. Азық-түліктің қымбаттау мәселесі, инфляция, ас-судың сапасы туралы қысқаша сұхбат берген мамандар осы азық-түлік саласының білгірлері. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы, тұтынушылардың қанағаттану дәрежесі сарапшы мамандар тарапына бағаланған. Қазақстандағы азық-түлік сапасының жағдайы туралы бес маман сұхбат беріп, өздерінің қысқа сұрақтарға қысқа жауап берген мәтінінен байқағанымыз азық-түлік тапшылығы сезіліп отырғаны, мемлекеттік бағдарламалар тетіктері дұрыс жұмыс істемей отырғанын сынайды. Халықтың жағдайын инфляция төмендетіп отырғанын тек сарапшылар пікіріне сүйеніп беріп қоймай, әртүрлі кесте, инфографика арқылы түсіндірген журнал редакциясы өз материалын өте тісінікті және жан-жақты мәліметтермен, сандармен, статистикалық есептеулермен түсінікті бере білген.

«Деловой взгляд» журналының 2014 жылғы тамыздағы санында «Жизнь – это движение!» атты портреттік сұхбат берілген. Журналист Альжан Дүйсенбаевтың «Құрдас- 7» ірі құрылыс заттарын сататын оңтүстік астанадағы базардың директоры Күлпаш Түлеубаевадан алған сұхбатының

көлемі аз. Бірақ осы көлемнің ішіне көп мағына сығызған автор үш-төрт сұрақ төңірегінде кейіпкердің бейнесін толық ашқан. Кәсіпкер Күлпаш Түлеубаева өмір жолында кездескен қиыншылықтардың оған сабақ болғанын, құлаусыз, тұру жоқ екенін тілге тиек еткен кейіпкер өмірдің қозғалыссыз болмайтынын, өз қарамағандағы қызметкерлерге құрметпен қарау мен жағдай жасау жеңістің кілті деген кейіпкер өмірінің көлеңкелі, жарқын тұстары туралы ашық баяндап берген [6,8-6].

Сараптамалық сұхбатта кейіпкер зерттелетін тақырыптың тәжірибелі қатысушысы болуы шарт. Бұл жерде сұхбат алушы сауалнама түріндегі емес сауалдарға толық жауап алуды қамтамасыз етуі керек. Мұнда нақты іскерлік саланы білетін маман ретінде әрекет етуі тиіс. «Экономика» газетінің «Біздің сұхбат» айдарымен берілген «590 млрд 742 млн теңге жария етілді» атты сараптамалық сұхбат жаряланған. Сұхбатта С.С.Родин Қазақстан Республикасындағы тұруға ықтиярхаты бар адамдарға мүлікті жария етуіне байланысты рақымшылық жасау мәселелері бойынша ақша мен мүлікті өздігінен жарияласа көп жеңілдіктер берілетін айтылған. Өткен жылдардағы осы саладағы жетістіктерге сараптама жасалып, материал барысында көптеген деректер мен статистика мәліметтері келтірілген. Бұл сұхбаттан көп ақпаратпен қатар, нақты деректер алуға болады. «2016 жылы 1 мамырдағы жағдай бойынша республикада 594 964 825 00 теңге шамасында қаржыға 924 банк шоттары ашылды. Біздің өңірде бұл күнге 590 742 00 теңге шамасына 14 шот ашылды» [7]. Бұл сұхбатта журналист Г.Әжігереева сауалдарды ретімен қойып, толық сараптамалық жауап алып отырған. Әр сұраққа толыққанды жауап берген С.Родин берілген цифрлардың шығуы, кірістер мен шығыстарды жаппай декларациялау мәселесін толығымен қамтып өткен.

Проблемалық сұхбат сұхбаттың ең қиын түрі және оған қатысушылар біліммен жан-жақты қаруланған, ақпараты мол болуымен қатар тақырыпты терең зерттеген респонденттер болуы шарт. «Экономика» газетінің 2016 жылғы 2 наурыздағы санында «Заңдылық пен құқықтық тәртіп – уақыт талабы» атты сұхбат жарияланған. Сұхбат алушы журналист Амангелді Шопан. Сұхбат беруші Еркін Оңғарбаев ҚР Бас прокуратурасы Құқық қорғау академиясының бірінші проректоры. Бұл сұхбат қоғамның өзекті мәселесі заң талаптарын орындау мен құқықтың тәртіптің сақталуына байланысты өрбіген. Журналист республика бойынша алынған статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп мәселелерінің сақталу барысы қандай жағдайда деген сауал қояды. «Түрмеде отырғандардың саны 4 жылда 25% яғни 52-40 мың адамға кеміген. Әлемдік рейтингте Қазақстан өз позициясын 55 орынға дейін жақсартты: соттар бірден бас бостандығынан айырып тастаудан гөрі,

басқа жазаларды қолданудың амалдарын қарастыра бастады, яғни бас бостандығынан айыру емес, бас бостандығын шектеуге басымдық берілді» [8]. Сұхбат беруші әлемнің барлық елдерінде ұсақ құқық бұзушылыққа жол бермеу шаралары бұрыннан барын айта келе алдағы уақытта елімізде мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларын, құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру әдістемелері енгізіліп жатқанын түсінікті баяндайды. Бұл проблемалық сұхбатта үш қана сұрақ қойылғанымен тақырып жақсы ашылған. Сұхбат беруші осы саланың жоғары санаттағы маманы болғандықтан әр сауалға сауатты, терең, жан-жақты жауап бергенін көреміз. Өзі жұмыс істейтін Құқық қорғау академиясының жұмыстары мен алдағы кезеңдерде атқаратын қызметі туралы толыққанды ақпарат алуға болады. Бұл сұхбатта кесте мен инфографиялық элементтер пайдаланылып, тақырыптың ашылуына өзіндік үлес қосқан.

Қорыта айтқанда Қазақстандағы іскерлік бұқаралық коммуникация құралдарында ресми іскерлік стильге басымдық беріледі. Журналистиканың сұхбат жанрының көрінісі іскерлік коммуникацияда төмендегідей сипатта орын алып келеді. Іскерлік журналистикада басқа салалардағыдай жанрлар трансформациясы орын алып, аудитория сұранысын қанағаттандыру мақсатында ақпарат тарату арналарының әлеуметтік институттарға, оның ішінде әлеуметтік желілерге бейімделу үрдісі байқалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шиндалиева М.Б. публицистика жанрлары мен пішіндері. – Алматы: Эверо, 2015.
2. Ильченко С. Н. Интервью в журналистике: как это делается: учеб. пособие / - СПб.: С.-Петербург. гос. ун-т, Ин-т «Высш. шк. журн. и мас. коммуникаций», 2016. - 236 с.
3. Жакупова А. Туризм - көп қырлы сала. // Экономика. № 16 (450). 27 сәуір, 2016.
4. Байменова А. Элитная профессия – аудитор. // Деловой. №6 (8), 2008.
5. Әбдірейқызы Б. Ең үлкен байлық - халықтың құрметі. // Экономика. №28 (462). 20 шілде 2016.
6. Дүйсенбаев А. Жизнь – это движение! // Деловой взгляд. Тамыз; 2014.
7. Әжігереева Г. 590 млрд 742 млн теңге жария етілді. // Экономика. № 29 (463). 27 шілде, 2016.
8. Шопан А. Заңдылық пен құқықтық тәртіп – уақыт талабы. // Экономика. № 8 (442) 2 наурыз, 2016.

ГОНЗО-ЖУРНАЛИСТИКА: ЖАҢА СТИЛЬДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ ҮРДІСТЕРІ

Темірлан Ерланұлы Мүсілімов,
«Тұран» университетінің 1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

Мультимедиалық технологиялардың қарқынды дамуы медиакеңістіктегі контент сапасы мен пішінін өзгертті. Жаңа медиа инфрақұрылымының қалыптасуы, сонымен қатар, классикалық журналистика форматтарының өзгеруіне әкеліп, жаңа әлеуметтік-мәдени құбылыстарды туғызады. «Жаңа медиа» терминін зерттеушілер еңбегінен көп кездестіреміз және оған жан-жақты анықтама берген ғылыми туындылар жетерлік. Ал «жаңа журнализм», «гонзо-журналистика» терминдері Қазақстанға қарағанда шетелде ғылыми айналымда кеңірек қолданылады.

Зерттеушілер гонзо журналистикаға әр түрлі анықтама береді. «Гонзо журналистика – бұл дәстүрлі журналистикадан айырмашылығы бар, негізінен субъективті және эмоционалды стильде жазылған, журналист пен оқырман арасында шынайы және ашық байланыс орнатуды мақсат ететін журналистиканың түрі» [1]. Гонзо-журналистика дегеніміз – тәуелсіз журналистика. Гонзо-журналист ешкімнің қарамағында жұмыс істемейді, оқиға ортасында өз бетінше жүріп өз эмоциясын, ойын ашық жеткізе алады [2].

Деректерге сүйенсек, гонзо журналистикасының негізін қалаушы - американдық журналист Хантер С. Томпсон. Ол мақалаларында өзін оқиғаға тікелей қатыстыра отырып жазды. Мұндай стиль оқырмандарды қатты қызықтырды. Оның ең танымал шығармаларының бірі – «Fear and Loathing in Las Vegas» (Лас-Вегаста қорқыныш пен жиіркеніш), онда ол өзінің есірткіге тәуелділігін, саяси көңіл-күйін және қоғамдағы жағдайға деген көзқарасын жазады [3]. Осылайша 1960-жылдары «жаңа журнализм» аясында әдебиетке жақын журналистиканың жаңа жанры пайда болды.

Гонзо журналистиканың басты ерекшелігі – авторлық позицияның еркіндігі. Сол себепті бұған АҚШ аудиториясы қатты қызығушылық танытып, елдің ақпарат құралдары бұл стильді ұтымды пайдаланды. Зерттеу барысында байқағанымыз, гонзоны ресейлік мамандар да тиімді қолданып жүр. Ал қазақстанда толыққанды гонзо контентті кездестіру қиын, бірақ гонзоның элементтері бар материалдарды көруге болады.

Медиамамандар бұл жанрға қызығушылықтың артуы ақпаратты ұсынудың қарапайымдылығы мен авторлық «Мен»-нің жоғары болуымен

түсіндіреді. Мұндай өнімнің эксклюзивтілігі оның интернетте таралуына ықпал етеді.

Ғалымдар гонзо-журналистикаға тән бірнеше ерекшелікті көрсетеді:

1. Субъективтілік: журналист өз пікірін ашық айтады, оқиғаға деген көзқарасын анық көрсетеді.

2. Көркемдік тәсіл: мәтінде көбінесе әдеби тәсілдер, гиперболалар мен метафоралар қолданылады.

3. Жеке тәжірибе: журналист оқиғаға қатысушы болады, өзіндік тәжірибесін баяндап, сол арқылы оқырмандарға әсер етуге тырысады.

4. Шынайылық пен ашықтық: гонзо журналистикасында журналист өз сезімдерін, ойларын ашық түрде жеткізеді, оған қатаң шектеулер болмайды [4].

Жоғарыда атап өткеніміздей гонзо-журналистиканың негізін қалаушы Х.Томпсон – кәсіби журналист, ол бұқаралық ақпарат құралдарын контрмәдени идеяларды насихаттау құралы ретінде қолданған. Оның контрмәдениетке қатыстылығы шығармашылығында ғана емес, сонымен қатар өзі жасаған культтік имиджі арқылы да қалыптасты. Ол үнемі мундштук, күннен қорғайтын көзілдірік және бас киім киіп жүрді. Жазушының қарсылық пен әлеуметтік реакциясы түрлі наразылық шерулері мен және митингілерге қатысуы арқылы көрінді. Ғалымдар дерегіне сүйенсек, 1970-жылдардың соңына қарай контрмәдениет біртіндеп жаңарып жаппай мәдениетке айналды. Осы уақытта Х. Томпсон культ тұлғаға айналады. Ол контрмәдени идеяларды білдіру үшін ерекше авторлық стиль қажеттігін түсінді. Соның нәтижесінде гонзо-журналистика туындады [5].

Х. Томпсонның гонзо бағытындағы танымал еңбектері – осы салада өздерін көретін журналистер үшін үлгі боларлық туындылар және әлі күнге дейін құндылығын жойған жоқ.

«Fear and Loathing in Las Vegas» – Хантер Томпсонның ең танымал еңбегі, онда ол өзін толықтай әңгімеге кірістіреді. Ол есірткілердің әсерінен болған тәжірибесін, саяси науқандар мен қоғамдық ахуалды зерттейді. Бұл шығарма желісімен фильм түсірілген (1998 ж.).

«Hell's Angels: The Strange and Terrible Saga of the Outlaw Motorcycle Gangs» – Хантер Томпсонның бұл шығармасы да гонзо журналистиканың айырықша үлгісі. Онда Томпсон мотоклуб мүшелігіне өтіп, олардың өмірін өзі бейнелейді.

«The Great Shark Hunt» – мұнда Хантер Томпсонның саяси оқиғаларға қатысты мақалалар мен эсселері жинақталған. Бұл туындыларында да ол өз пікірін ашық білдіреді.

Бүгінде бұл стильді көптеген блогерлер қолданады. Гонзо журналистика элементтерін әсіресе саяси немесе әлеуметтік мәселелерге

арналған блогтарда қолданады.

Тақырыпқа зерттеу жүргізу барысында дәл қазіргі таңда гонзоны ұтымды пайдаланып отырған бірнеше ақпарат құралын анықтауға тырыстық. Оның бірі АҚШ-қа тән «Vice Media» басылымы. Ол отызға жуық елде шығып тұрады. Олар көптеген әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтере отырып, журналистік зерттеулерді шынайы және эмоциялық тұрғыдан жеткізеді [6].

Келесі медиа – музыка мен поп-мәдениетке арналған «Rolling Stone» журналы. Бұл басылымның мақалалары да осы стильде жазылған [7].

Ресейде шығатын «Lenta.ru» онлайн басылымда «Офтопик» айдары [8] және «Газета.Ру» -дағы «Портфель» айдары да [9] гонзо ресурстардан тұрады.

Гонзо стильінде жазу көбінесе эмоциялық тұрғыдан күшті әрі креативті болғандықтан, оның аудиториясы да көп.

Ғалым И. Деминаның пікіріне сүйенсек, гонзо-журналистика – ең алдымен әлеуметтік журналистика, оның мақсаты қоғамның қоғамдық, саяси және басқа да салаларындағы құбылыстарды авторлық ретрансляциялау. Ол публицистиканың ерекше стилі. Уақыт көрсетіп отырғандай, публицистикалық мәтін уақыт талаптарына сәйкес өзгеріп отырады, қазіргі жағдайда бұл талаптар тұлғалық жарияланымдарға бағытталған, мұнда автор ақпараттық сұраныстар мен аудиторияның когнитивтік мүмкіндіктерін ескере отырып, диалогты барынша тиімді етуге тырысады. Ақпарат алушы тек оның сұранысын қанағаттандырып қоймай, сондай-ақ жаңалықтар тақырыбын қалыптастыру процесінің толыққанды қатысушысына айналады [10, б. 150].

Зерттеушілер желідегі қазіргі публицистикалық ағымдарды біртұтас электрондық үдеріс ретінде қарастыру керек деген пікір айтады. Оған бірнеше жаңа публицистикалық стильдер кіреді. Интернет журналистиканы айтарлықтай өзгерткенін байқаймыз. Бірақ дәстүрлі ақпарат құралдарының барлығы интернет туғызған жаңашылыққа толық бейімделді деп айту қиын.

Бүгінде электрондық аудитория қатары артып келеді, оларды дәстүрлі контент форматтары жалықтырды, сол себепті енді оқырман гонзо секілді ерекше стильдегі өнімді іздейді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, гонзо – қазіргі заманғы публицистикаға тән ерекшеліктерге ие және оның дәстүрден тыс бағыты деп айта аламыз.

Ал Қазақстанда гонзо-журналистикасының кең таралмауының бір себебі, елдегі массмедиаға қойылатын шектеулер, цензураның болуы. Әсіресе саяси немесе әлеуметтік мәселелерге қатысты батыл әрі субъективті пікірлер айту кейде журналистік қауымдастық үшін қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан бұл стильде жазуға көп журналистің батылы

бара бермейді. Жалпы гонзо - журналистер мен блогерлерге өздерінің пікірлерін ашық түрде білдіруге мүмкіндік беретін, сондай-ақ оқырмандармен шынайы және эмоционалды байланыс орнатуға бағытталған тәсіл.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Новая журналистика. – URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Новая_журналистика.
2. Бидәулет Ұ. Жүсіпбек Қорғасбек төбемізден жай түсіргендей болды. <https://ulan.kazgazeta.kz/news/35218>. 09.04.2024.
3. Вульф Т. Новая журналистика и антология новой журналистики. URL: <https://media.fom.ru/crowdspace/projectreview/790/bac/97f/ad2a4835d4885a692f11620.pdf>.
4. Удалова Н.А., Удалова В.А. Стиль «гонзо» в современной журналистике. <https://www.scienceforum.ru/2015/article/2015015379>. 15.04.2023.
5. Gonzo.org: The Beginnings and Concept of Gonzo Journalism. URL: <http://www.gonzo.org/articles/lit/esstwo.html>.
6. Vice Media басылымы. <https://www.vice.com/ru/>
7. Rolling Stone журналы. <https://www.rollingstone.com/7>.
8. «Lenta.ru» онлайн басылым. <https://lenta.ru/>.
9. Газета.Ru. <https://www.gazeta.ru/>.
10. Демина И. Н., Копылова А. Гонзо-журналистика как современный способ художественного отображения действительности. Вестник Волжского университета имени В.Н. Татищева. № 2, том 2, 2023. – С. 150.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН БЛОГЕРЛЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ РӨЛІ

Камила Мұратқызы Болат,
«Тұран» университетінің 1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

Жаңа технологиялардың қоғам өміріне қарқынды түрде енуі азаматтық журналистиканың дамуына ықпал етті. Мамандардың пікіріне сүйенсек, азаматтық журналистикаға деген қадам азаматтық қоғам құруға деген ортаның талпынысы [1, 88-б]. Медиа мамандары азаматтық журналистика дәстүрлі медиа қызметін атқарып отырған жоқ, олар кәсіби журналистика үшін тек ресурс көзі деген пікірде.

Зерттеушілердің пікірінше, елімізде азаматтық журналистика қалыптасу үстінде. Оны қазақстандық бірнеше ғалым құптап отыр. «Қазақ қоғамында азаматтық журналистика біршама дамып келеді» [2, 37-б], «азаматтық журналистика – азаматтық қоғам қалыптастыруға бетбұрыс» [1, 89-б], «Елімізде азаматтық журналистика қалыптасу үстінде. Ақпараттық технология дамыған мына заманда кез келген азамат – журналист. Кәсіби журналистің аяғы жетпеген тұстарға азаматтық журналистика өкілдері жетеді» [3, 75-б].

Азаматтық журналистикаға беріліп жатқан анықтама да көп. Ғалым Ә. Білдебекова азаматтық журналистика – ақпарат саласындағы жаңа үрдіс. Ақпарат жинауда, таратуда, есеп беру мен сараптама жасауда белсенді рөл атқаратын қызмет саласы десе [2], зерттеуші Ә. Тоқсанбек «Азаматтық журналистика – нағыз журналистиканың өзі. Сіз бен біздің, қарапайым халықтың қоғамда болып жатқан оқиғалар мен жайттарға үн қосуы» деген пікірді ұстанады [1]. Дж. Розен болса, азаматтық журналистерді «сөз сөйлеу құқығын алған бұрынғы аудитория» деп атайды [4]. Демек, бұрынғы аудитория қазір ақпаратты оқып қана қоймай оны одан әрі таратып, басқа да тың ақпараттардың туындауына ықпал ете алады. Осылайша аудиторияның коммуникативті белсенділігі жаңа технология көмегімен күшейе түсуде.

Ғалымдар азаматтық журналистикаға тән бірнеше сипатты көрсетеді:

1. Азаматтық журналистика желісінің ауқымдылығы. Мұнда әлеуметтік желі белсенділері мен блогерлер үстемдік етеді.
2. Азаматтық журналистикада шығармашылық еркіндік бар. Блогерлер мен әлеуметтік желі белсенділерінің жазбалары біреудің тапсырысымен жасалған дүниелер емес. Оларға редакциялық ұжымның ақпараттық саясаты үстемдік ете алмайды. Бұл азаматтық журналистиканың ең басты артықшылығы.

Д. Гиллмор блогтар қоғамдық назарды әлеуметтік маңызды мәселелерге аударуға арналған азаматтық бастамаларға айналып, адамдардың өз пікірлерін білдіретін алаңға айналуының өзі маңызды дейді. Блогтар кәсіби журналистердің материалдарынан жақсы болуы мүмкін, себебі олар эфир уақытының немесе газеттегі орынның стандартты шектеулері деген тәртіпке бағынбайды. Дегенмен, зерттеуші блогтардың барлығы аудитория үшін қызықты бола бермейтінін де жасырмайды [5].

Grey Cardinals PR-агенттігінің директоры А. Керимовтің сөзіне жүгінсек, Қазақстанда блогерлік қарқынды дамуда. Бұл интернеттің, әсіресе әлеуметтік желілердің логикалық дамуы. Аудиторияның бұл салаға қызығушылығы сөзсіз монетизацияға әкеледі. Егер бір нәрсе мыңдаған, жүздеген мың, кейін миллиондаған адамға қызықты болса, бұл бизнестің назарынан тыс қалмайды [6]. Оның пайымдауынша, бүгінде әлеуметтік желілердің жетекшілері деп есептелетін танымал блогерлер он-он екі жыл бұрын қарапайым интернет пайдаланушылар болған. Мысалы, Б. Қазыбек әзіл-оспаққа құрылған аккаунты арқылы желіде танымал болып, қазір ТМД бойынша ірі жобаларды қолға алған.

Әлеуметтік желі үдерістеріне назар салсақ, 2013-2014 жылдары юмористік вайнерлер пайда болып, олар бұл салада танымалдықты арттырады. Бірақ одан бұрын блог платформалары (Afftor.kz және uvi) пайда болды, Твиттер шықты. Осы желілер арқылы Е. Рашев, К. Ногаев, А. Елікбаев секілді блогерлердің танымал болуына әкелді.

Мамандар блогерлерді, инфлюенсерлер деп атаған дұрыс деген пікірде. Олар блогерлерді бірнеше категорияға бөледі:

1. Лайфстайл-контент, ол «сәтті жетістіктерді көрсетіп, сізді де соған үйретуге тырысады».

2. Салалық блогерлер: автокөлік, медицина, ас мәзірі, музыка және т.б. Бұлар желіде қатты танымал.

3. Қоғамдық-саяси тақырыпты қамтитын блогерлер. Олар өздерін қоғамдық пікір көшбасшылары деп есептейді. Интернет қауымдастығында оларды қысқаша «ЛОМ» (лидер общественных мнений) деп атайды. Олар көбінесе қоғамдағы маңызды оқиға немесе мәселе туралы көзқарастарын білдіріп, мәселені тек бір қырынан аудиторияларына жеткізеді.

Тәжірибеден көріп отырғанымыздай, қазір блогерлік контент сапасы жақсарған және оларға жазылушыларының саны тұрақты түрде артып келеді. Егер бұрын кез келген микро-инфлюенсер бәрін өз бетінше, қалай болды, солай жасаса, қазір олар продюсер, контент-менеджер, өтінімдер менеджері, хатшы сияқты мамандардан тұратын шығармашылық топ құрып алған. Бүгінде танымал блогерлер осындай командалармен жұмыс істейді. Мысалы, танымал блогер А. Юсупов желідегі қызметін роликтер түсіруден

бастаса, кейін оның аккаунтында фастфуд пайда болды. Қазір онда білім беру орталығы секілді кәсіптері бар. Әрбір танымал блогердің өзіне тән өсу стратегиясы болады және олар әркез жаңа нишалар іздеумен айналысады. Контентті жетілдіреді және оны ұсынудың әдістерін дамытып отырады. Кейбір блогерлер танымал компаниялардың бренд амбассадорларына айналды.

Блогерлер көтерген мәселелер қоғам назарына ілініп, тиісті шешім қабылдауға итермелеген жағдайлар көп кездесіп жатыр. Сол себепті оларды біздер қоғамдық ой-санаға ықпал етушілер деп атай аламыз. Блогер белгілі бір деңгейде ақпараттық кеңістікке ықпал етіп отырғандықтан, оларды азаматтық журналистиканы қалыптастыруда рөлі ерекше екендігін атап өткеніміз жөн.

Блогерлердің ақпарат таратудағы басты ерекшеліктері:

- қоғамдағы маңызды мәселелерді көтері білулері;
- халықтың ойын, ұсыныстарын ортаға салулары;
- әртүрлі көзқарасты беру;
- түрлі ойлар жиынтығын ұсынулары;
- аудиториямен кері байланыстың болуы;
- кез келген уақытта контентті ұсынуы;
- тұтынушысының сол өнімді жариялаудағы белсенділігі.

Медиа сарапшылар азаматтық журналистиканың ұтымды тұстарымен қоса кемшін жақтарын да жоққа шығармайды. Журналист Б. Қуаныштың пікірінше, блогерлер, оқырман-авторлар журналистиканың тілдік, стильдік сапасын төмендетіп отыр. «Публицистиканың эмоционалды-экспрессивті деңгейі әлсіреп, мәтіннің көркемдігі мен мәні, мазмұндық жүйесі арзандады. Интернет тілі деген атауды иемденген «подокафтық сленг» қазақтілді ақпарат кеңістігіне теріс әсерін тигізді. Тілдік нормалардан тыс немесе сленгтік мәтіндер қазақ тілінің күш-қуатын одан әрмен әлсіретті» [7]. Маманның бұл пікірімен ғалым К. Қамзиннің ойы да ұштасып жатыр. Зерттеушінің сөзіне жүгінсек, қазіргі қазақстандық ақпараттық кеңістікте блогтық жұтаң тіл, кибер ой жүйесі қалыптасып келеді. Тіпті, аса бай, аса құнарлы қазақ тілінің варианты деп айтуға сенгің келмейді. Сауатсыздық пен білімсіздіктің көрінісі дәл осы блогосферада. Өтпелі, уақытша құбылыс болса да, қазіргі интернет сауатсыздық резервациясына, шала сауаттылардың дау-дамай, байбаламы мен бетжыртыс алаңына айналды» [8].

Азаматтық журналистика – бұл қоғамның әр мүшесінің ақпаратты жинап, таратуға және талдауға қатысу мүмкіндігін білдіретін үрдіс. Бұл концепция мемлекеттік деңгейде бірнеше маңызды салаларда қолданыс табуы мүмкін:

1. Қоғамдық пікірдің қалыптасуы: азаматтық журналистика мемлекеттік саясатқа әсер етуі мүмкін, өйткені ол азаматтардың мәселелерін, ұсыныстарын және сын пікірлерін қоғамға жеткізіп, билік органдары мен шешім қабылдаушыларға белгілі бір бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл қоғамның талаптарын түсінуге және шешімдер қабылдауда ескеруге көмек көрсетеді.

2. Транспаренттілік пен есептілік: азаматтық журналистика мемлекеттік органдардың жұмысына қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуі мүмкін. Бұл мемлекеттік мекемелердің жұмысын ашық әрі айқын етуге ықпал етеді. Қоғамдық бақылау кезінде мемлекет өз қызметін тиімді жүргізіп, азаматтардың мүддесіне сәйкес әрекет етуге тырысады.

3. Әлеуметтік мәселелердің көрініс табуы: азаматтық журналистика әлеуметтік мәселелерді қозғауға және шешу жолдарын ұсынуға үлкен рөл атқарады. Мысалы, білім беру, денсаулық сақтау, экология және басқа да салалардағы проблемаларды көрсетіп, оларды шешу үшін тиісті органдарға талап қоюға мүмкіндік береді.

4. Жаңашылдық пен инновация: азаматтық журналистика жаңа идеяларды, шешімдерді және әлеуметтік бастамаларды қолдау үшін маңызды алаң болуы мүмкін. Бұл мемлекетке жаңа технологиялар мен тәсілдерді қабылдауға көмектеседі, сонымен қатар қоғамдық жаңаруды қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, азаматтық журналистика мемлекетке қоғаммен тығыз қарым-қатынаста болуға, оның қажеттіліктерін ескеруге және әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге көмектесетін күшті құрал бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тоқтарбай Б. Азаматтық журналистика және оның дәстүрлі БАҚ-қа ықпалы. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы. № 4(137)/2021. – Б. 81.

2. Білдебекова Ә. Ақпараттық қоғам және журналистика. Хабаршы. Журналистика сериясы. №2 (48). 2018. – Б. 72.

3. Білдебекова Ә. Азаматтық журналистика: қалыптасуы мен дамуы. ҚазҰУ Хабаршысы, Журналистика сериясы. №2 (40). 2016. – Б. 38.

4. The people formerly known as the audience. URL:http://archive.pressthink.org/2006/06/27/pp1_frmr.html.

5. Дэн Гиллмор: «Проще и дешевле блогинга технологии продвижения нет!». – Режим доступа: <https://www.psychor.ru/library/2731>. – Дата доступа: 12.10.2017.

6. Слинько Д. Блогосфера в Казахстане достигла своего пика. <https://exclusive.kz/blogosfera-v-kazahstane-dostigla-svoego-pika/>. – Дата доступа: 24.04.2024.

7. Қуаныш Б. Жаңа медиа: аңызы мен ақиқаты. <https://qamshy.kz/author/1-bilal-quanysh>. – Жарияланған күні: 04.03.2013.

8. Қамзин К. Мен ұлттық журналистикаға қызмет етемін! // <http://abai.kz>.

ӨЗГЕ ТІЛДІ АУДИТОРИЯҒА ҚАЗАҚТЫҢ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІ, ТҢЫЙЫМДАР МЕН ЫРЫМДАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Алия Сериковна Токтарбаева,

Каспий қоғамдық университеті колледжінің оқытушысы
Алматы, Қазақстан

Анар Сабырқызы Итемирова,

Каспий қоғамдық университеті колледжінің оқытушысы
Алматы, Қазақстан

Гульдария Даулетказиевна Рыскелдиева,

Каспий қоғамдық университетінің оқытушысы
Алматы, Қазақстан

Әр ұлттың өзіне тән ғасырлар бойы қалыптасқан салты мен ғұрпы, тәлімі мен тәрбиесі, әлеуметтік өмірдің әртүрлі салаларына байланысты жинақталған ырымы мен тыйымы болады.

Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық тәрбие құралдарының тегін тектеп, болмысын тану, оның асылын тарихтың рухани көш-керуеніне ілестіріп отыру арқылы бүгінгі және болашақ ұрпақ қамын қамдау, елімізде өмір сүріп отырған басқа ұлт өкілдеріне осы асыл-маржандарымызды көрсетіп, таныта білу осы арқылы, олардың санасына қазақ халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп халықтық салт-дәстүрлерді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу – басты міндеттердің бірі.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын оқып-үйренбей, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес.

Қазақ тілін өзіндік дәрежеде игерген басқа ұлт өкілдерінің қазақтың мақал-мәтелдеріне, бата-тілектері мен ырым-тыйымдарына деген қызығушылығының оянуы заңды құбылыс.

Мақал-мәтелдер – қазақ даналығының, көрегендігінің айнасы, тіл байлығының асыл қазынасы. Олардың көбі өмір шындығының қорытындысы. Халықтың кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиеті, өмір сүру әрекетінің ережесі, сенімді асыл мұрасы.

Орыс топтарына оқытылатын мақал-мәтелдерді мазмұндарына қарай бірнеше бөлімге бөлу керек. Мақал-мәтелдердің аз сөзбен берілген, тілге

жатық, жаттауға жеңіл түрлерін сұрыптап алып, әр мақал-мәтелдің жанына орыс тіліндегі аудармасын қоса беріп отырған жөн. Мысалы: *Отан, халық туралы*: «Отан-елдің анасы, ел-ердің анасы» (Родина-мать народу, народ-мать джигиту). «Отан-оттан да ыстық» (Родина тепло-огня жарче). *Оқу, білім туралы*: «Білімнің басы-бейнет, соңы-зейнет» (Учение трудно, да плоды учения сладки). «Өмір- үлкен мектеп» (Жизнь-самая большая школа). *Тіл, сөз туралы*: «Ердің көркі-сақал, сөздің көркі -мақал» (Краса лица-борода, краса речи-поговорка). «Көп сөз-күміс, аз сөз-алтын» (Многословие-серебро, молчание-золото). *Достық пен жолдастық туралы*: «Жолдасы көптің олжасы көп» (Друзей много шире дорога). «Сыйласу екі кісіге бірдей» (Дружба крепка взаимностью). *Батырлық, қайсарлық туралы*: «Ел ұлсыз болмас, жер гүлсіз болмас» (Нет земли без цветов, нет народа без героев). *Ар намыс туралы*: «Ер жігітке өлімнен ұят күшті» (Для джигита лучше смерть, чем позор). «Жігіттің құны - жүз жылқы, ары - мың жылқы» (Джигиту цена- сто коней, цена его чести-тысяча коней). *Тәрбие, өнеге туралы*: «Бала тәрбиесі бесіктен» (Воспитание ребенка начинается с колыбели). «Жақсы келін-қызындай, жақсы күйеу-ұлындай» (Хорошая невестка, как дочь родная, хороший зять как сын родной).

Адамгершілік нормаларын уағыздайтын мақал-мәтелдер бөліміне қазақ тілінің грамматикалық ережелеріне құрылымы жағынан сәйкес келетін мақал-мәтелдерді де енгізген дұрыс. Мысалы: *«Зат есімге»* қатысты: «Адам деген ардақты ат» (Человек-достойное человека имя). «Еңбек- адамның көркі, адам-заманның көркі» (Труд украшает человека, а человек-свое время). *«Сын есімге»* қатысты: «Туған жердің ауасы да тәтті» (И воздух на Родине сладок). «Жіптің ұзыны, сөздің қысқасы жақсы». *«Сан есімге»* қатысты: «Бірінші байлық-денсаулық, екінші байлық-ақ жаулық, үшінші байлық-он саулық» (Первое богатство-здоровье, второе-богатство красивая жена, третье богатство-скот во дворе). «Жеті рет өлшеп, бір рет кес» (Семь раз отмерь, один раз отрежь). *«Етістіктің райларына»* қатысты: «Батыр туса ел ырысы, жаңбыр жауса жер ырысы» (Дождь пойдёт земле счастье, батыр родится народу счастье). «Қызым, саған айтайын, келінім сен тыңда» (Дочка,тебе говорю, сноха и ты слушай). *«Есімшеге»* қатысты: «Қимылдаған қыр асар» (Вершину одолеет идущий). «Жығылған күреске тоймайды» (Побежденный снова наровит силу показать). *«Көсемшеге»* қатысты: «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» (Чем быть на чужбине султаном, лучше быть на Родине подметкой). *«Болымсыз етістікке»* қатысты: «Өтірік айтқан жерде көп тұрма» (Не стой долго там, где лгут). «Жатқа сырынды айтпа, өзіңе өтірік айтпа» (Чужому не открывая свою тайну, но и себе не лги). *«Есімдікке»* қатысты: «Өз еліңнің иті де қадірлі» (В своем ауле собака что то значит). «Қазанға не салсаң, шөмішіңе

сол ілінер» (Что положишь в казан, то и зачерпнешь из него). «Үстеулерге» қатысты: «Сырттан келген жаудан да, іштен шыққан жау жаман» (Внутренние распри страшнее врага внешнего). «Қыстыгүні малынды бақ, жаздыгүні шөбіңді шап» (Зимой скот паси, летом сено коси).

Сонымен қатар аталған бөлімдерге «Байлық, кедейлік», «Үнемшілдік, үнемсіздік», «Шеберлік, ұсталық», «Бірлік, сыйластық», «Еңбек», «Ата-ана мен бала», «Ақылдылық, ақымақтық», «Үйлену, үй болу», «Ас, тағам», «Өтірік, шындық», «Қонақ, қонақжайлылық», «Мейірімділік, қулық», «Денсаулық пен ауру», «Жастық пен кәрілік», «Аңқаулық пен кішіпейілдік», «Бақыт, бақытсыздық», «Тәкәппарлық, мақтаншақтық», «Жыл мезгілдеріне» қатысты мақал-мәтелдеріне де осы үлгімен жүйелеуге болады.

Қазақ халқының әдет ғұрпында ақ тілек, ізгі ниет білдіру – ескі заманнан келе жатқан дәстүр. Ол өлең, тақпақ, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде қалыптасқан. Бата – өмірдің пайдалы да тәрбиелі жақтарын алға тартып, күнделікті тіршілікте жаңсақ қадам, жаман әрекеттен сақтандыра отырып, адамдық іс-әрекет, асыл мінез-құлықта, сәт-сапар, оң жол тілейтін өсиет сөз іспетті. Үлкендер бата беріп отырып, жастарға ақыл-өсиет айтады, адамгершілікке, өнегелі ізгі қасиеттерге жетелейді. Батаның бірнеше түрі бар. Бірінші түрі – ерлік, оқу, өнер, өмір жолына, ұзақ сапарға, азаматтар ел қорғауға аттанар алдында көргені көп, тәжірибиесі мол, ауылдың елге сыйлы құрметті ақсақалына әдейі іздеп барып алатын бата:

*Жорытқанда жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын!
Әулие аруақтар қолдап,
қоржының олжаға толсын.
Аман барып, сау қайт
Үйіңнен жазсың дәміңді
Аллаң!*

*Пусть исполнится твое желание,
И будет попутчиком Кыдыр!
Пусть поддержат тебя святые,
духи предков!
Пусть коржыны твои наполнятся
богатством.
Возвратись к родному очагу
Живым и здоровым.*

Батаның екінші түрі – қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде, әдет-ғұрпында ерекше орын алатын мейрам – Наурызбен тығыз байланысты. Наурыз күні жұрт бірін бірі Жаңа жылмен құттықтап, игі тілектер тілесіп, адал ниетпен ақ бата беріскен.

*Наурыз батаның түрлері
Амансың ба?
Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда барса жол болсын!*

*Здравствуй!
Пусть процветает народ.
Пусть будет изобилие!
Куда бы не пошли, пусть*

*Ұлыс бақытты болсын!
Төрт түлік ақты босын!
Ұлыс береке берсін!*
*сопутствует удача!
Пусть будет народ счастливым!
Пусть будет в обилии четыре вида
скота.*

*Бәле жала жерге енсін!
Пусть праздник одарит нас изобилием,
И беда,и клевета,пусть уйдут в землю!*

Батаның тағы бір түрі – ас-дәмге ризашылығын білдіріп, рахметін айту. Әрбір қонақ өзіне арнап сойылатын қойға бата жасап және әр дастарханнан кейін үй иесіне батасын беріп, рахметін білдіріп отыруы шарт.

Әдетте, батаны қонақтардың ішіндегі ең жасы үлкені береді:

<i>Дастарқаның мол болсын</i>	<i>Пусть всегда будет богатым</i>
<i>Абыройың зор болсын!</i>	<i>ваш дастархан!</i>
<i>Уайым қайғыларың жоқ болсын!</i>	<i>Будь всегда в почете!</i>
<i>Қарындарың тоқ болсын!</i>	<i>Никогда не ведайте нужды,</i>
<i>Қайғыларың жоқ болсын!</i>	<i>Будьте сыты и обуты!</i>
<i>Үйіңде шүпірлеген</i>	<i>Пусть обходит горе Ваш дом!</i>
<i>балаларың көп болсын!</i>	<i>Пусть наполнится твой дом</i>
<i>Бақ дәулет берсін бастарыңа,</i>	<i>голосом детей!</i>
<i>Ғұмыр берсін жастарыңа!</i>	<i>И счастье, и богатство никогд</i>
<i>Әумин!</i>	<i>вас не покинут, Живите долго и</i>
	<i>счастливо! Аминь!</i>

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының ырымдары мен тыйымдары, наным-сенімдерінің алатын орны ерекше. Өйткені оларда халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәрбиесі сақталған, ұлттық рухани байлықтың қайнар көзі мен мүмкіндігі көрініс тапқан.

Қазақы тыйымдар мен ырымдарды мағыналарына қарай бірнеше бөлімге іріктеп, әрқайсысының мән -маңызы, себеп-салдары жөнінде қысқаша түсінік беріп отырған жөн. Мысалы:

Адамның іс әрекетіне қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Екі қабат әйелге түйенің етін жеуге болмайды, әйтпесе ол баланы 12 ай көтереді». «Әйел аттылы ер адамның жолын, үлкендердің алдын кесіп өтсе, бақытсыз жағдайға душар болады».

Балаға қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Нәрестенің бетіне ай сәулесін түсірмейді. Ай сәулесі бетіне түссе, ол ауруға шалдығады». «Бейуақытта баланың киімін далаға жаймайды» және т.б

Бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Бос бесікті тербетуге болмайды». «Бесікті сатуға, кез келген адамға беруге, аяқ астына тастауға

болмайды» және т.б.

Нанға қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Таңертең нан ауыз тимей үйден шығуға болмайды». «Асығыспын, нан ауыз тиейін», «Ең құрыса, нан ауыз ти» деген сөздер бекер айтылмаған. «Нанды басып құранды алуға болмайды, құранды басып нанды ал...» және т.б.

Тамаққа қатысты тыйымдар мен ырымдар: «Дастархан басында адамдар жасына қарай отырады. Тамақ әдейі үлкен кісінің алдынан бастап қойылады». «Ыстық тамақты, шайды үрлеп суытпайды. Тамақтың құты кетеді» және т.б.

Қазақтың мақал-мәтелдері, бата-тілектері, тыйым-ырымдары жеткіншек жас ұрпақты әдепті, сабырлы, зерделі, арлы болып өсуге баулиды, малды- басты, дәулетті, бақытты, кешірімді болуын тілейді. Жерін, елін қорғауға талапты жас ұрпақ болып ержетуге талпынтады. Әдепті мінез-құлықты бойына сіңіруге, тазалық сақтауға үндейді. Адамгершілікке, өнегелі, ізгі қасиеттерге жетелейді. Сондықтан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан осынау асыл мұраны барынша бағалап, ізгі дәстүрдің үлгі-өнеге мен тәрбиенің көзі ретінде бүгінгі өмірімізге орнықтыра білу парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. – Алматы: Ана тілі, 1994. 80 б.
2. Кәрімов Х. Қанатты тіл. - Алматы: Санат, 1995. – 144 б.
3. Имандылық бастаулары. - Алматы: Ана тілі, 1998. – 120 б.
4. Қыдырбекұлы Б. Түгел сөздің түбі бір. - Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.

ЖУРНАЛИСТІҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫ

Дана Асқарқызы Жобалаева,
«Тұран» университетінің оқытушысы,
Алматы, Қазақстан

Тұлға – психологияның түпкі және ең күрделі объектісі. Белгілі бір мағынада ол бүкіл психологияны біртұтас етіп біріктіреді және бұл ғылымда жеке тұлғаны тануға ықпал етпейтін зерттеу жоқ. Сонымен қатар, терминнің көп мағыналылығында көрінетін тұлға туралы идеялардың ерекше әртүрлілігін айтуға болады.

Әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Зерттеушілер психологиялық айырмашылықтардың көптеген себептерін түсіндіреді. Бұған генетикалық тұқымқуалаушылық (генотиптер), отбасы мен мектептегі тәрбие, референттік топтардың ықпалы, бұқаралық ақпарат құралдары және т.б. әсер етеді [1]. Тұлғаның әртүрлі концепцияларында тұлға типтері әртүрлі сипатталады. Мысалы, жеке психологиялық теорияларда субъективті мәнге баса назар аударылады: З. Фрейдтің «Эгосы», А. Маслоудың «жеке маңыздануы (актуализация)», К. Ясперстің «рефлексиялық санасы», К. Роджерстің «жеке тұлғаның ішкі өсуі». Әлеуметтік-психологиялық концепцияларда әлеуметтік бірінші орынға шығады: Г. Тардтың «еліктеуі», Л.С. Выготскийдің «қарым-қатынас интериоризациясы», Е. Фроммның «бөтендігі». Тұлғадағы субъективті және әлеуметтік-рөлдік үйлесімінің мысалы ретінде Сергей Рубинштейн, Артур Петровский, Эрик Берн және т.б. атап өтуге болады [2].

Бүгінгі таңда журналистикадағы еркіндік мәселесі мінез-құлықты сыртқы бақылау деңгейінен (цензура) ішкі таңдау деңгейіне көшті. Журналист күн сайын дерлік жақсылық пен жамандықты ажырату мүмкін болмайтын моральдық дилеммаларға тап болады.

Көпшілік үшін журналистика – нағыз рухани сыналу мектебі. Сондықтан жеке құндылықтарды, өмірлік мәндер мен идеяларды нақты түсінбей, ішкі тұтастықты, кейде тіпті психикалық денсаулықты сақтау мүмкін емес.

Қазіргі отандық журналистика әлемдегі және Қазақстан қоғамындағы жаһандық өзгерістерге тез бейімделеді. Зерттеуші ғалымдар журналистика эволюциясының негізгі тенденцияларының бірі журналистік мәтіндердің «тұлғалануы» екенін атап өтеді. Белгілі бір тұлғалардың көзқарасы, оның пікірі мен болып жатқан оқиғаға баға беруі бірінші орынға шығып, өз алдына қызықты бола бастады. Сонымен, кез келген журналистік мәтіннің негізі болып қала беретін факт қазіргі жағдайда журналистің авторлық және

жеке ұстанымына байланысты ерекше мәнге ие болады.

Журналистің жеке тұлғасын ашудың басты жолы – көрсетілім тақырыбына баға беру. Бұл ретте кез келген журналистің бағалау қызметі аудитория (оқырман, көрермен, тыңдарман) автор айтқан бағаларға мән беріп, назар аударып, реакция жасаған жағдайда ғана мәнге ие болатынын бірден айта кеткен жөн. Аудитория реакциясынсыз мамандықтың мәні жоғалады, сондықтан ақпарат тасымалдаушының тұлғасы қазіргі уақытта қызығушылық тудырады және арнайы зерттеу нысаны болуға лайық деп табылады.

Әлеуметтік психология бойынша дәстүрлі түрде тұлға ұғымы «адам, қарым-қатынас пен саналы әрекеттің субъектісі» дегенді білдіреді. Тұлғааралық қарым-қатынас пен саналы журналистік қызметтің субъектісі ретінде журналист бүгінде бір жағынан аудитория сеніміне ие болуға тырысуда және қоғамдағы өз пікірінің беделін жоққа шығара алмайды. Екінші жағынан, ол ақпараттың сенімділігі мен «тазалығы» үшін, оның материалының баспада пайда болуының ықтимал салдары үшін мойнына артылған жауапкершілікті үнемі есте ұстауы керек. Сонымен қатар, әрбір адам сияқты оның белгілі бір жағдайларға пікірі мен көзқарасын, оларды бағалау және жеткізу жолдарын анықтайтын өзіндік тарихы (өмірбаяны), қайталанбас дүниетанымы мен көзқарасы, дара әдет-ғұрыптары мен бейімділігі, сайып келгенде, өзіндік мінез-құлқы бар.

Журналистік тұлға психологиясы тақырыпты немесе мәселені таңдауға және дамытуға, материалды сөзбен жеткізуге әсер етеді. Бұл жерде шешуші рөлді когнитивтік әдістер мен қарым-қатынас құралдары атқарады, бірақ олар әрқашан психологиялық аспектіде болады. Пономарев Я.А. атап көрсеткендей: «Журналисттің ойлау процесі өмір мен кәсіби қызметтің үздіксіз өзгертін жағдайларын көрсетеді. Логика ойлаудың объективті мазмұнын бекітіп, шындықты табу жолдарын зерттейді, пайымдау жүйесіне үйретеді. Психология ойлау үлгілерін, оның адамның мақсат-мүдделеріне, оның сезімдері мен эмоцияларына тәуелділігін, есте сақтау, елестету, қиялдау және т.б. ерекшеліктерін зерттейді» [3].

Психология тарихында тұлғаны анық сипаттауға тырысатын көптеген әрекеттер жасалды. Олардың әртүрлілігіне қарамастан, кейбір ортақ белгілерін атап өтуге болады. Тұлға әрқашан дерлік айтарлықтай күрделі құрылым ретінде түсініледі, ол адамның эмоционалдық саласын, мотивацияның сипаттамаларын, психикалық әрекетті, тәжірибе саласын, қоршаған әлемді қабылдауды, мінез-құлық пен іс-әрекеттің сипаттамаларын қамтиды. Тұлғалық көріністің осы аспектілерінің үйлесімі алуан түрлі нәтижелер палитрасын береді. Дегенмен, журналистің практикалық қызметі табысты болуы үшін ол «кемел тұлға» ұғымына сай келетін қасиеттердің

жиынтығына ие болуға ұмтылуы керек.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, кемел тұлғаның мынадай айқын қасиеттері бар:

1. Шекарасы кең (яғни ол көп нәрсеге ашық, көптеген жағымды және жағымсыз қасиеттерінің бар екенін мойындайды, оларды өмірдің әртүрлі сәтінде шебер іске жаратады және сирек сынайды, балама нұсқаларды ұсынады);

2. Жылы, ашық әлеуметтік қарым-қатынасқа қабілетті (жанжалдан гөрі достасуға бейім);

3. Эмоционалды жағынан сабырлы пен өзін-өзі қабылдайды;

4. Шынайы қабылдау, тәжірибе және ұмтылыс көрсетеді (өзінің қасиеттерін адекватты түрде бағалайды және жеңіл-желпі кемшіліктерге ирониямен қарайды. Сонымен бірге жамандықпен күресуге ұмтылады);

5. Интегралды өмір философиясы бар (ол әрқашан ұстанатын белгілі бір қағидалар бар және өзгертетін көзқарастары бар) [4].

Қоғамдық ғылымдарда тұлға әлеуметтік-мәдени ортада бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынас барысында қалыптасқан адамның ерекше қасиеті ретінде қарастырылады. Бұл бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынас тұлға дамуының шынайы негіздері мен қозғаушы күші болып табылады. Бұл идея жеке адамның жеке басы туралы ғана емес, сонымен қатар белгілі бір топтардың, соның ішінде кәсіби топтардың өкілдерінің тұлғалық ерекшеліктері туралы айтуға мүмкіндік береді. Өйткені, адам үнемі белгілі бір әлеуметтік-мәдени ортада қозғалып, белгілі бір ортамен араласып, қызметтес болса, оның бойында өзі сияқты адамдарға жақындататын қасиеттер дамитыны сөзсіз.

Екі түрлі адам бірдей қасиеттер жиынтығына ие емес және ие болуы мүмкін емес, бірақ психологтар параметрлері жеткілікті ашық психологиялық сипаттамаларға ие тұлға типтерін анықтай алды.

Бүгінгі таңда қалыптасқан тұлға типологиялары әртүрлі және зерттеушілер жіктеу үшін негіз ретінде қандай типологиялық белгілерді пайдаланғанына байланысты өзгереді.

Тұлға типтерінің кез келген өкілі журналистикада өзін тауып, табысты түрде қабілеттерін жүзеге асыра алады. Бірақ, Константин Ушинский жазғандай: «Адамдардың мінез-құлқына зер салғанда, біз табиғи мінезді және адамның өзі жасаған мінезді оңай ажыратамыз» [5]. Әрбір адам өмір бойы өзін дамытуға күш салады, қасиеттерін жетілдіреді және кемшіліктердің орнын толтыруға тырысады.

Осы типологиялардың ішінен кәсіби журналистік қабілеттерді жүзеге асыру тұрғысынан сәйкес келетіні психолог Гордон Олпорттың ең терең деңгейлерде көрінетін басым құндылық бағдарларына байланысты

тұлғаларды жіктеуі. Бұл типологияға сәйкес тұлғалардың келесідей түрлері бар:

1. Теориялық. Тұлға шындықты ашуға мүдделі. Ол өмірлік жағдайларды бағалауға ұтымды, сыни және эмпирикалық тұрғыдан қарайды, интеллектуалды және ғылыми саладағы қызметті таңдайды. Журналистикада, әдетте, аналитика мен сында қабілеттерін тиімді жүзеге асырады;

2. Экономикалық. Тұлға пайда мен тиімділікті бағалайды. Бұл типтегі тұлға практикалық, тиімді, ең аз шығынмен бірақ ең көп пайдамен жұмыс істейді және нақты пайда әкелетін білім ғана жинақтайды. Журналистикада ол қабілеттерін медиа саласының техникасы мен технологиясына қатысты қызметте, сондай-ақ менеджмент жүйесінде жақсы жүзеге асырады;

3. Эстетикалық. Адам форма мен үйлесімділікті бағалайды, процесті де, нәтижені де тартымдылық, орындылық тұрғысынан қабылдайды. Бұл шығармашыл және шебер тұлға. Жақсы режиссер, дизайнер, сценарист. Өз материалдарында қабілеттерін сәтті жүзеге асырады;

4. Әлеуметтік. Бұл тұлға адамдардың сүйіспеншілігін алуға, жылы қарым-қатынас орнатуға бағыт алған, альтруист және эмпатияны айқын көрсетеді. Бұл тұлға жақсы әңгімеші, жүргізуші бола алады;

5. Саяси. Тұлға күшті мақсат етеді. Кез келген салада көшбасшы, ықпалды, атақты жақсы көреді. Журналистикада ол жиі даулы қоғамдық-саяси бағдарламалардың жүргізушісі және сыни пікірлердің авторы. Журналистік зерттеу саласында да нәтижелі жұмыс істейді;

6. Діни. Адам дүниені тұтастай түсінуге және шындықты терең түсінуге мүдделі. Оның орны – көркем журналистика және деректі фильм [6].

Журналистикада ұсынылған тұлғалардың басқа да типологиялары бар. Журналистің жеке тұлға және кәсіби тұлға ретіндегі барлық психологиялық ерекшеліктерін айқындайтын негізгі басым фактор – барлық БАҚ қызметкерлері қызметінің әлеуметтік, қоғамдық сипаты. Оның үстіне, саясаткерлерден, заңгерлерден, мұғалімдерден айырмашылығы, журналистің қоғамдық қызметі ерекше бейнелі және публицистикалық формада жүзеге асырылады, бұл өз кезегінде ақынның, жазушының немесе режиссердің шығармашылығына ұқсамайды. Өйткені ол жоғары тиімділігімен, әлеуметтік бағыттылығымен және өзіне, мамандығына деген нақты көзқарасымен, сондай-ақ аудиториямен қарым-қатынасымен сипатталады.

Журналистердің өзі көбінесе қарым-қатынасқа түсетін адамдарды топтастырады, бұл санаттаудың қарым-қатынасты жеңілдететін әсерлерінің бірі. Оның үстіне, зерттеушілер тұлғаның дамуы мен кәсіпқойлану деңгейі

неғұрлым жоғары болса, классификация соғұрлым әртүрлі, кең және бай, ерекше жағдайларды қамтамасыз ететінін байқады. Сондықтан журналист тұлғасының параметрлері әртүрлі факторларға байланысты өзгертінін ескеруіміз керек.

Сонымен, егер репортер немесе тележүргізушінің экстраверт, сангвиник немесе холерик болуы өте қажет болса, онда публицисттің мінезі мен темпераментінің қандай екені маңызды емес. Репортер мен тележүргізушіге көру және есту, талдаушыға – логикалық, публицистке – бейнелі жады басымдылығы тән.

Баспасөз – журналистер қызметінің ерекше саласы, ол көптеген кішігірім мамандықтарды қамтиды. Газет қызметкері өте жылдам жұмыс істеуді үйренеді, негізінен заметкалар, есептер, кейде корреспонденция жазады. Ол газетте өзі айналысатын тақырыптарға сәйкес келетін белгілі бір ақпарат көздерін дамытады.

Таблоидтық баспасөзде жұмыс істеу үшін журналист әлемге қарапайым қарап, қоршаған ортаны «оқырманға қызықты немесе қызықсыз» стандарттарымен өлшеуді үйренуі керек, қоғамдық пікірді елемеуі керек.

Радиодағы жұмыс та журналист тұлғасына қойылатын өзіндік талаптарын белгілейді. Радиода жұмыс істеу тек мәтін жазу емес, мәтіннің құлақпен жақсы қабылдануын ескере отырып жазуды білдіреді, Мәтін барынша түсінікті, қарапайым және композициялы-логикалық болуы керек.

Журналист радио комментаторы, шолушысы, бағдарлама жазушысы, радио драматург немесе жай тілші ретінде қызмет атқарса да, өзінің қиялын мінсіз, көркем түрде пайдалануы керек. Сондықтан радиода жұмыс істейтін журналист үшін ерекше, дамыған қиялды ойлау принципі маңызды. Дыбыстық бейне жасау, сөйлеу элементтерін, музыканы, шуды тыңдаушыларда жарқын ассоциация тудыратындай етіп біріктіру және нақты оқиға мен адам мінезі туралы түсінікті қалыптастыру – журналист үшін міндетті қасиет. Ақпаратты қабылдаудың есту арнасы (аудиал) басым адамдар радиода жұмыс істейді деген мәлімдеме теориялық тұрғыдан дұрыс болса да, өте даулы. Бірақ радиодағы журналист есту қабілеті жақсы, дикциясы, жағымды дауыс тембрі және айқын қиялды ойлау қабілеті бар, командада жұмыс істей алатын және әңгімелесушіні жеңе алатын адамдар болуы керек екені сөзсіз.

Теледидар қызметкері үшін де адамдармен араласып, топта жұмыс істей білу қажет. Әдетте, БАҚ-тың бұл түрінде жұмыс істейтін журналистердің бойында амбиция, мақсатқа талпынушылық, жігерлік, тиімділік сияқты қасиеттер бар. Теледидар қызметкері үшін бірнеше затқа бір уақытта көңіл аудару сияқты қасиет те аса маңызды: мәтінді жазу

барысында журналист бұл мәтін қойылатын видео тізбегін ескеруі қажет. Мәтін кадр сыртында болса да, кадрда болса да көрсетіліп жатқан видеоны жақсы екпіндеп, ойнатып, оны толықтырып, дұрыс дыбысталуы керек. Тікелей эфир жағдайында бұл қасиет ерекше маңызды болады.

Жоғарыда көрсетілгендей, БАҚ-тың әрбір түрі үшін әртүрлі кәсіби артықшылықтар мен қабілеттер қажет. Сонымен қатар, әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдары қызметкері болу арқылы журналист түрлі тұлғалық қасиеттері мен кәсіби артықшылықтарын жүзеге асыра алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Волошина Т. В. Психология: учебно-методический комплекс. - Новосибирск: НГПУ, 2010. - 223 с.
2. Пономарев Я.А. Психология творчества. – Москва: Наука, 1999. - 304 с.
3. Лазутина Г.В. Основы творческой деятельности журналиста: Учебник для студентов вузов. - М.: Аспект Пресс, 2004. - 240 с.
4. Ушинский К.Д. Человек как предмет воспитания. - Санкт-Петербург: Лань, 2013. - 371 с.
5. Gordon Willard Allport. The Person in Psychology. - Boston: Beacon Press, 1968. - 542 p.
6. Свитич Л.Г. Социология журналистики. - М.: Юрайт, 2017. – 397 с.

АҚПАРАТТЫ ТАРАТУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Айым Еркінбекқызы,

Тәуелсіз журналист, журналистика магистрі

Алматы, Қазақстан

Бұқаралық ақпарат құралдары адам санасына әсер ету әдістерінің кең арсеналын қолданады. Ең алдымен, ақпараттың коммуникативті-мазмұндық жағын, негізінен лингвистикалық құралдармен қол жеткізілетін адамның эмоциясына әсер ететін тәсілдер қолданылады. Бұл жұмыста біз әсер етудің ең тиімді және кең таралған әдістерін ұсынамыз.

Тұтастай алғанда, бұқаралық ақпарат құралдары қабылдауларға, көзқарастарға, эмоцияларға және мінез-құлыққа әсер ету арқылы жеке және ұжымдық сананы қалыптастыруда күшті рөл атқарады. Дегенмен, бұл әсер ету дәрежесі жеке айырмашылықтар, медиа сауаттылық және кеңірек әлеуметтік-мәдени контекст сияқты факторларға байланысты өзгеруі мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдары қабылдауды қалыптастыруға, көзқарастарға әсер етуге және эмоционалды реакцияларды тудыруға арналған әртүрлі әдістер арқылы адам санасымен ойнай алады. Мұның бір жолы - бұқаралық ақпарат құралдары оқиганың белгілі бір аспектілеріне баса назар аударатын, ал басқаларын төмендететін немесе елемейтін, осылайша аудиторияның ақпаратты қалай түсіндіретінін қалыптастыратын таңдамалы кадрлар жасау. Мысалы, қылмыс туралы жаңалықтар репортажы қылмыстың сенсациялық аспектілеріненемесе зорлық-зомбылыққа және драмаға бағытталуы мүмкін. Бұл кеңірек контексті немесе оның негізгі себептерін теңдестірілген түрде бейнелеуді қамтамасыз етпейді. Тағы бір мысал, брендтер тұтынушылардың мінез-құлқына әсер ету үшін эмоциялар мен тілектерді стратегиялық түрде басқаратын жарнамада сендіретін тіл мен бейнелерді қолдану. Мысалы, сәнді тауарлардың жарнамалары көбінесе байлыққа, табысқа және гламурға байланысты шабыттандыратын өмір салтын бейнелейді, жарнамаланатын тауарларға деген ұмтылысты тудырады және тұтынушылардың мәртебесі мен жеке басы туралы түсініктерін қалыптастырады. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары қолданыстағы нанымдарды немесе стереотиптерді нығайтатын ақпаратты іріктеп ұсыну арқылы растауға бейімділік сияқты когнитивті бейімділіктерді пайдалана алады. Осылайша партиялық көзқарастарды нығайтады және қоғамдық дискурсты поляризациялайды. Мысалы, партиялық жаңалықтар агенттіктері өздерінің идеологиялық күн тәртібіне сәйкес келетін оқиғаларды таңдамалы түрде жариялай алады. Бұл олардың

мақсатты аудиториясының сенімдерін нығайтады, сонымен бірге қарама-қарсы көзқарастарды жоққа шығарады немесе беделін түсіреді. Тұтастай алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарының әңгімелерді іріктеп құрастыру, эмоцияларды манипуляциялау және когнитивті бейімділіктерді пайдалану қабілеті оларға қабылдауды, көзқарасты және мінез-құлықты нәзік, бірақ күшті тәсілдермен қалыптастыру арқылы адам санасына айтарлықтай әсер етуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтер барлық әлем тұрғындарына қатысты болса, нақты Қазақстандағы медианың аудиториясына қандай ақпаратта үлкен әсер ететініне және себептеріне мысал келтіре кетейік:

Саяси оқиғалар: президенттік сайлауға, мемлекеттік саясатқа және дипломатиялық қатынастарға қатысты жаңалықтар қоғамдық санаға қатты әсер етеді. Мысалы басшылықтағы өзгерістер туралы жаңалықтарды Нұрсұлтан Назарбаевтың 2019 жылы отыз жылға жуық билікте болғаннан кейін отставкаға кетуі және Президент Қасым-Жомарт Тоқаев кезіндегі кейінгі оқиғаларды қазақ халқы мұқият қадағалап отырады.

Экономикалық мәселелер: экономикалық жаңалықтар, оның ішінде инфляция, жұмыссыздық, бизнестің дамуы туралы есептер Қазақстанның қоғамдық санасына айтарлықтай әсер етеді. Мысалы, әлемдік мұнай бағасының ауытқуы, Қазақстан ірі мұнай өндіруші ел болғандықтан ұлттық экономикаға және жеке адамдардың өмір сүруіне терең әсер етуі мүмкін. Шетелдік инвестициялар, сауда келісімдері және экономикалық реформалар туралы жаңалықтар да назар аударады, өйткені олар елдің өркендеуі мен дамуына тікелей әсер етеді.

Әлеуметтік-мәдени іс-шаралар: фестивальдар, мәдени көрмелер, спорттық жарыстар сияқты әлеуметтік-мәдени іс-шараларға қатысты жаңалықтар көбінесе аудитория арасында терең резонанс тудырады. Мысалы, Наурыз мейрамы қазақтың дәстүрлі жаңа жылын тойлау немесе қазақстандық спортшылардың халықаралық жарыстардағы жетістіктері сияқты іс-шараларды жариялау халық арасында ұлттық мақтаныш пен бірлік сезімін оятуы мүмкін.

Экологиялық мәселелер: Қазақстанның орасан зор табиғи ландшафттары мен экологиялық әртүрлілігін ескере отырып, ластану, ормандарды кесу және климаттың өзгеруі сияқты экологиялық мәселелер туралы жаңалықтар қоғамдық санаға қатты әсер етеді. Мысалы, Арал теңізіндегі дағдарыс және оның экологиялық салдары сияқты экологиялық апаттар туралы есептер қоршаған ортаны қорғау мен тұрақты дамудың маңыздылығы туралы хабардарлықты арттырады.

Әлеуметтік әділеттілік және адам құқықтары: Әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтарының бұзылуы, теңдік пен инклюзивтілікті ілгерілету

жөніндегі күш-жігерге қатысты жаңалықтар Қазақстанда да үлкен назар аударуда. Мысалы, азшылықтардың құқықтарын, әйелдердің құқықтарын және сөз бостандығын қорғауға бағытталған наразылықтарды жариялау елдегі жалғасып жатқан әлеуметтік мәселелер мен демократиялық реформаларға деген ұмтылыстарды көрсетеді.

Әлеуметтік психологияда белгілі мәселелер жөнінде баяндап, түсінік беріп отыратын адам мен біреудің сынау не мақұлдау пікірін қолдайтын топтар туралы ұғым бар. Кез-келген қауымдастықта басқалардың ойын құптап, сенім білдіретін адамдар болады. Ол өзін сол қоғамның мүшесі ретінде бағалайтын әрбір жанға бағыт-бағдар бере отырып, сол қоғамның топтық құндылықтарын анықтайды. Мұндай топқа бірінші кезекте БАҚ жатады.

Ақпараттың бұрмалануы (тікелей өтірік немесе тұжырымдаманың семантикалық өріске ауысуы) - бұл әдіс қоғамдық санада шындықтың белгілі бір көрінісін жасауға мүмкіндік береді. Бұрмаланған фактілер шындықтың бір бөлігі болады. Белгілі ресейлік зерттеуші С. Г. Кара-Мурза былай деп жазады: «Тікелей өтірікті қосу бұқаралық ақпарат құралдары арасында арзан, бірақ шұғыл мәселелерді шешуде тиімді әдіс ретінде қолдану масштабы артып келеді. Бұл жағдайда өрескел өтірікке артықшылық беріледі, өйткені ол диалогтың барлық мүмкіндіктерін бұзады» [1].

Ақпаратты жасыру (үнсіздік, материалды іріктеп беру) – манипулятор үшін қажет емес ақпараттың бір бөлігін көпшіліктен жасыруға мүмкіндік береді. Ақпаратты жасырудан басқа бұқаралық ақпарат құралдарында "шу демократиясы" принципі қолданылады. Бұл ақпараттық шудың ағымында қандай да бір ақпаратты жоғалтып жіберу, таралуын болдырмауға әкеледі.

Қызмет көрсету уақыты мен орнын манипуляциялау. Мәліметтерді беру тәртібі, уақыты мен орны ақпаратты игеруге тікелей әсерін тигізеді. Адресаттарды белгілі бір критерий бойынша іріктелген мәліметтермен шамадан тыс жүктеу. Бұл қабылдау адресаттың берілген ақпараттан бас тартуына бағытталған. Қ. Х. Каландаровтың сипаттауы бұл тәсілді қолдану арқылы адресатқа ақпараттың керегі жоқ немесе білу қауіпті деген иллюзия тудырады.

Адресатты оқшаулау. Экспозицияның сәттілігі көбінесе адресатты бөгде ақпараттық әсерден қаншалықты оқшаулауға болатындығына байланысты. Әдіс іске асуы үшін ақпарат тарататын балама құралдар, биліктің бақылауына көнбейтін ақпарат көздері мен пікірлер болмауы керек.

Жалған оқиға. Бұл жағдайда іс жүзінде болмаған оқиғаны ойлап табады. Д. Брайант пен С. Томпсон бұқаралық ақпарат құралдарындағы жалған оқиғаның қоғамға қалай әсер ететіндігінің мысалын келтіреді: 1874

жылы 9 қарашада Нью-Йорк Геральд газетінде оқырмандардың жаппай мазасыздығын тудырған жалған оқиға басылды. Орталық саябақ хайуанаттар бағындағы қауіпсіздіктің әлсіз шараларына алаңдаған репортер Коннери жануарлардың бостандыққа шыққандығы туралы әңгіме жазды: «Жарақат алған адамдардың саны екі жүзге жетті. Олардың алпысына жуығы ауыр жағдайда, ал олардың үшеуі таңертеңге дейін аман қалуы екіталай. Он екі жыртқыш әлі де бостандықта. Олардың жасырынған жері нақты анықталмаған», – деп жазды журналист. Соңғы абзацта бұл хабардың жалған ақпарат екені жазылған. Бірақ оқырман хабарды аяғына дейін оқымай, кейбіреуі қашып кеткен жыртқыштарды ату үшін қару-жарақпен көшеге шыққан.

Бұқаралық ақпарат құралдарының адам санасына әсерін қарастырудағы келесі маңызды сәт адресаттың эмоцияларына жүгіну.

Э. Тоффлер бұқаралық ақпарат құралдарының әсерін зерттей отырып, медиа ақпарат алушының эмоциялары мен сезімдеріне мақсатты түрде әсер еткісі келетініне назар аударады. Медиа мамандары ақпаратты жедел жылдамдықпен таратып қана қоймай, хабарламалар барынша ақпаратқа және эмоцияға толы болуын қалайды. [2, 558-б]. Мұны адамға рационалды тәсілдерден қарағанда эмоционалды тәсілдер арқылы әсер ету әлдеқайда тиімді екендігімен түсіндіруге болады. Ақпаратты қабылдауда адамның эмоциясы жылдамырақ болып табылады. Ақыл кейін қосылады.

Сенсация. Сенсациялық оқиғалар жұртшылықтың назарын толығымен аударып алатындықтан маңыздылығы мен бірегейлігі жоғары болып табылады. Сенсацияларды қолдану арқылы кез-келген фактілер мен оқиғалар туралы үнсіз қалуға немесе сенсацияға дейінгі кез-келген оқиғаға реакцияны әлсіретуге болады.

Қорқыту әдісі - бұл әдіс бойынша аудитория алдына екі таңдау қойылады. Ұсынылған хабарламаның екеуі де жағымсыз. Алайда біріншісін барынша қорқынышты етіп сипаттау арқылы екіншісі салыстырмалы түрде түкке тұрғысыз деген ой қалыптастырады. Л. С. Салемгареева мұндай техниканың жұмыс істеу принципін ашады: «үлкен зұлымдықтың барлық сұмдығы туралы нақты әңгіме нәтижесінде аз нәрсе жақсылық сияқты көрінеді».

Американдық зерттеушілер Д. Брайант және С. Томпсон медиадағы зорлық-зомбылықтың көрерменге психологиялық әсерін зерттеу аясында аудиторияда мынадай эмоциялар туындайтынына көз жеткізді: қозу, шынайы өмірде зорлық-зомбылық көрінісін қайталау, қорқыныш, әлемді өте қауіпті деп ойлау және т. б. [3].

Бұқаралық ақпарат құралдарының адам санасына әсер ету әдістерінің көпшілігі лингвистикалық құралдарды қолданумен байланысты.

Ұсақтаудан тұратын фрагментация әдісі. Ақпаратты бір-біріне қатысы жоқ жеке фрагменттерге бөлу арқылы ұсыну. Нәтижесінде аудитория оқиғалардың дұрыс, толыққанды бейнесін қалыптастыра алмайды.

Жеңілдету – хабарламадағы негізгі ойды қысқа да нұсқа, жеңіл әрі әсерлі түрде жеткізу. Бұл форма талқылаудың барлық түрлерін жоққа шығарады. Аудиторияны сипатталған фактіні дұрыс деп қабылдауға мәжбүр етеді.

Қайталау - мәлімдемелерге қосымша салмақ береді, ақпарат таратушы аудиторияны өзі қалаған детальға назар аударуға мәжбүр етеді. Дәл осы қайталау әдісі жарнамаларда көп қолданылады.

Кейінгі кезде БАҚ-та терминологиялық лексиканы қолдану процесі таралып барады. Оның өз түсіндірмесі бар. Филолог М.Н. Володина терминдердің прагматикалық қасиеттеріне назар аударады: мәтінде терминді қолдану ақпараттық хабарламаның беделін арттырады. Өз кезегінде бұл әдіс аудиторияға сипатталған болмысқа оң немесе теріс реакция тудыруы мүмкін. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерінде кең таралған терминологияның метафоралық қолданылуы ерекше рөл атқарады: бұл жағдайда «белгілі бір жағдайдан шығуға мүмкіндік беретін кескіннің панорамасы жасалады».

Терминология мен коннотативтік мағыналарды қолдану эвфемизмдер мен дисфемизмдерді енгізумен тікелей байланысты. Осы арқылы медиада дөрекі, мәдениетсіз сөздерді қолданудың алдын алуға не болмаса кересінше мақсатты түрде қосуға мүмкіндік туады. Мысал ретінде Вьетнамдағы соғыс кезінде америкалық басылымдар негативті сөздердің орнына балама атаулар ұсынған. «Бомбалау» – «тікелей әуе қолдауы», «екінші реттік залал» – «авиациялық бомбалармен объектілерді қасақана қирату», «соғыс қимылдары» - «тыныштандыру бағдарламасы». Мәселен, егер зымыранды тұрғын үй массивіне тастау жауапкершілігі әскери күштерден алынып тасталса, онда баспасөзде хабарламаның келесі нұсқасы болуы мүмкін: «Техникалық ақауға байланысты зымыран бағыттан шығып, мақсатқа жетпеді». Керісінше, егер біреудің осы оқиғаға қатысуын атап өту қажет болса, хабарлама мәтіні мүлдем басқаша болады: «Зымыран бөлімінің қолбасшысы тұрғын үйге оқ атуға бұйрық берді. Бұйрықты әскерилер дереу орындады». Тиісінше, аудиторияның бір оқиғаға реакциясы әртүрлі болады.

БАҚ көмегімен адамның санасында көзқарастарды қалыптастырудың және өзгертудің екі негізгі әдісі бар – сенім тудыру және иландыру.

Сенім тудыру - адам санасына дәлелді әсер ету әдісі. Сендіру мақсатында БАҚ қоғамға қандай мәлімет тарату керектігін іріктеуден өткізеді. Сендіру әсері аудиторияның назарын қарсы дәлелдерді ұсыну мүмкіндігінен айыру мақсатында беріледі және ақпараттың мазмұнынан

алшақтатады. Мысалы, теледидар арқылы даулы ақпаратты хабарлау кезінде оның мазмұнына қатысы жоқ және аудиторияның назарын төмендететін сюжетті көрсетеді.

Аргументтер арқылы сендірумен салыстырғанда адамдарға эмоционалды әсер ету тиімдірек. Иландыру әдісі арқылы аудитория ауызша немесе бейнелі түрде кез-келген ақпаратты критикалық ойлаусыз қабылдайды. Нәтижесінде адам санасында эмоция әсерінен шындыққа сәйкес келмейтін немесе бұрмаланған көрініс пайда болады. Осы орайда иландыруды жұртшылықты өздеріне ұсынылатын ақпаратты қабылдауға итермелейтін негізгі әдіс ретінде айту орынды. Айта кетер бір жайт: иландырудың өзі оқырман әр түрлі көзқарастарды бір-бірімен салыстыруға, зерттеуше қабілетті болғанда ғана мүмкіндікке ие. Сонда ғана иландыруды адамдардың ақпаратты қабылдауға не теріске шығаруға әсері тұрғысынан қарастыруға болады. Өйткені иландыру әр уақытта коммуникатордың ғана емес, аудиторияның белсенділігін қажет етеді. Жалпы кез-келген хабарламадағы дәлелдердің жан-жақтылығы оны сенімдірек ете түседі. Мұны осы арқылы жұртшылықтың өз пайымдауын қарастыруға, сондай-ақ сол бағытта молырақ материал жинақтай алуымен түсіндіруге болады. Барынша білімді аудитория ақпараттың санымен қатар сапасына да көңіл бөледі. Дегенмен, талғамы төмен оқырманның дәлелдемелер саны көп болған сайын, оның сапасы да арта түседі деп ойлайтынын жасыруға болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кара-Мурза С.Г. Символическое наследие СССР и зачем оно нам. - М: Наука, 2015.
2. Тоффлер Э. Шок будущего: Пер. с англ. – М.: ООО «Издательство АСТ», 2002. – 558 с.
3. Брайант Д., Томпсон С. Основы воздействия СМИ: Пер. с англ. – М.: Издательский дом «Вильяме», 2004. – 432 с.

МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ: ФЕЙК ЖАҢАЛЫҚТЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІККЕ ҚАУІПТІЛІГІ

Жұлдыз Өтегенқызы Хасанова

«Тұран» университетінің 1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

Қоғам үшін ақпараттың маңыздылығы ерекше. Ақпаратқа сұраныс еселене түсуде. Аудитория күнделікті гаджеттері арқылы бірнеше рет ақпаратты қарап, саралап отыратын жағдайға жетті. Тіпті өздері де жаңалықтың авторына айналды. Ғалымдардың пікірінше, интернеттің дамуы ақпаратты өңдеу және оның таралуын үрдісін жеңілдетіп қоймай, оны қабылдау мүмкіндіктерін де кеңейтті. Ал ақпарат – медиаөнім ретінде абстрактілі ұғымға айналды. Өйткені оны әртүрлі мақсатқа қолдану жағдайы басым болып кетті [1, 78-б]. Сол себепті де медиакеңістікте жалған, ойдан құрастырылған және фейк ақпараттар қаптап кетті. Мұндай ақпараттар аудитория санасына кері әсерін тигізіп, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, қоғамда қабылданған заңдар мен ережелердің, адами құндылықтар мен дәстүрлердің бұзылуына әкеп отыр.

Медиамамандар фейк жаңалық таратудың негізгі үш мақсаты бар екендігін айтады. Олар:

1. аудитория назарын аудару;
2. ресурсты монетизациялау (пайда табу);

3. бір адамның немесе ұйымның, құрылымның жағымды және жағымсыз бейнесін жасау [2, 88-б]. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін медиа әртүрлі пішінді қолданып жүр: материалдың тақырыбын асыра сілтеп беру, тақырып пен негізгі мәтін арасындағы байланыстың болмауы, деректердің сәйкессіздігі, мақсатына қарай жағымды немесе жағымсыз деректерді ұлғайтып беру, қолдан жасалған суреттер және жалған да емес, бірақ толық шындыққа жатпайтын ақпараттар [3, 28-б].

Фейк жаңалықтардың қалыптасуы мен таралу механизмдері көптеген технологиялар, психологиялық тәсілдер мен әлеуметтік-мәдени факторларды қамтиды. Олар:

1. Визуалды және мәтіндік фейктердің контентін жасау: Бұл жалған жаңалықтар жазу, манипуляцияланған суреттер мен бейнемазмұн жасау, сондай-ақ дәйексөздер мен құжаттарды бұрмалау сияқты әрекеттер.

2. Әлеуметтік медиа және интернет-платформаларды пайдалану: Фейк жаңалықтар Facebook, Twitter, Instagram сияқты танымал әлеуметтік медиа арқылы, сондай-ақ блогтар, форумдар мен басқа онлайн ресурстар арқылы кеңінен таралады.

3. Тарату алгоритмдері: Әлеуметтік медиа платформалары пайдаланушылардың жаңалық ленталарында қандай контенттердің көрсетілетінін анықтайтын алгоритмдерді пайдаланады. Фейк жаңалықтар осы алгоритмдер арқылы тез таралады.

4. Балама жаңалық көздерінің экожүйесі: Кейбір веб-сайттар мен блогтар фейк жаңалықтар немесе дезинформация жариялауға маманданған, осылайша оларды таратуға және нығайтуға ықпал ететін экожүйені қалыптастырады.

5. Жеке ақпарат филтрлері: Адамның жеке қалаулары мен сенімдері оның қандай жаңалықтарға сенетінін анықтайды, бұл оны фейк жаңалықтардың әсеріне көбірек бейімдейді.

Зерттеушілердің пайымдауынша, фейк жаңалықтардың қоғамдық пікірге әсері де ерекше. Аудитория үшін фейк жаңалықтарды қабылдау және таратудың бірнеше психологиялық аспектілері бар:

- Сенім мен алдын ала қалыптасқан пікірлерді растау: Адамдар көбіне өздерінің алдын ала сенімдері немесе стереотиптеріне сәйкес келетін ақпаратқа сенуге бейім. Фейк жаңалықтар адамдардың бұрыннан қалыптасқан пікірлеріне сәйкес берілген жағдайда кеңірек қолдау табуы мүмкін.

- Әлеуметтік қолдау және қоғамдық топтардың әсері: Фейк жаңалықтардың таралуында әлеуметтік динамика маңызды рөл атқарады. Адамдар өз достары, әріптестері немесе белгілі бір әлеуметтік топтың мүшелері тарапынан таратылған ақпаратқа сенгіш келеді.

- Эмоционалды реакция және есте сақталуы: Фейк жаңалықтар көбінесе адамдарда күшті эмоциялық реакциялар тудырып, оларды есте сақтауға ықпал етеді, бұл олардың таралу ықтималдығын арттырады [4, 112-6].

Медиасарапшы Еркін Үдербай аудиторияның басым бөлігі дәстүрлі медиадағы ақпаратқа емес, керісінше әлеуметтік желі коммуникациясында тараған жарияланымдарға сенеді деген пікірде. Ең қауіптісі, балама ақпарат тарағанын мәлімдеп, дұрысын жеткізген ресми органдардың жариялаған ақпаратын қабылдамаулары [5].

Осы ретте қазақ қоғамында ерекше талқылауға түскен бірнеше фейк ақпаратты мысалға алайық.

1. Майкл Джексон тірі деген видеолар әлеуметтік желі арқылы таралды. Ол әсіресе жастар аудиториясын қамтитын Тик-ток желісін қатты шулатты. Ақпараттың жалғандығы дәлелденді, суреттегі бейне Дэйв Дэйв (Дэвид Ротенберг) – америкалық концептуалды суретші. Кезінде оған М. Джексон көмек берген (Factcheck.kz , 26.10.2024).

2. «Ресей Қазақстан шекарасына әскер жіберіп жатыр, соғыс бола ма?»

деген жазуы бар видео әлеуметтік желі арқылы тарады. Бейнежарияланымда әскери техника тиелген поездың видеосы бейнеленген. Материал 4 млн-нан аса қаралым жинаған. Бұл да қоғамда түрлі пікір туғызып, аудиторияның эмоциялық реакциясын тудырды. Мамандар видеоның Youtube-ке (архив) 2 жыл бұрын 19 қаңтарда жүктелген, ол Ресейдің Иркутск теміржол вокзалы аймағынан түсірілгендігін дәлелдеп, ақпараттың жалғандығын айқындады (Factcheck.kz, 30. 03. 2024) [6].

3. Көліктің кез келген түріне жүргізуші куәлігін сату туралы хабарландыру да елді елең еткізді. Емтихан тапсырудың қажеті жоқ, ал рәсімдеу процесіне 2-3 күн кетеді. Жарнама авторларының мұның бәрі заңға сәйкес жасалады деген айтады. Stopfake.kz сарапшылары бұл ақпаратты дерек тексеріп, бірден ПМ -мен байланысып, алаяқтардың ісі екендігін дәлелдеді. Деректерге сүйенсек, хабарландыруға сеніп қалған адам қатары да жетерлік (Stopfake.kz, 12. 09. 2024).

4. Ультрадыбыстық зерттеу денсаулыққа зиян келтіреді деген ақпарат инстаграм желісінде қызу талқыға түсті. Бұл да сарапшылар назарынан тыс қалмады. ДНҚ-ны бұзады және ультратолқындар арқылы кез келген ауруды жүздеген адамға жұқтыруға болады деген гипотезаларды мамандар пікірмен талдап, жарияланымның фейк екендігі анықталды (Stopfake.kz, 18.11.2024) [7]. Ғалым Н. Авдоница фейк жаңалықтарды қоғамдық пікір қалыптастыруда қолданудың салдарының қауіпті екендігін айтады. Оның айтуынша, фейк жаңалықтардың таралуы дәстүрлі ақпарат құралдары мен ресми ақпарат көздеріне деген сенімділікті азайтады. Бұл демократиялық процестерді және қоғамдық сенімді бұзады.

Екінші, белгілі бір саяси немесе идеологиялық ұстанымды қолдайтын фейк жаңалықтар қоғамдағы бөліністерге әкеліп, түрлі топ пен халық арасындағы қақтығыстарды күшейтуі мүмкін.

Үшіншіден, фейктер қоғамдық пікірді саяси мақсаттарда қолданылса, бұл сайлау науқандарында және бұрмаланған немесе жалған ақпаратқа негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етуі ықтимал [8, 243-б].

Сарапшылар пікірінше, фейк жаңалықтардың таралуына қарсы тұру – бұл мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, медиа мен технологиялық компаниялардың бірлескен күш-жігерін талап ететін күрделі мәселе. Тек бірлескен әрекеттер арқылы ғана фейк жаңалықтардың қоғамдық пікір мен демократиялық процестерге әсерін тиімді түрде тежеуге және азайтуға болады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, фейк жаңалықтар ақпараттық кеңістік үшін елеулі қауіп тудырады. Ал егер оны саяси мақсаттарда қолданатын болса мұның қауіпі еселене түспек.

Медиа маман Е. Үдербайдың сөзіне жүгінсек, қазір жалған ақпараттың таралуы өте жоғары, оларды тиісті жауапкершілікке тартудың өзі мүмкін

болмай жатыр. «Мемлекет медиасауаттылықты бір ізге қоюға тырысқанымен, қоғамда дүмпу туғызатын жалған ақпарат таратушылар ырыққа көнетін емес. Осылайша қазір қоғамда шындық пен жалған ақпараттың күресі жүріп жатыр» [5], - дейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Асылбек. Фейк ақпараттың қоғамдық пікір қалыптастырудағы рөлі. Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы. №3 (3) 2022. – Б. 78-80.
2. Муратова Н., Тошпулатова Н., Алимова Г. Fake news: дезинформация в медиа. Учебное пособие. – Ташкент: «Innovatsion rivojlanish nashriyot-matbaa uyi», 2020.
3. Медиасауаттылық. Оқу құралы. REX Еуропа ұйымының Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан елдеріндегі жобалары шеңберінде дайындалған. Қазақ тіліне аударған: Сәния Әбдіғапар. – Б. 28-31.
4. Распопова С.С. Фейковые новости: Информационная мистификация : учебное пособие. – Москва: Аспект Пресс, 2018. – С.112 - 113.
5. Серікхан А. Шындық пен жалғанның күресі: Қоғамда медиасауаттылық қашан қалыптасады? <https://stan.kz/shindik-pen-zhalgannin-kuresi-kogamda-akparattik-zhane-392316/>. Жарияланған күні: 03.12.2023.
6. Factcheck.kz сайты. <https://factcheck.kz>.
7. Stopfake.kz сайты. <https://stopfake.kz>.
8. Авдоница Н. С. Журналистика и политика: взаимодействие и взаимовлияние: материалы II Всероссийской научной конференции (Архангельск, 09 апреля 2020 г.): материалы конференции / составитель Архангельск: САФУ, 2020. – С. 243.

YOUTUBE ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІСІНІҢ МЕДИА НАРЫҚҚА ЕНУІ ЖӘНЕ БЕЙНЕ КОНТЕНТТІ МОНЕТИЗАЦИЯЛАУ ТӘСІЛДЕРІ

Аяулым Рысбекқызы Жұмабек,
«Тұран» университетінің 1 курс магистранты
Алматы, Қазақстан

YouTube әлеуметтік желісінің пайда болуы теледидар және ойын-сауық индустриясы сияқты дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына әсері орасан зор болды. YouTube бүкіл әлем бойынша адамдардың медианы тұтыну тәсілінде төңкеріс жасап, оны негізінен пассивті әрекеттен интерактивті әрекетке айналдырды. Бұл мазмұнды жасау, тарату, тұтыну және монетизациялау тәсілін өзгертті. Демек бүкіл әлемдегі медиа ұйымдардың жаңа желінің трендтеріне сай өзгеруі мен дамуын талап етті.

2005 жылы нарықта пайда болғаннан бастап 2020 жылға дейін YouTube бүкіл әлем бойынша 2 миллиардтан астам пайдаланушы жинады. Бұл оны бүгінгі таңда қолжетімді ең танымал платформалардың біріне айналдырды. Бұрындары бейне контентті үлкен аудиторияға тарату үшін тек теледидар пайдаланса, жаңа желінің келуімен қолданушылар смартфондар мен планшеттер арқылы да кез келген бейнені қарай алатын мүмкіндікке ие болды. Сонымен қатар тікелей эфир, бейне ойындар ойнау мүмкіндігі мен динамикалық жарнамаларды енгізу сияқты әртүрлі мүмкіндіктердің арқасында маркетингтік мамандар өздерінің нақандарын жасына немесе жынысына байланысты пайдаланушы сегменттеріне бағыттай отыра, дәлдікпен анықтай алады. Дәстүрлі теледидар желілерінде мұндай жарнамалық мүмкіндіктер болмаған.

YouTube дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына, соның ішінде теледидар мен ойын-сауық индустриясына қатты әсер етті. Оның негізгі бейне бөлісу платформасына айналуы бұқаралық ақпарат құралдарын тұтынудың дәстүрлі үлгілерін бұзып, ойын-сауық индустриясы үшін жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтар туғызды. YouTube-тің дәстүрлі медиаға тигізетін негізгі әсерлерінің кейбіріне тоқталып өтсек:

- Аудиторияның ауысуы. YouTube жастар арасында онлайн мазмұнды тұтынуға сұранысы жоғары үлкен аудиторияны жинады. Сәйкесінше бұл құбылыс теледидар рейтингі мен жарнамалық кірістерге әсер етті.

- Мазмұн құруды демократияландыру. YouTube платформасының ашықтығы камерасы мен интернетке қолжетімділігі бар кез келген адамға контент жасау мүмкіндігін береді. Демек тек медиа құралдары ғана емес, жеке тұлғалар мен компаниялар да өз аудиториясын жинауға мүмкіндігі бар.

- Инфлюенсерлердің пайда болуы. YouTube инфлюенсерлер деп

аталатын контент жасаушылардың жаңа буынын тудырды. Бұл адамдар платформада көптеген жазылушылар жинап, сұлулық пен сәннен бастап ойын мен өмір салтына дейінгі әртүрлі салаларда ықпалды тұлғаларға айналды. Қазіргі уақытта брендтер өнімді жарнамалау үшін осы әсер етушілермен жиі байланысқа түседі.

- Медиа контентін тұтыну әдеттері. YouTube-тің танымалдығы адамдардың медианы тұтынуына әсер етті. YouTube shorts-тары сияқты қысқа пішінді мазмұнның таралуымен аудиторияның клиптік ойлау жүйесіне бейімділігі арта түсті.

- Ынтымақтастық және кросс-промоушн. YouTube дәстүрлі БАҚ пен YouTube контент жасаушылары арасындағы ынтымақтастық пен кросс-жарнаманы жеңілдетті. Телешоулар, фильмдер және музыкалық бағдарламалар жас аудиторияның назарын аудару үшін танымал YouTube-лермен жиі серіктес болады.

- Instant Global Reach. YouTube мазмұнын таратуда аймақ бойынша шектеу жоқ. Бұл контент жасаушылар мен дәстүрлі медиа-компанияларға халықаралық деңгейде танылуға және олардың дәстүрлі географиялық шекаралардан тыс қолжетімділігін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда Қазақстандық медиа тарататын барлық контентті YouTube арналарына да жүктеп, белсенді түрде жүргізеді. Статистикаға сәйкес дәстүрлі БАҚ-тың ішінде телеарналар YouTube-те мазмұн жариялау жағынан алдыңғы қатарларда. Сонымен қатар жаңа медиа құралдары боп саналатын электронды БАҚ өкілдері де YouTube платформасын өз пайдасына жаратып отыр. 2024 жылғы медиа құралдарының арасында YouTube-те жазылушылар мен қаралым саны жағынан көш бастап тұрған медиалар тізіміне тоқталып өтсек:

№	Медиа атауы	Жазылушылар саны	Қаралым саны
1	Хабар арнасы	3 910 000	2 153 011 924
2	7 арна	3 590 000	2 227 250 253
3	Қазақстан Ұлттық арнасы	3 380 000	1 389 764 229
4	Гәкку	3 300 000	2 314 580 707
5	Балапан арнасы	2 260 000	978 885 448
6	КТК	2 220 000	765 292 702
7	Информбюро	2 070 000	1 045 513 764
8	24 кз	2 030 000	1 175 595 907
9	Азаттық	1 830 000	899 188 460
10	Астана.тв	1 710 000	698 741 344
11	Тәлім.тв	1 530 000	272 985 900

12	НТК	1 520 000	1 495 122 938
13	Тенгри тв	1 220 000	614 143 943

Кесте-1: LiveDune сараптамалық сайтының статистикасына сәйкес 2024 жылы медиа құралдарының YouTube-тегі жазылушыларының саны

Wunder Digital аналитикалық порталының зерттеуіне сәйкес 2024 жылы Қазақстанда 14,1 млн адам әлеуметтік желіге тіркелген. Олардың 68 пайызы желіге күніне бірнеше рет кіреді. Қолданушылардың гендерлік үлесінде айтарлықтай айырмашылық жоқ: әйелдер 51,1% және ерлер 48,9%. Қазақстан халқының 54% - ы YouTube-ке үнемі кіріп отырады. Бұл сервисті танымалдығы бойынша 70 пайызды құрайтын kasper.kz-тен кейін екінші орында етіп тұр.

YouTube платформасын қолдануға байланысты кәсіби кеңестер мен ресми көмек көрсететін ұйымдар болады. Genesis - Youtube-тің Орталық Азиядағы арналарын дамытуға көмектесумен айналысатын жалғыз ресми серіктесі. Genesis Қазақстан негізін салушы Заңғар Бозтаев ұйымның жұмысы туралы толығырақ баяндады: «Біздің негізгі ұсынысымыз - арналардың бейнелерінің сапасын жақсарту мен жазылушылар санын өсіруге көмектесу. Клиенттеріміздің қатарында негізінен «Хабар», «Жетінші арна», «Qazaqstan» және «КТК» телеарналары сияқты дәстүрлі медиа-компаниялар, сондай-ақ Forbes сияқты басылымдар бар.»

YouTube-тің ресми серіктесі ретінде Genesis бірегей техникалық мүмкіндіктерге ие. Біріншіден, телеарналар үшін маңызды боп саналатын авторлық құқықтың сақталуы мәселесіне аса назар аударады. Екіншіден, туындаған мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік беретін Лондон кеңсесінің тікелей қолдауы бар. Үшіншіден, мазмұнды бір арнада бірнеше тілде орналастыруға мүмкіндік беретін көп трек мүмкіндігін ұсынады. Қазіргі уақытта AI дәуірінде контент өндірушілер chatgpt және Mid Journey сияқты нейрондық желілерді белсенді қолданады.

Қазақстан нарығында шамамен 12-13 миллион қолданушы бар. Қазіргі таңда контент өндірушілер үшін тиімді стратегия - аптасына бір ұзақ бейнені жариялау және оны shorts мазмұнын жасау үшін қосымша пайдалану.

YouTube-те үш негізгі тренд ерекшеленеді. Пайдаланушылардың шамамен 90% - ы әлемдегі ең танымал арна болып саналатын Mr Beast сияқты сериалдар, фильмдер мен шоуларды қоса алғанда ойын-сауық мазмұнын тұтынады. Сондай-ақ балалар контентіне деген қызығушылық артып келеді. Технология және IT саласында подкасттардың өсуі байқалады және YouTube оларды орналастырудың жетекші платформаларының біріне айналады.

YouTube пайдаланушыларына ортақ негізгі қателік – контенттің қысқа мерзімде жақсы көрсеткішке жетуін күту. YouTube алгоритмі Instagram, TikTok сияқты желілерге қарағанда ерекшеленеді. Алайда мақсатты аудиторияны тарту жағынан дәлдікке ие.

Ірі медиакомпаниялар платформаның артықшылықтарын пайда болғаннан кейінгі алғашқы айларда-ақ байқады. Оларға аудиторияны кеңейту, кері байланысты көру мүмкіндігі және жұмысты жақсарту үшін аналитикалық деректерді талдауды жатқызуға болады. Сол себепті БАҚ құралдары өз медиа контентін насихаттау үшін YouTube-та ресми арналар аша бастады. Алғашқылардың бірі болып 2005 жылы CNN мен BBC арналарының ресми парағы пайда болды.

БАҚ құралдарының ішінде YouTube-ті қолдану ең тиімді болып табылатыны – телевизия саласы. Көрермен бағдарламаны, жаңалықтарды кез келген уақытта көре алады. Бір ақпараттық контент теледидар эфирінде де, YouTube арнасында да пайдаланылады. Демек екінші ресурс үшін контентке қайта қаржы салудың қажеттілігі жоқ. Аудиторияны кеңейтуден бөлек қосымша табыс көзі бола алады.

Алайда бұл тиімділіктің кері әсері де бар. YouTube арналары телевизиялық контентті қолданады. Бұл телебағдарлама, деректі фильм болуы мүмкін. Көп жағдайда блогерлердің белгілі бір роликті түсіруіне теледидардағы жаңалықтар немесе бағдарламада көрсетілген ақпарат себеп болады. Бұл үрдістерді бақылай отыра YouTube пен телевизия саласы бірігіп, ортақ ақпараттық ойын-сауықтық медиа алаңға айналып бара жатқанын байқауға болады.

Телевизияның ең негізгі табыс көзі – жарнама. Жарнама берушілерді аудитория санының кең ауқымы қызықтырады. Алайда теледидар арқылы тауар немесе қызметті жарнамалаудың бюджеті жоғары. Мұндай мүмкіндікті ірі корпорациялар ғана қолдана алады.

YouTube-тегі жарнаманың тиімділігі – таргеттің болуы. Жарнама берушілер мақсатты аудиторияны анықтап, белгілі бір арналармен келісім шарт жасайды. Сәйкесінше бейненің ұзақтығы мен көзделген қаралым саны туралы келісімге келуге болады. Жарнамадағы соңғы тенденциялардың бірі – телевизиялық аудитория мен YouTube қолданушыларын қамту. Әр дереккөз үшін әртүрлі жарнамалық роликтер ойлап табады. Мұндай әрекет нақты мақсатты аудиторияны табуға мүмкіндік береді.

YouTube пен телевизия арасындағы қақтығысты осыдан 70 жыл бұрын болған телеарналар мен театр мәселесімен салыстыруға болады. Телевизиялық арналардың ашылуының бастапқы кезеңінде қоғам арасында енді театрға барудың қажеттілігі болмайды деген ойлар тараған. Алайда қазіргі таңда байқағанымыздай телевизия да, театр да өз қызметтерін

атқаруда. Дәл сондай жағдай YouTube пен телевизия арасында болып жатыр. Медиа компаниялар жұмыс істеу тәсілдерін қайта қарауда. YouTube-те контент өндірушілерді түрлі телебағдарламалардан жиі байқауға болады. Демек екі ақпарат арнасы бір-біріне бәсекелестіктен гөрі бірлесе жұмыс істеп жатыр деген ұйғарымға келуге болады.

Контент өндірушілердің YouTube-те ақша табуының негізгі жолы - YouTube серіктестік бағдарламасы (YPP). Серіктестікке жарамды болу үшін арналар белгілі бір критерийлерге, соның ішінде жазылушылардың ең аз санына және көру сағаттарына сәйкес келуі керек. YouTube серіктестік бағдарламасы 1000 жазылушыны және 4000 сағаттық арнаны қарауды қажет етеді. Бағдарламаға кіргеннен кейін авторлар өз бейнелерінде көрсетілген жарнамалардан ақша таба алады. Алынған сома көру саны, жарнама түрі және көрермендердің жарнамамен өзара әрекеттесуі сияқты факторларға байланысты. Мысалы бейнені көрудің орташа уақыты 10 минут болса, оны 24 000 адам көруі керек. Осы көрсеткіштерге қол жеткізгеннен кейін YouTube-тен тікелей монетизацияға өтініш бере алады. Платформа арнаның ішкі саясатқа сәйкестігін талдайды. Егер сәтті өтсе, арна YouTube-тен кіріс ала алады.

Жарнамадан түсетін табыстан басқа youtube-тегі мазмұнды монетизациялаудың бірнеше жолдары бар. Солардың бірі - көрермендер эксклюзивті жеңілдіктер үшін ай сайын төлем жасайтын арналарға мүшелікке кіруі. Ол арнайы чат түрінде немесе авторлар өздерінің брендтік өнімдерін тікелей YouTube арқылы сата алатын тауарлар түрінде болуы мүмкін.

Көптеген авторлар серіктестік маркетингпен айналысады. Өнімдерді немесе қызметтерді жарнамалайды және өздерінің бірегей серіктестік сілтемесі арқылы жасалған әрбір сатылым үшін комиссия алады. Брендтердің демеушілігі тағы бір тиімді табыс көзі болып табылады. Мұнда контент өндірушілерге өз бейнелерінде өнімдерді көрсету немесе атап өту үшін ақы төленеді.

Мазмұнды монетизациялаудың көптеген жолдары бар болса да авторлар жарнама тарифтерінің ауытқуы, YouTube саясатындағы өзгерістер және монетизацияны шынайы мазмұнды жасаумен теңестіру қажеттілігі сияқты мәселелерге тап болады. Сонымен қатар барлық мазмұн монетизациялауға құқылы емес. Әсіресе оларға YouTube қауымдастығының ұсыныстарына сәйкес келмейтін жағдайда монетизациялауға тыйым салынады.

Youtube монетизация жасаушыларға өзі өндірген контенттен табыс табудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Дегенмен бұл платформаның монетизация саясатын түсінуді, өзгерістерге бейімделуді және YouTube-тегі

тұрақты және табысты мансап үшін әртүрлі кіріс көздерін зерттеуді талап етеді.

Қорыта келгенде YouTube-тің дәстүрлі медиаға әсері көп қырлы қиындықтар мен мүмкіндіктерді ұсынады. Медиа ландшафт дамып келе жатқандықтан YouTube пен дәстүрлі медиа арасындағы қарым-қатынас бір-бірімен тығыз байланысты болуы заңдылық. Медиа құралдары YouTube-те контент орналастырып, монетизациялау мүмкіндігіне ие болғысы келсе, желінің алгоритмдерімен толыққанды таныс болуы керек деген тұжырымға келуге болады.

САЛАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ КОММЕНТАТОРДЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мөлдір Мұратқызы Әубел,

Тәуелсіз журналист, журналистика магистрі,
Алматы, Қазақстан

Комментарий журналистикадағы ерекше жанр, өйткені оның басты мақсаты - кез-келген мәселе бойынша өзінің субъективті пікірін білдіру. Бұл жаңа медиада бағаланатын императивті жанр. Салалық комментатор болу үшін алдымен сол салада іргетасы болу шарт. Мәселен Сұлтанғали Қаратаев 1964 жылы алғаш рет спорт журналисі ретінде қызметін бастаған. 1965 жылдан бастап телеарналардан ұсыныстар түсіп, комментатор ретінде алғаш хоккей ойындарын жүргізген. Осы мысалға негізделетін болсақ, комментарий жасау үшін сол саланың негізін білу маңызды. Спорт комментаторы болу спорт журналистикасын меңгерсе, әлеуметтік, экономикалық, саяси комментатор болу үшін де сол бағыттағы журналистік саланы дұрыс меңгергені жөн.

Алдымен комментарий жанрының түрлерін қарастырсақ:

1. Ғылыми комментарий.
2. Түсініктеме ескерту.
3. Баспа БАҚ-тағы комментарий.
4. Сараптамалық комментарий.
5. Наразылық комментарий.
6. Интернет комментарий.
7. Телерадио комментарий [1].

Салалық бағытта бөліп қарастырсақ

1. Әлеуметтік - қоғамдық комментарий.
2. Экономикалық комментарий.
3. Саяси комментарий.
4. Спорттық комментарий [1].

Осылайша, комментарийдің үш бағыты туралы айтуға болады: ақпараттық коммуникативті мақсатпен, ақпараты бар автормен және ақпарат алуға мүдделі адрессатпен комментарий. Бұл комментарий екі формада ұсынылған: ғылыми комментарий, түсініктеме ескерту. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы комментарий тек түсініктеменің жанрлық формасын қолданып, іс жүзінде жаңалықтар жазбасы болып қала береді. Комментарий әсер етуші функцияны жүзеге асырады. Оның авторлары - журналистер, қоғам немесе саясат қайраткерлері, медиа тұлғалар. Бұл сараптамалық комментарий. Наразылық комментарий сараптамалық комментарийден

автордың позициясын сипаттау тұрғысынан оның әртүрлілігімен сипатталады. Комментарийдің бір түрі литикалық комментарий, спорттық комментарий және т.б. болуы мүмкін, олар диктумдық мазмұн түрімен ерекшеленеді.

Әлеуметтік комментарий - бұл қоғамдағы әлеуметтік, мәдени мәселелерге түсініктеме беру үшін риторикалық құралдарды қолдану, бірнеше әлеуметтік белгілермен бірлескен әлеуметтік топқа қатысты тақырыптар аясында қозғалатын эфирлерде немесе авторлық бағдарламаларда қозғалатын комментарий жанрының бір түрі. Бұл көбінесе халықтың кең тобын осы мәселе туралы хабардар ету және адамдардың әділеттілік сезіміне жүгіну арқылы өзгерістерді енгізу немесе ілгерілету мақсатында жасалады. Сондай-ақ, қоғамда болып жатқан әртүрлі әлеуметтік құбылыстарды, проблемалар мен процестерді талдау және талқылау. Онда әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары, мәдениетаралық қатынастар, теңдік, Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік саясат және адамдардың қоғамдағы өміріне әсер ететін басқа салаларға қатысты мәселелер ашылады.

Әлеуметтік түсініктеме қарым-қатынастың барлық түрлерінде қолданылуы мүмкін, баспа түрінен әңгімелер мен компьютерлік байланысқа дейін.

Әлеуметтік комментарий негізінен:

- Газеттердің редакциялық бөлімдерінде: рецензенттер ағымдағы оқиғалар туралы өз пікірлерін айтады;
- Көркем шығармаларда: көркем шығармалар көбінесе қоғам туралы не айтатындығымен анықталады.
- Фотосуретте: әлеуметтік түсініктемелері бар фотосуреттің мақсаты - этика, қоғам, өмір салтының әлеуметтік мәселелерін ашу;
- Теле мен радиода: түрлі әлеуметтік тақырыптағы жаңалықтар топтамасында, авторлық бағдарламаларда, репортаждарда және т.б.

Әлеуметтік медиадағы комменатрий жанрының желілік коммуникацияның сөйлеу жанры ретіндегі жағдайы. Басылымның жаңа түрлерін – интернет-БАҚ-ты қалыптастыру, сондай-ақ дәстүрлі медианы онлайн кеңістікте бекіту кері байланысты ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге әкелді: коммуникацияның интерактивті тәсілдерінің үстемдігі мен белсенді дамуы медиа-кеңістікті де, медиа-дискурсты да өзгертті. Егер бұрын кері байланыс, ең алдымен, бұқаралық аудитория өкілдерінің жарияланымға реакциясы ретінде қарастырылса, қазір бұл әлдеқайда күрделі және көп деңгейлі жүйе: «интерактивті байланыс қарым-қатынастың сөйлеу формасы ретінде медиа дискурсты ұйымдастырудың негізгі тәсілі болды». Байланыс субъектілері алмасатын хабарламалар да

бүгінгі күні мәтіннің әртүрлі түрлерін білдіреді, ақпараттың поликодтылығы қазіргі заманғы медиа мәтіннің ең қызықты сипаттамаларының бірі болып табылады, соның ішінде кері байланыстың ең негізгі құралы ретінде әлеуметтік комментарий жанрын қарастырылады. Журналист жасаған мәтін ғана емес, сонымен бірге қалдырылған пікірлердің әрқайсысы түсіндіріліп, бағалануы мүмкін. А.Элберс: «Арналар пайдаланушыларға мазмұнды талғамына қарай табуға көмектеседі, бұл хабарлама алушыда сайтпен тығыз жеке байланыс сезімін тудырады». Мұның бәрі кері байланыстың жаңа мүмкіндіктері, функциялары мен форматтары туралы айтуға мүмкіндік береді, ал комментарий қарым-қатынасты білдірудің әмбебап тәсілі ретінде, диалогқа (полилогқа) қатысудың ең жақсы сыналған тәсілі ретінде мұқият зерттеуге лайық. Әлеуметтік комментарий цифрлық технологиялар мен БАҚ жұмысының жаңа принциптерінің арқасында әлеуметтік-мәдени механизмге айналды. Мазмұн коммуникативті кеңістіктің сипаттамасы ретінде ақпараттық жағдай тұрғысынан да (бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылған материалда қандай ақпарат бар) және оны үнемі толықтыру, нақтылау, түсініктеме беру жағдайында осы ақпаратты қабылдау тұрғысынан анықталады.

Әлеуметтік комментарийдің негізгі сипаттамалары:

1.Әлеуметтік мәселелерді талдау - комментарий кедейлік, теңсіздік, кемсітушілік, азшылық құқықтары, еңбек жағдайлары, экология және басқалар сияқты өзекті мәселелерді қозғауы мүмкін.

2.Автордың ұстанымы мен пікірі — әлеуметтік комментарийде автордың мәселеге қатысты пікірі немесе ұстанымы жиі айтылады. Бұл қолданыстағы тәсілдерді немесе шешімдерді қолдау, сынау болуы мүмкін.

3.Позицияларды негіздеу - әлеуметтік түсініктеме, әдетте, осы немесе басқа көзқарасты қолдау немесе жоққа шығару үшін фактілерге, статистикаға, зерттеулерге немесе өмір мысалдарына негізделген.

4.Әрекетке шақыру - кейде мұндай комментарийлерде қоғамдық нормаларды өзгертуге, заңнаманы қайта қарауға, адамдардың белгілі бір топтары үшін өмір сүру жағдайларын жақсартуға немесе жаңа әлеуметтік бастамаларды қабылдауға шақырулар болады.

5.Болжамдар мен ұсыныстар - комментарий болашақта белгілі бір әлеуметтік процестердің қалай дамитыны туралы ойларды, сондай-ақ оларды жақсарту бойынша ұсыныстарды қамтуы мүмкін.

Әлеуметтік комментарий - әртүрлі формада жасалуы мүмкін — ғылыми мақалалар мен аналитикалық шолулар мен телебағдарламалардан бастап блогтар мен газет бағандарына дейін. Бұл қоғамға маңызды мәселелерді түсінуге көмектеседі, сонымен қатар қоғамдық пікірталастар

мен өмір сапасын жақсартудың шешімдерін іздеуді ынталандырады [2].

Экономикалық комментарий - бұл маңызды экономикалық оқиғаларды, саясаттағы тенденцияларды немесе өзгерістерді, сондай-ақ олардың бизнеске, мемлекеттік экономикаға және жалпы қоғамға әсерін қарастыратын өзекті экономикалық мәселелер бойынша аналитикалық мақала, шолу немесе түсініктеме. Мұндай комментарий әдетте мыналарды қамтиды:

1. Ағымдағы жағдайды талдау - болып жатқан экономикалық құбылыстардың себептері мен салдарын түсіндіру (мысалы, валюта бағамдарының өзгеруі, бағаның өсуі, нарықтардағы ауытқулар);

2. Бағалау - деректер мен фактілерге негізделген ағымдағы жағдайға қатысты сарапшының пікірі.

3. Болжамдар — экономикалық модельдерді, тәжірибелер мен трендтерді қолдана отырып, болашақта жағдайдың дамуын болжауға тырысу.

4. Ұсыныстар - өзгерістерге қалай жауап беру керектігі туралы кеңестер (мысалы, бизнес, үкімет, халық үшін).

Экономикалық түсініктемелер қарапайым азаматтардан бастап экономика, бизнес және қаржы саласындағы мамандарға дейін көптеген адамдар үшін пайдалы болуы мүмкін. Олар күрделі экономикалық процестерді және олардың күнделікті өмірге әсерін түсінуге көмектеседі. Экономикалық комментарий әлеуметтік ғылымдарға жататын социологиялық, тарихи, психологиялық зерттеулердің нәтижелерін пайдаланады. Экономикалық комментарийде математикалық және статистикалық әдістер кеңінен қолданылады.

Экономикалық комментарий әртүрлі контексте әртүрлі ұғымдарды білдіруі мүмкін:

- Жобаға немесе құжатқа экономикалық түсініктеме. Мысалы, белгілі бір ережелердің немесе баға белгілеу тәртібінің негізділігі туралы сараптамалық пікірді осылай атауға болады.

- Экономикалық ескертпелер. Бұл жалпы ұсынылған деректерді ашатын жазбалар деп аталады. Оларда белгілі бір автордың экономикалық мәселелерді түсініктеме беру арқылы толықтай ашуға жол береді.

Қазіргі және болашақтың экономикалық көрінісі. Мысалы, белгілі бір елдегі экономиканың дамуы туралы баяндамаға түсініктеме осылай аталуы мүмкін. Онда авторлар бұл процеске әсер ететін негізгі факторларды қарастырып, болжам жасай алады [3].

Саяси комментарий - бұл мемлекеттік құрылымдардың, партиялардың, көшбасшылардың немесе халықаралық ұйымдардың өзекті саяси оқиғаларын, шешімдерін, тенденциялары мен әрекеттерін талдау

және талқылау. Саяси түсініктемеде автор әдетте оқиғалардың маңыздылығын, олардың ішкі және сыртқы саясатқа, сондай-ақ азаматтардың өміріне әсерін бағалайды.

Саяси түсініктеменің негізгі ерекшеліктері:

1.Саяси оқиғаларды талдау - комментарийде сайлау, заңнамалық бастамалар, халықаралық шарттар, саяси дағдарыстар немесе қақтығыстар сияқты маңызды саяси оқиғалар қарастырылуы мүмкін. Бұл оқиғалардың елге, оның азаматтарына және халықаралық қатынастарға қалай әсер ететінін бағалау.

2.Саяси ұстаным - саяси комментарий көбінесе автордың саяси жағдай туралы пікірін білдіруді, саясаткерлердің, партиялардың, үкіметтердің әрекеттерін бағалауды қамтиды. Автор белгілі бір саяси күштерді немесе шешімдерді қолдауы немесе сынауы мүмкін.

3.Контекст және фактілер - саяси түсініктемеде өз ұстанымын негіздеу үшін фактілер, статистика, тарихи мысалдар, саясаткерлер мен сарапшылардың дәйексөздері, сондай-ақ саяси процестерді талдау қолданылады.

4.Болжамдар мен қорытындылар - саяси түсініктемелерде оқиғалардың ықтимал дамуы, саяси шешімдердің болашаққа әсері және қоғам мен жалпы ел үшін болжамды салдары туралы болжамдар жиі жасалады.

5.Ұсыныстар - автор саяси мәселелерді шешудің немесе елдегі жағдайды жақсартудың нақты жолдарын ұсына алады және әртүрлі саяси бастамалардың болашағын бағалай алады.

Саяси комментарий бағыты бойынша әр түрлі болуы мүмкін:

- Қолданыстағы билікті сынау (мысалы, сыбайлас жемқорлық, тиімсіздік немесе азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіру жағдайында);
- Белгілі бір саяси идеяны немесе партияны қолдау;
- Саяси реформалар мен демократияның болашағы туралы ойлар;
- Халықаралық шолулар, онда мемлекеттер арасындағы қатынастар, сыртқы саясат және жаһандық трендтердің әсері талданады.

Саяси комментарий азаматтар мен кәсіби саяси талдаушыларға қазіргі саяси жағдайды жақсы түсінуге, оның салдарын түсінуге және саяси процестерге белсенді қатысуға көмектеседі.

Саяси комментарийдің жанрлық ерекшеліктері оны журналистика мен талдаудың басқа жанрларынан ерекшелендіретін бірнеше негізгі элементтерді қамтиды. Оның негізгі жанрлық сипаттамалары:

Аналитикалық - саяси түсініктеме тек фактілерді көрсетумен ғана шектелмейді, ол міндетті түрде саяси оқиғаларға авторлық түсінік бере отырып, осы фактілерді “талдауды” қамтиды. Бұл саяси шешімдерді,

саясаткерлердің мәлімдемелерін, партиялар мен қозғалыстардың әрекеттерін бағалау болуы мүмкін.

Дәлелдеу - саяси түсініктемеде оқырманды автордың көзқарасының дұрыстығына сендіретін күшті дәлелдер келтіру маңызды. Бұл саяси теорияларға, Тарихи мысалдарға, статистикаға, саясаткерлер мен сарапшылардың пікірлеріне сілтемелер болуы мүмкін. Комментарий әрқашан қарапайым пайымдауларға немесе эмоцияларға емес, фактілерге негізделген болуы керек.

Бағалау - саяси түсініктеменің маңызды сипаттамасы – оның «бағалануы». Автор оқиғаларды сипаттап қана қоймай, өз ұстанымын тұжырымдайды, саяси күштердің әрекеттерін, саясаттың бағытын, шешімдердің тиімділігін бағалайды. Саяси түсініктеме жанрына байланысты бағалау оң немесе теріс болуы мүмкін, бірақ ол әрқашан дәлелмен ұсынылады [3].

Саяси комментарий - талдау, болжау, дәлелдеу және субъективті бағалау элементтерін біріктіретін жанр. Бұл салалық комментарий түрі ағымдағы оқиғаларды түсініп қана қоймай, олардың маңыздылығын және жалпы ел мен әлем үшін ықтимал салдарын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Спорттық комментарий - бұл матчты немесе жарысты сүйемелдейтін спорттық іс-шарадағы оқиғаларды тікелей сипаттау және талдау. Ол фактілерді ғана емес, сонымен қатар көрермендердің эмоционалды қатысуын, атмосфераны құруды қамтиды. Оның журналистиканың басқа жанрлық түрлерінен дараландырып тұратын өзіндік ерекшеліктерге ие. Спорттық комментарийді анықтайтын бірнеше негізгі жанрлық сипаттамалар:

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Горшкова Л. А. Жанры журналистики: учебное пособие. – Самара: Издательство Самарского университета, 2023.
2. Сердобинцева Е. Н. Информационные жанры в журналистских текстах. – Пенза: Изд-во ПГУ, 2019.
3. Шиндалиева М. Б. Публицистика жанры мен пішіндері. -Алматы: Эверо, 2015.

МАЗМҰНЫ

Разакова Д.И. Алғы сөз	3
Бузелю А.С. Кіріспе	4

САРА МЫҢЖАСАРОВА - ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ

Жақып Б.Ө., Шиндалиева М.Б.

С.Мыңжасарова публицистикасының көркемдігі	6
--	---

Қожахмет М.Д.

Есімін ұлықтау – елдігіміздің белгісі	9
---	---

Орда Г. Ж.

Сара Мыңжасарова романдары туралы	11
---	----

Серікқалиұлы З.

Айы туған оңынан	14
------------------------	----

Шиндалиева М.Б.

«Төзім шеңбері» романының көркемдігі	16
--	----

Ахметов Қ.Ә.

Сара Мыңжасарова шығармаларындағы қазақ әйелдерінің бейнесі және жазушы болмысы	20
--	----

Сариева Ж.

Сара апаның шарапаты	22
----------------------------	----

Құрманбаева А.Ә.

С.Мыңжасарова шығармаларындағы психологизм.....	25
---	----

Аманғазықызы М.

Қаламгер Сара Мыңжасарованың қоғамдық және шығармашылық қызметі	28
--	----

Мақсатқызы Д.

Соңғы сапар	33
-------------------	----

Турысбекова А.

Известная романистка	35
----------------------------	----

Құрманбаева А.Ә.

Әйел теңдігін жырлаған	38
------------------------------	----

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ МАССМЕДИАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Шыныбекова А.С., Саханқызы А.С., Ауғанова А.

Б.Майлин шығармаларындағы әйел теңсіздігі мәселесі.....	42
---	----

Тулинова В.С., Искакбаева А.А., Люткова Н.Г., Хаджиев А.Х.

Новые образовательные технологии при обучении языкам в высшем учебном заведении.....	47
---	----

Khavrinskaya M., Marunova I.

Digital story telling as one of teaching tools in foreign language class	53
--	----

Lyutkova N., Tulinova V., Khadjiyev A.	
Trends in the implemtatio of the digital educational process in the university	61
Искакбаева А.А., Тулинова В.С., Люткова Н.Г., Аджиев А.Х.	
Нарушение прагматики коммуникаций приведшие к ошибкам при переводе.....	67
Шыныбекова А.С.	
Мұхтар Әуезов шығармаларындағы ұлттық құндылықтар	77
Козбекова Л.Д., Итемирова А.С.	
Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда	83
Кульджатаев М.М.	
Жоғары оқу орындарының төтенше жағдайларды оқыту үдерісінде симуляциялық тренингтерді қолдану	86
Ноғайбаева Ж.А., Рыскелдиева Г.Д., Акимкожаева Ш.К.	
Техникалық терминдерді мамандыққа қатысты меңгертудің маңыздылығы ...	92
Рахмет К.	
Іскери журналистикадағы сұхбат жанрының орны	97
Мүсілімов Т.	
Гонзо-журналистика: жаңа стильдің ерекшеліктері мен даму үрдістері	102
Болат К.	
Әлеуметтік желілер мен блогерлердің азаматтық журналистикадағы рөлі	106
Токтарбаева А.С., Итемирова А.С., Рыскелдиева Г.Д.	
Өзге тілді аудиторияға қазақтың мақал мәтелдері, тыйымдары мен ырымдарын оқытудың тәрбиелік мәні	111
Жобалаева Д.А.	
Журналистің жеке тұлға психологиясы	116
Еркінбекқызы А.	
Ақпаратты таратудағы психологиялық әдіс-тәсілдер	122
Хасанова Ж. Медиа сауаттылық: фейк жаңалықтың ақпараттық кеңістікке қауіптілігі	128
Жұмабек А. Р.	
YouTube әлеуметтік желісінің медиа нарыққа енуі және бейне контентті монетизациялау тәсілдері	132
Аубел М.М.	
Салалық бағыттағы комментатордың жұмыс істеу әдіс-тәсілдері	138



Ғылыми басылым

**Жазушы, журналист Сара Мыңжасарованың
100 жылдығына арналған**

**БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ МАССМЕДИАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Республикалық ғылыми-тәжірибелік
дөңгелек үстел материалдары**

Басуға 05.12.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.

Офсеттік қағаз. Әріп түрі «Times New Roman».

Сандық басылым. Көлемі 18,5 б.т.

Таралымы 100 дана. Тапсырыс №1795.



*050065, Алматы қаласы, Жетісу — 3 ықшамауданы, 15-үй,
«Darkhan» баспа-полиграфиялық қызмет көрсету орталығында дайындалды
электрондық файлдан басылды.*